

84(5443)  
К. 40



Ләтифолла  
ҚАПАШЕВ

Аңсау



Ләтифолла ҚАПАШЕВ

**АҢСАУ**

(повестер, эссе, мақалалар)

*Ақпараттық жүйесі*

*Ләтифолла Қапашев*

*Ләтифолла Қапашев*

*22.03.2004*

351586 аб

Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ  
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

ЖШС "А-Полиграфия"  
Ақтөбе  
2004

ББК 84 Қаз 7-44  
Қ 40

*Редакция алқасы:*

*Ә. Төлеуішев (бас редактор), Ф. Әнес (жауапты шығарушы),  
Р. Мұрсалиева, К. Қосыбаев, Б. Қорқытов, Қ. Жылқышиев,  
Қ. Жүсіп, Б. Иманғалиев, Т. Жаңабайұлы, Т. Берішбаев,  
Р. Отарбаев.*


**ҚАПАШЕВ Л.**

**Қ 40** **Аңсау.** Повестер, эссе, мақалалар— Ақтөбе: ЖШС  
“А-Полиграфия”, 2004. - 140 б.

ISBN 9965-17-182-3

*Жазушы Ләтифолла Қапашевтің бұл кітабына сұраныл  
соғыс жылдарындағы ауыл ахуалын, адам тағдырын  
бейнелейтін, табиғаттың тылсымынан сыр тартатын  
“Аңсау”, “Сұржылан” атты көркем шығармалары, сондай-  
ақ көкейкесті мәселелерді қозғайтын мақалалары енді.*

ББК 84 Қаз 7-44



К 4702250201  
446 (05)-04

ISBN 9965-17-182-3

© Қапашев Л., 2004



*... Көшер еді-ау біздің ел,  
Еділден бергі жер дейін.  
Қонар еді-ау біздің ел,  
Арқада қоныс шөл дейін...  
Ер қабыланып жоғалтып,  
Елсізде қаңғып қалған шақ,,  
Кім айтар бізді мұнсыз деп.*

**АҢСАУ**

повесть

Махамбет

Оқиға Отан соғысынан кейінгі қысталаң кезеңде болғанмен, жүректе сақталып..., күні кешегідей көңілде сайрап тұр... Алыста қалған балалық шақтың со бір көріністері сағыныш сазындай қайталап еске орала береді...

Бұл ауылдың жайлауға көшер кезеңі елден ерекше. Дұрысында, қазақ жұрты жайлауға күн жылына бастаған кез, көктемде, малға жайлы, ел қонуға қолайлы жерді іздеп, дүние-мүлкін жылқы-түйелеріне артып, бірнеше күндік ұзақ жол сапар шегеді.

Ал бұл ауылдың тұрғындары шілдіңгір шілде айының орта шеңінде, өрдің суы арнасына қайта түсіп, жер кепкен сәтте, табындағы сиырларын ағысы қатты Еділдің бергі көп сағаларының біріне, терең өзендер арқылы аралдан-аралға өткізіп, өздері солардың соңынан шұбап, жаздық дүниелерін, уақ малдарын, қалтылдаған қайықтарға тиіп, ұзақты күн су бойымен жүзіп, шаршап-шалдығып жайлау жеріне жетеді.

Міне, бүгін ауыл сол көдуілгі қарбалас үстінде. Мөңіреген сиырлар, маңырасып-жамырасқан қозы-лақтар, арсылдасып-ырылдасқан иттер. Әйтеуір, ауыл іші у да шу, азан-қазан. Ат үстінде жүрген брігөдір, мынау үлкен арал шабындық болады, жайлауға шығындар деп, елді “көш те көштің” астына алып, ауылдың арғы-бергі шетіне әйда шабыс. “Қырық күн шілде” туып, күн ыстық, жер кеуіп барады. Шөп піскен шақ, оны тұяқты жануар таптамау керек, себебі қоғам малына қыстық азық-пішен дайындау жоспарын орындау, күнделікті кезек күттірмейтін шаруа...



— Тұршы-ай, Ақан! Осы сенің-ақ ұйқың қанбайды екен, — деп, анасы үйге бұркылдап сөйлей кірді. Сосын дауысын бөсеңсітіп: — Жуынып, мына ірімшік пен қаймақты же де, әлгі, аяғы сыңғыр қоразды ұстап әкелші! Маған ұстатқызбады, қата қалғыр! Екі тауықтың жылдағы күлге аунап жұмыртқалағаны дұрыс екен ғой. Қоғамның малына ұстаған бұқадай, елдің тауықтарына бола несіне әкелдім со қоразды сонау Көріннен.

Бұны айтқан Ақанның анасы Қанипа. Үй ішіндегі көшіруге ыңғайлаған заттардың қалған-құтқандарын жинастырып, ұстатпаған қораздың өшін осылардан алардай, алашаға буылған жүктің жібін ышқына тартып, шандып байлады.

— Мама, мен оны қазір қуып, бір заматта ұстаймын!

Анасының ренжіген көңілін сауғалады ма, әлде кеше кешкісін “ертең ерте оян, жайлауға көшеміз” деген шешесінің ескертпесін ұмытып, қыстау маңы мен төбе басындағы ақ тақырды қия алмай, қараңғы түскенше асық пен шілдікті армансыз ұзақ ойнаған, соны жуып-шәйіп ақталғысы келді ме, әйтеуір Ақанның төсектен тұрған күйі ұйқысын аша алмай, көздерін уқалап отырып айтқан сөзі. Қанипа үндеместен жаңағы жүгін аркалап үйден шығып кетті. Кеше ғана еденге термелі алашалар, оюлы текеметтер жайылған, кебеже-сандық үстіне жиналған көрпе-жастықтар шағын ғана отау үйдің сәнін айқындап тұрған-ды. Ал қазір сол мекен қаңырап бос қалыпты. Ақан бұрын мұны байқасашы. Әрине, жеті жасар баланың онымен ісі жоқ, ол сырттағы ойынды, үйге келгенде дайын тамақты біледі. Тек бір сағыныш арманы-үйде нан жоқ... Нан бұл үй түгіл, ауылда, елде жоқ... Үйдің ішкі-сыртқы жұмысын бітіріп, жалғыз баланың ауызына бар тәттісін тосатын Ақанның анасы бар. Керек деп тапса ұрсатын да сол анасы. Міне, тез арада шыға қоймаған Ақанға:

— Шықшы-ай, сен бала! — деген ана дауысы сырттан қатқыл естілді.

Ақан селк етті. Тәтті ірімшікпен қышқылтым қаймақты батырыңқырап, сосын ұрты-ұртына тыққыштап, пысылдап далаға ытып шықты. Көзіне түскені:



таң әлдеқашан атып, осы ауылдың көрі-жасы, тайлы-тайлағы қалмай өзен жағасына қарай ағылып барады.

Бірі жүктерін арқалап, бірі қолтықтарына қысып, енді біреулер ешкілерін сүйреп, бұзауларын жетекке алған. Айырылып-жыртылып мөңірескен сиырлар ежелгі мекендерін қимай қоштасқандай, арттарына қайырыла мойындарын бұрып, аяқтарын еріне басып, өзен жағасына қарай бағыт алған. Айналаны төбе мен қалың ормандар қоршап тұрғандықтан бала көзіне бөтен ештеңе түсе қоймады. Тек құлаққа едәуір көтерілген желдің дыбысы мен ертенгесін қаймақтанып тұрған су бетінің біртіндеп қарауытып, жыбырлай бастағаны, көп кешікпей толқындар көтерілетіні сезіледі. Аспан ашық. Көкжиектің етегінде ақ мамық бұлттар желкенді кемелердей қалқып жүр. Жаздың бір мамыражай күні басталып келеді.

Ақан жүгіре басып күресіндегі “Ақтөс” қаншық иттің төңірегінде сораң-сораң етіп қыт-қыттап жүрген шымқара қоразға “шепе-шепелеп” жақындап барды. Анау пәле мұны баласынды ма, онша көп ығыса қойған жоқ, бар болғаны екі-үш адымдап қозғалды да тоқтай қалды. Қып-қызыл шатынаған көздеріне қарағанда біраз қуғынға ұшыраған түрі бар. Ақан оған жақындаған сайын құшағын жая, аяқтарын талтаңдата қозғала берді. Мұны көрген ана дауысы тағы да қатқыл шықты.

— Әй, немене бір орында тыпырлай бересің! Өйткенше тырқыратып қусаншы!...

Ақан қоразға жақындады. Анау да “е, мына бала қайтеді?” дегендей, аса бір паңдықпен басын қисайтып, сжірейіп қарап қойды. Тіпті өзі де балаға бір-екі адым жақындады.

Қожырайған түрінде Ақанды шұқымақ ойы бар. Ол жуырда төрт жасар баланы талап бет-ауызын шұқылап жарақаттаған. Сол үшін Қанипа оның шешесімен ұрыссып, тіпті қораздың басын қырқып тастамақшы да болған. Жек көреді. Қанипа осы қораз түгіл оны берген абысынына да көңілі қалды. Бәсе, құтылғанша асық болып еді-ау!..



Ақанның ойы қоразды өзіне шапшыған кезде ұстап алмақ. Шымқара қораз өйтпеді. Жақындай түсіп, күжірейген мойнын соза, Ақанның кішкене құшағының астынан зып етіп өтіп кетті.

— Әй, саған оны қуып ұста деймін! — Ақанның анасы әлі разы емес.

Қораз анадай жерге барып, қайта тоқтап, балаға қарап қанаттарын желпіп-желпіп айбат жегіп, “қукарику” деп шақырды. Күнде онымен бірге жайылып жүретін екі тауық қазір аяқтары байлаулы, тор ішінде жатыр. Қораз күндегі үйірінен ажырап, немене боп қалғанын түсінбейтін тәрізді. Өзі соған қатты кектеніп алған. Мойыны сорайып, айдары жалбырап кеткен. Өжет. Ақан жақындап еді, анау қанаттарымен жер сыза кеп, оның аяқтарының арасынан тағы өтіп кетті. Ақан осы жолы да ауа қармап қалды.

— Мынау ма, мынау тіпті түлкіге де ұстатпас-ау!

Ал қораздың қорбиган денесіне икемсіздеу біткен кішкене басына басқа бір ой келді ме, ол енді тағы жақындап кеп қалған баланы сезді де, Ақтөстің үңірейген ініне қойып кетті. Міне, ол ойламаған жерден осылай ұсталды. Үлкен істі тындырғандай Ақан қоразды қолтығына қысқан күйі арсалаңдап анасының жанына кеп еді, кектенген өтеш баланың кереге көз шыт көйлегі мен шалбарына сүп-сұйық бірдеңені саңғытып жіберді.

— Әй, тәңір атсын, тәңір атқырды, — деді анасы,

— Апар да қайыққа таста!

Ақан оны жағаға қарай ала жөнелді. Оған жанамалап кеп Ақтөсі қосылды. Өзі шәртең-шәртең жүгере алмайды. Жағаға жеткен соң “кіндік апасы” Қатира отырған қайықтағы торда жатқан қос тауықтың жанына екі аяғы байланған күйі қораз қорқ етті. “Осы сенің әлегің, күттіріп қойған!” деп, налығандай қайық та теңселіп-теңселіп қойды. Ақан енді Ақтөсін де қайыққа алмақшы болып, құйрығын кипақтатып тұрған итін көтеріп еді, қара тастай ауырлап кеткен ол, ішінен қысқанға қыңсылап қоя берді.

Қайыққа міну Ақтөстің дағдылы ісі емес-ті, кез келген өзенді жүзіп өте беретін. Ал Ақан болса кешікпей



күшіктейтін Ақтөсін аяған. Қара қаншық қайықтан екі рет қашып шықты, иттігін көрсетпек қой, шамасы. Төстігінде кішкене жұлдызға ұқсас ақшыл түгі бар, өйтпесе денесінде көз тоқтатар дөңеңе жоқ... Осынысы үшін Ақтөс атанған. Өзі өте қабаған, үйге бейсуыт ешкімді кіргізбейді, келушілер тек терезе арқылы хабарласып, сосын ішке енеді. Сол Ақтөс те көппен бірге бүгін жайлауға бет алған...

## 2

Бұл кезде ауыл адамдары малдарын өзен жағасына түсірді.

— Айдандар сиырларды суатқа қарай!

— Ау-хау, ау-хау-хау!

— Әукім-әукім, әукім!

— Шу, әй былай, шу! Өй, шаяқ келгір, кашуын мына өлекпенің!

Адамдар да у-шу, мал да ығы-жығы. Әдетте қой бастайтын серкедей Қанипаның шаңырақ мүйізді қара сиыры ең алдымен таңғы салқын суға салып кетуі мұң екен, басқалары да жер-жерден ілесе бастады. Осы кезде атын борбайлата шауып жағаға келген брігәдір Әміргали атынан секіріп түсті де үлкен бір істі тындырғандай, кең тынысын алып, темекісін тұтатты.

— Сиырлар суға түсті, ел көшті дей бер! Басқармаға хабарлау керек. Орақшылар шөпке шықсын! — деп, ол махорка салған дорбашығының жібін орай бастады.

Өзен ағысы да екпінді-ақ. Аяқтары жерге тиюден кеткен сиырларды өз еркіне бағындырып, ағын қияға қарай сүйреп ала жөнелді. Жардай-жардай қарағай мүйізді сиырлардың бөкселері су астына кетіп, тек қана бастары қылтиысып бара жатыр. Олардың шарасынан шығырдай аларған көздеріне қараудың өзі қорқынышты, су кетпес үшін жүн-жүн құлақтарын жоғары көтеріп алған. Ой, жанның төттісі-ай, десеңші! Мал екеш, мал да жан сақтау үшін, тіршілік үшін табиғаттың осынау күшімен арпалысып барады. Осындайда оларды суға батырмай, аман алып шығатын, тек сыртылдаған аяқтарының мықтылығы. Сәл қателесе су түбіне кетеді.





Бұл кезде адамдардың да у-шуы басылған, сиырлардың да мөңіруге шамалары жоқ. Бәрінің бір-ақ ойы-еш кедергісіз, арғы бетке өтіп шығу, содан кейін бірнеше өзен саласынан өрі, Арқа жақтағы қоңырлықта орналасқан жайлау жеріне аман-есен жету.

Құлаққа теңізден соққан көтеріңкі жел мен толқындар шуылы ғана естіледі. Жүзіп бара жатқан малдың артынан қалмай, ілесіп келе жатқан қайықта екі әйел бір еркек.

Оларда үн жоқ. Әйелдің бірі ескек есіп, екіншісі ұзын сырғақ таяумен қайық құйрығында. Қақ ортада малдасын құрып Дүйсен қарт не суға, не малға қарауға дәрмені жоқ, екі қолын жайған күйі еріндері жыбырлап, төңіріне жалбарынып отыр.

— Е...е, жасаған ием, сақтай гөр, Алла, көріңнен! — шал арасында әйелдерді үрсып қояды, — Айттым оларға малды ерте... ерте судан өткізейік деп. Міне, күн де арқан бойы көтерілген, жел болса мынау азынап тұр. Неткен еріншек әйелдер... Байсыз, бейбастақ, бірдеңелер!.. Күйеулері болса, көрер едім алдарыңда құрдай жорғалағандарын. Сосын төңіріне тағы жалынды: — Жасаған ием, былтырғыдай қырсықтан сақтай гөр!...

Өткен жылы Сәбиланың бір бұзаулаған сиыры құлағына су өтті ме, әлде қайратты сиыр мүйізімен қақты ма, өйтеуір, осы жерде суға кеткен. Жазған шіркіннің сондағы қызымен екеуінің егілгенін көрсен, адамның сай-сүйегін сырқыратып еді-ау!.. Бір сиырдың сүтіне қарап отырған қос жетімнің отбасына бұндай жағдай қайдан оңай болсын?! Оған қоса өкеден де хабарсыз, сол да жандарына батады...

Сиырлар “Күйік атау” аралының май батпақты жағасынан барып шықты. Екпінмен келген қайық та тоқтай қалды. Тек осы кезде Дүйсен қарт орнынан тәлтіректеп тұра кеп, малды санай бастады.

— Түгел екен, жануарлар, — деді ол жүрегі орнына түсіп, — Енді үш өзеннен осылай өтсе, жарағандары!

Екі әйел жар бойымен, малдың соңынан кетті, ақсақал мүйісті айналып, ықтымен қайығын жүргізді. Бұл кезде манадан бері жар басында қимылсыз тұрған



адамдар, арғы бетке өткен малдың арасынан өз сиырларын іздеп тапқан соң, тездеп қайықтарға жүгерісті. Ал жайлауға көшетіндерге көмектесіп, мүліктерді қайықтарға тиесіп, шығарып салуға жиналған ауылдастары қош айтысып, баратын жерге аман-есен жетулеріне тілектестерін білдіріп, кері үйлеріне қайтуға ынғайласты. “Жаңа ауыл” тұрғындарының малы жоқтары жайлауға көшпей осылайша ауылда қалады. Әрине, олар онша көп те емес. Шабындықты малымыз басады-ау, қыстық азығын дайындау керек қой деп олар бас қатырмайды, қолдағы жандықтарды қоғам малына қосып, өздеріне керек сүт-май өнімдерін соның қамбасынан пұлға алады. Бірақ мал ұстағандардан тұрмыстары төмен. Соғыс кезінде мал ұстау, оны бағу, азаматтары әскерге кеткен әйелдерге оңай шаруа емес. Оған қоса отбасы мен малға түсетін түрлі салықтардың өзі қос өкпеден қысқан шаншудай...

Үй жүктерін, ұсақ малды тиеген қайықтар ауырлық түскен аттың беліндей қайқиысып су бетімен арнаға шыға бастады. Әр қайыққа бір үйдің дүние-мүлкі тиелген. Қанипа мен Қатира-абысын-ажынынды, Ақан үшеуі соның бірін еншілеген. Ұзынша құрамды қайықтың орта жеріне алты қанат киіз үйдің сүйегі бөлек-бөлек жиналып салынған. Еже тұмсығында үйдің уықтары буылған. Мал қоралауға арнайы дайындалған ағаштар да осы жерде. Одан бері Қанипаның ескек есетін орындығы. Ал ортадағы керегелердің үстіне үй мүліктері түгелдей жинақталған. Шаңырақ та осында жанында Ақан отыр. Киіз үйдің үзіктері мен түндігі, қабырғаға ұсталатын қоғамен шиден тоқылған жапқыштар, өйтеуір, керекті нәрсе ұмыт қалмаған сияқты. Кейінгі шағын лүкте екі ешкі лақтарымен бірге. Тағы бірі бұзауқанның еншісіне тиген. Қайықтың құйрығына таман торларға толтырылған отындық тезектер, малға түтіндікке керек күбір атаулысы қапталған, екі тауық пен қораз да осы жерде. Нақ құйрықта Қатира орналасқан. Абысынының үйін көшірісіп бара жатқан оның міндеті, қайықтың басын керекті жаққа бұрып, қолындағы сырықпен таяп, ескекшіге көмектесу.



Өзекте ау құрып, балық аулайтын екі кісілік “кішкене қайық” деп аталатын осынау су “ыдысының” ақ желкені мен дінгегі, руль-румпелі алынып, ол иелерінде қалдырылған. Ұзын саны он шақты қайық, балықшылар бөлімінен сұраныспен мына шөпшілерге берілген. Бәрін ұйымдастырып жүрген әлгі брігәдір Әмірғали.

— Жайлау жеріне жеткен соң, қайықтар иелеріне қайтарылып берілуі керек. Олардың да балық аулау жоспары бар! — деп, жар басында айқайлап, Әмірғали жалғыз қалды.

Қайықтағылар бәрі де жайлауға бет алған...

### 3

Ақан ес білгелі жайлауға көшкенді жақсы көреді. Міне, ол қазір қайықтағы жүктің үстінде шалқасынан жатқан күйі бұлтсыз көгілдір аспан шаңырағына көз жіберіп не бір ойдың жетегінде. Соңыра ол самалы салқын кештерде, киіз үйде, қалың көрпенің астында жатып түнгі құстардың сазды қиқуын, су бетінде ыршып түскен балықтың, хор боп шуласқан бақалар дауысының артында көтеріле соққан желдің алыста жылқы қайрып жүріп, ұйқы қашырып, көңіл сергіткен Жұмағалидың өнін естиді. Су бетімен жылжып келе жатқан қайықтың бесікше ыргалуы, жаға бойына өскен қалың теректер мен балапан құрақтың жел тербеткен шуылы Ақанға бесік жырын шырқап тұрғандай, оның балғын денесін ұйқыға шақырып маужыратады. Ескекте отырған анасы да, таяу ұстаған кіндік апасы Қатира да жым-жырт. Әркім өзінше бір ой жетегінде.

— Соңыра мамалар шөп дайындауға кеткенде балалармен асық ойнап, бүлдірген теруге барамыз. Сосын кешікпей шүйлім де піседі. Әсіресе Ақтөс күшіктегенде қызық болады, балалар күшікке таласалы. Биыл нешеуін табар екен? Кімдерге берсем екен? Төленте берсем бе екен біреуін? Жоқ! Ол мені ызаландырады. Кеше үш баланы жиып ап мені түйебас жасады. Оған, бәлем, ұрғашысын берем! — деп қойды Ақан.

— Апыр-ай, әлгі ешкісі құрмағыларға, қорғандық ағаштар алынды ма екен? Оларды қораламаса, сиыры түскір, жарып тастайды ғой! Биыл маса қалай болар екен? Түтіндік салуға жетерлік күбір алынды ма?.. Бәрінен бұрын мал жайлауға түтел жеткей еді...

Бұл Ақанның анасы Қанипаның ойы.

— Жайлауға барған соң “кіндік баламнан” ұмытпай, алдын ала бір күшік сұрайыншы. Ит те адамның ырысы ғой, — деп қойды Қатира, жаға бойында қайықтан қалмай, жүгіріп келе жатқан Ақтөсті көріп.

Қайықтар өзен жағасымен жылжып келеді. Кейінгі жақта да көшкіндер бар. Ескек есіп отырған Қанипа мойнын бұрып ілгеріге қарап еді, сиырлар ені жалпақ, ағысы қатты, кең арнадан жапатармағай өтіп бара жатыр екен. Қарағай мүйізді қара сиыры ел малының алдында. Оның ық жағын ала, анасының бүйірінен қалмай, ақ маңдайы жарқырап тайқашары барады. Анасы оған мойын бұра әлсін-әлі қарап қояды. Кәдуәлгі жүріс-жорықтарға үйретіп жүрген жиһанкез жануардың іс әрекетіндей.

Манадан бері малдан көз алмай келе жатқан Қатира бір кезде шағып алғандай:

— Ой-бай, Қанипа, ананы қара! — деді.

Өз ойымен болып, бір қалыпта есіп келе жатқан Қанипа селк ете түсіп, қос ескегін судан көтерген күйі жалт бұрылып ту сыртына қараса, ұзынашұбақ жүзіп бара жатқан малдың ең соңында бір сиыр біраз жер кейін қалып, ығып жүр екен.

— Аяғы талды-ау жануардың, — деді Қанипа аяушылық білдіріп.

— Енді өлмеген несі қалды, — деді Қатира абысынның сөзін құптап.

Сиырлардың соңында бара жатқан қайық та өз бетінше ығып жүр. Әйелдің бірі ескегімен әлек, ол сынған болса керек. Енді үшеуі де қолдарын жоғары көтерген күйі бірденені айтып айқайлайды. Оны едәуір көтеріңкі жел жеткізер емес. Тек біраз уақыттан соң, Дүйсен шалдың таяқпен қайық жақтауын даңғырлата ұрғылап:



— Сиырды күтқарындар..., сиырды! — деген жыларман дауысы әрең-әрең жетті.

Сиырдың қазіргі халі нашар, зымырап ығып келеді. Алды түбі сұмдық терең теріс ағынды жер. Ағынның екпіні мен толқындар қағысып өзеннің осы тұсы қысы-жазы шыпырлап қатпай жатады. Мал атаулысын былай қойып тіпті дәу қайықтардың өзін осы теріс ағындар шырқ көбелек айналдырып жібереді.

— Қатира, қайықтың басын арнаға бүр! — деп Қанипа бұйырды.

— Енді өлмеген несі қалды? — Қатира сөзін қайталады, — Анау теріс ағынға түссе бітті, құлағына су кетеді, басы айналады, күриды.

— Ой, жағыңа жылан жұмыртқаласын, соқпашы қайдағы жоқ, асанқайғыны. Одан да тездеп суды күре таяуыңмен! — Қанипа күйіп кетті. Өзі алқынып ескегін есе бастады. Ажынына ұрсып тастағанмен:

— Апыр-ай, теріс ағынның жағаға жақын, су астында, ағаштың қалдық-кәршіктері де бар, біріне соқса сиырдың ішін жарып жіберуі де мүмкін-ау, — деп өзі де уайымдады.

Енді бір нәрсе есіне түсіп:

— Жағаға жақын жерде, Акасы түскір, әр кез балыққа ау құрып қояды. Сиыр соған оратылмаса игі, — деді.

Қайық кең арнаға шықты. Желмен көтерілген толқындар оның қос қабырғасына ұрғылап ырғалтып жіберді. Қайықтың тұмсығы толқынды суға бір батып, бір шығып барады. Ернеуіне соққан толқындар шашырап қайықтағы жүктерді сулай бастады. Осыдан шошып оянған Ақан ұшып тұра келген, ұйқылы-ояу еш нәрсеге түсіне алмай, басы айналып, ол суға құлап кете жаздады.

— Ойбай, жат!, — деп анасы айқайлады. Ақан жүкке қайта құлап түсті. Дүниеде адамнан айлакер, тапқыр жан бар ма, сірә? Қанипаның басына келгені, тапқан ақылы-теріс ағынды жерге, қалайда ана сиырдан бұрын жету керек. Қанипа енді бұрынғысынан гөрі еңкейіңкіреп, ескегін қашыққа салып, екі аяғын дінгектің табалдырығына тіреп, өзі орындықтан



тұрыңқырап, шірене күш алып, шалқая тартып есіп келеді. Кешікпей арқадан өткен күннің ыстығы мен ширақ қимыл Қанипаны қара терге түсірді. Көзіне бұршақтап құйылған ащы терді басын бұрып, иығына ілген сиса көйлектің жеңіне сүртіп қояды. Ығып келе жатқан сиырға жақындаған сайын Қатираға “хау-хаулатып” қойды. Сиыр да қайықтағы адамдарды өз қамқоршысындай сезініп, енді солай қарай тырбыңдап жүзе бастады. Әбиер болғанда бұлар теріс ағынды жерге сиырдан бұрын жетті-ау, ақыры. Сиырға жанаса беріп Қанипа аяғының астындағы арқанды ала сап, бұғалық қып лақтырып еді, ол кеңдеу боп суға түсті де біртіндеп бата берді. Қанипа арқанды дер кезінде тартып үлгерді, енді ол сиыр мойнына дұрыс түсті. Арқанның екінші ұшын Қатираға лақтырды. Енді қауырт қимылға ол кірісті. Қатира арқанды тартып сиырды өзіне жақындатты. Ал Қанипа екі жағына кезекпен қарауда. Қайықтың ық жағына сиыр жанасты, ал жел жағында “қашан қармағыма түсесің” деп теріс ағынды айдын көбіктеніп, аузын ашқан айдаһардай, жыбырлап жатыр. Қанипа енді бұрынғыдан бетер батылырақ ескегін есті.

Осы сәтте қайықтың астында бір нәрсе дыр етті. Қанипа жалма-жан қайықтың жақтауынан суға еңкейіп, қос қолын қолтығына шейін малып жіберіп, саусақтарына ілінген ауды жұлмалай тартып, тыпырлаған балықтарымен қоса қайыққа сала бастады. Өзеннің арғы бетінде көшкін қайықтардың бірінен Ақастың ызалы, ышқына айқайлаған дауысы естілді.

— Сары катын, шашыңды жү...ла...мын!..

— Атаңның қақ басы...ы...ы! — Қанипа бұл сөздерін айқайламай, керісінше Ақасты келемештеп айтты. — Су патшасы Сүлеймен, сенен балық тілеймін! Содан кейін Қатираға қарап, — О, несі маған барып. Тәубиләның мына сиырынан оның ауы мен бір асым балығы артық болып па?! — деді.

Қызыл сиыр май қара батпаққа омырауына шейін батып, жағаға талып, тәлтіректен өрең шықты. Денесі дір-дір етіп біразға шейін есін жиі алмай есеңгіреп, сілейіп тұрды. Үстінен су сорғалып, тіпті шөпке басын



салмады. Қанипа да батпақ-батпақ күйі жаға шықты да қалың шөпті жар қабаққа отыра кетті. Қатира жағаға жаққан қайықтың күйрығында ұзын таяуын тік шаншып, өзі бет ауызын салқын сумен жуып өрекеттенді. Жүктің үстінде үн шығармастан Ақан жатыр. Қанипаның үсті-басы терден сығып алардай, шыт көйлек етіне жабысқан. Жұмыр бітімді сұлу денесі, иықтары бір көтеріліп, бір басылып ынтығып тұр.

Бұл кезде олардың жанына кеп, жағаға тағы бір көшін қайық тоқтады. Қайықтан қотарыла түскен етек жеңі мол Тәубилә, малмаңдай су болған етегін баса кеп, Қанипаның мойнынан құшақтап, еңіреп қоя берді. Мұның да денесі дір-дір етеді.

— Айналайын, құрдасым-ай! Затың әйел, ісің ерден артық болды. Жалғызыңның қызығын көр!


— Айтқаның келсін!

Тағдырлары бір-біріне үксас әйелдер болған соң, Қанипа да шыдай алмады, көңілі босап кетті. Келіп қалған көзжасын қос алақанының ернеуімен сүртіп, көп мал жаққа қарап еді, олар Арыстанғазы аралына шығып, жаға бойымен әрі кетіп бара жатыр екен. Арасында өзінің көмірдей кара сиыры мен екі елі ажырамайтын ала бүйрек тай кашары. Тәубилә есін енді жиып өз сиырының қасына барды, оның да мойнынан құшақтап, айналып толғанған болды. Тек сонда ғана жыл бойы еш малдың тілі орымаған іржөнік шөпке қызыл сиыр басын салды. Қанипа да бой сергітейін деп, шешінбестен, кеудесінен келетін жерге шейін барып, салқын суға күмгіп-күмгіп алды...

#### 4

Көшкен ауыл “Жайлау” аралға тек бесін ауа жетті. Осынау “Жайлаулы” өзенінің қысы-жазы құлазып жататын күнгей жақ жарқабақты беті бір-ақ күнде өзгеріп сала берді. Киіз үйлер тігіліп, қолдан күркелер көтеріліп дардай ауыл болды да қалды.

Ауыл адамдары бірінің үйінде бірі “қоныс құтты болсын!” айтысып, әңгіме-дүкен құрысып мәз-мәйрам.



Мұндайда “жайлау шөйін” беру ауылдастардың ежелгі салты. Ауылдың ортасына таман алты қанат киіз үй тұр. Бұл Қанипанікі. Баласымен екеуі ғана тұрады. Мына киіз үй мен бұзаулы сиыр Қанипаның күйеуінен қалған мұра. Киіз үй көненің көзі аты ғана. Уықтары мен шаңырағын ғана киіз жапқан. Туырлығы затымен жоқ. Оның орнына ши мен қоғадан тоқылған жапқыштар ұсталынған. Ал үзік пен түндік қырық жамау боп түрін бұза берген соң, Қанипа оның сыртын түгелдей кенеппен тігіп қойған-ды. Үйдің сүйегі-алты қанат керегені түгелдей тоқыған қоғамен қаптаған. Керек десе жылы болу үшін оны қос қабаттап жабуға да жағдай көтереді, себебі бұл өңір қопалы жер, қоға қалың шығады. Қолдары іс білетін шебер адамдар сол қоғадан кереге жапқыш, жерге, алаша астына төсеніш, тіпті зембіл сияқты қораптар жасайды.

Алаша, текеметтерді көк шөп пен ылғалды жерден шірімес үшін осы қоғаны төсеніш етеді. Міне, сондай киіз үйдің бірінде, анығырақ айтсақ, Қанипа үйінде жайлау шайын ауылдастарына баппен беріп отыр. Дастарханда тағам баршылық... Қаймақты сүтке жұғындырып күйған қою шай үй ішіндегі ауылдастарын біраз желпіндіріп тастады. Тортасын айырған шыны майға бөгіп піскен аппақ бауырсақтар, қапшықтың түбінде тілекші болсыншы деп сақталынған ұнның бүгінгі күнге бұйырғанын қараңызшы!

Малдың сүтінен дайындалған түрлі-түрлі тағамдар: сары май, ашқылтым қою қаймақ, ірімшік-құрт, қатқан сарысу, бәрі де әдейілеп бүгінгі осынау дастарқанға арналғандай.

Шай үстінде жұрт Қанипаның манағы ерлігін біраз өңгіме етті. Тіпті алғыстарын да жаудырып жатыр. Қанипаның бар айтқаны: Құдайым, тілеулерінді берсін!

Шай аяқталар кезде үйге екі табаққа толы салынған, ішінде іңкөл-наны бар, майлы, пияз туралған тұздығы бар асқан балық келтірілді. Осы сәтте Қанипа көз қиығын төр жақта отырған Ақасқа аударды.





— Қайным, атам қазақ “бұйырған малға тісін тисін” дейді екен. Мына піскен ас сен құрған аудың балығы, міне, енді барша елге дәм болды. Өзің де алып отыр, — деді.

— Е...е...е, солай ма? — десті жұрт таң қалысып. Баршасы бісіміллә деп ауыз тиісті.

— Қайным, ал! Ештеңе етпес. Күнипа келіміз қай бір қыз таппай жатыр. Құдай ондап тағы бір қызды болармыз, — деді Тәубилә Ақастың алмай отырғанын көріп.

Жұрт ду күлісті. Ақас қызарды.

— Сендер ал деп отырсындар-ау, оның балық жемейтінін білмейді екенсіңдер ғой, — деді Дүйсен қарт иегі шошандап, қулана күліп.

— А...а, солай ма еді? — десті жұрт тағы да.

— Солай, — деді Ақас ұялғанын жасырмақ боп. — “Қоға көлімде көп, балық үйімде көп”. Мен балық жемеймін, тек сорпасын ғана ішемін, — деп жымыды да ірге жақтағы жастыққа құлай кетті.

— Ойбай, солай екен ғой. Сорпа әкеліндер!

Бір әйел қолына ағашаяқ ұстаған күйі сыртқа жүгіріп кетті. Қалғандары ду күлісті.

— Уа, құдай, ойын-күлкіден айыра көрме! — деді үлкендердің бірі.

Қанипаның үйіндегі отырыс аяқтала келе:

— Ас жетті, — деді есік жақтан әйелдердің бірі.

Отырған жұрт Дүйсекеңнен бата тіледі. Ол қолын жая:

— Қанипа, рахмет, шырағым. Қонысың құтты болсын, сиырың сүтті болсын. Қаймағың көп, қайғың жоқ болсын! Малыңның байлығын, жалғызыңның қайырын көргін!

— Әу-мин! Айтқаныңыз келсін! — Жұрт беттерін сипады.

Осы кезде сырттан бір әйел ішке кіріп амандасты, құтты болсын айтты, сосын:

— Баршаңызды енді Бейсекең үйіне, жайлау шайына шақырады, — деді.

Бейсекесі-Бейсенғали Шора-Бекұлы бұл ауылға жақында көшіп келген ақсақал. Ол өз отбасымен жайлауға кеше келіп қонғандардың бірі. Отырғандар мұны әрі танысу дастарқаны болар деп жорыған. Үдіре көтерілген ауыл адамдары “шақырған жердің жолы ауыр” десіп, Бейсекең үйіне бағыт алды...

## 5

Жайлауға көшіп келгеннен кейін, екі-үш күннен соң қолының қаруы бар жұрт пішенге шықты. Алдымен төңіректегі аралдардан шөп жиналады, ең соны, қазан айының басында ауылға барады. Осы кезде жайлауда қалатын тек балалар мен әл-қуаттары кем кемпір-шалдар.

Қанипа баласымен екеуі таңғы шайларын алдына алған күйі оразаларын ашып отыр. Киіз үйдің іргесінде жас бақалардың отыруы, немесе секіріп жүруі таң қаларлық емес, күнделікті тірлік. Кәдімгі экзотика! Міне, олардың екеу-үшеуі дастарханнан бір нәрсе дәметкендей, тамақтары бөлкүлдесіп жақын кел жайғасты. Бұны Қанипа көріп баласына:

— Әрмен үркітіп жіберші, сұмырайларды! О несі! Тап бір таңғы шайға шақырылғандай, емпендесуін, — деді. Баласы “кішт” деп еді, олар көп қашықтай қоймады. Сол кезде дасқарқанға күн сәулесінің жарығы түскен жерге бір дәу шыбын кеп қона қалды. Оныменде қоймай артқы екі аяғын көтеріп, бір-біріне сүйкей бергені. Бұны байқап қалған әлгі бақалар кірпік қаққанша үшеуі қатарынан, арт жақтарынан сұйық бірденелер шашыратқан күйі шыбынға секірісті. Ақан әлгі шыбының қайсының тамағында кеткенін байқамай да қалды. Сүйтіп, бір тірі жәндік өмірден ғайып болды.

— Өй, арам қатқыр, тәңірі атсын, — деді Қанипа. Ақан енді шай ішуге жеркенді. Қанипа да бұдан кейін көп аялдамай, шөпке ала кететін тамақтарын даярлауға кірісті.

Сосын баласына ұрақты жұрттағы әйтеуінін тапсырды. Анасы Ақанды ес білдік етпелі жеріне

ӘБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ  
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА



шаруасына әбден пісіріп тастаған-ды. Ұлы да, қызы да осы Ақан.

— Біз шөпке кеткен соң, көп кешікпей анау қазықта байлаулы жатқан “Ақтанауды” бас жібін түріп, ауыл бұзауларына қос. Сосын қазандағы сүт сары қаймақтанып піскен кезде астындағы шоғын сөндіріп, мына көк кәстрөлге төкпей құйып ал, сосын ішіне үш қасық ұйтқы қос. Ыдысыңның бетін дұрыстап жап та күпәйкемен жақсылап қымта. Байқа, ішіне бақа түсіп кетпесін!.. Тағы не айтпақшы едім. Иә, есіме түсті, үйге көп бала жинама. Аһ, ұмытып барады екем, күн талтүс болғанда киіз үйдің түндігін жап! Өзің шапқылай бермей, қара батпаққа майланбай, суға түсіп бірауық ұйықтап, тынығып ал. Қарының ашқанда мынау ірімшік, мынау ішетін айраның. Жегің келсе бүйеннен бір қасық қана қаймақ ал! Түстен кейін бұзауыңа барғанда тезек тере кел.

Соңыра біз қайықпен анау аралдың мүйісінен бері айналғанда самауырға су құйып, от жібер! Байқа, ағаш жарам деп аяғына балта түсіріп алма!

Бұл Қанипаның күнделікті баласына беретін тапсырмасы. Ақан осының бәріне бас изеп мақұлдайды. Ана мінезін жақсы білетін ол, егер айтқанынын істемесе таяқ жейтіні таңқаларлық іс емес. Пішеншілер шөпке кеткенде балаларға бір еркіндік!..

Ауыл балаларының бастығы Әбу. Ол өз әмірін басқаларға істеткізбей қоймайды. Жанына тек айтқандарын екі еткізбейтіндерді жинайды. Әркім өз мүмкіндігінше сол Әбудің көзіне түсуге тырысады, оның айтқандарын орындайды, тіпті үйден алып шыққан нанның, ірімшік-құрттың жартысы сол Әбудікі. Жайлаудағы балаларды төбелестіріп қызығына қараушы да, оларды татуластырушы да сол Әбу. Асық ойнағанда жалпы ұтыстың жартысы Әбудікі болу керек. Ал енді біреу көп ұтып бара жатса Әбу оның сакасын не таба алмастай қашыққа, қалың шөпке лақтырады, яғни балтамен жарып тастайды. Ал енді істерінді істе, қыларыңды қылып көр! Бәрі пайдасыз!

Міне, сол Әбу бүгін бар балаларды жинап ап, қалың көк шөптің үстінде қазақша күресті жүргізіп жатыр. Біреулер жеңіп, біреулер итжығыс боп қайталап, өйтеуір әуре-сарсаң. Әбу әділқазы-төреші.

Осылайша еш нәрседен бейхабар балалар алысып-жұлысып, күресіп жатқан кезде Әбудің нөкерлерінің біреуі шағып алғандай:

— Ойбай, ана жыланды қара! — деп ыршып түсті.

Бәрі жалт берісті. Күрес өзінше қалды. Сүйтсе жуандығы жас баланың білегіндей сары бас жылан шөп арасынан басын көтерген күйі бұларға қарап, айыр тілін сумаңдатып ысылдап тұр екен. Үрпиіп-үрпиіп қарап тұрған балаларға Ақан есіне түскен түндегі уақиғаны айтып берді. Өткен түнде Жұмағалидің әнін естімек боп Ақан біразға шейін ұйықтамай жатқанда, кенет мұның құлағана басқа бір тосын дыбыс келді. Біресе алыстан, біресе жақындап шыққан шикыл, қақсап жалбарынған дыбыс. Көп кешікпей қоятын шығар деп ойлап еді, бірақ ол қапелімде толастамады.

Тіпті әлгі дыбыс жас Ақанның сүйегін сырқыратып, жанын тырнап, мазасын алды. Мүмкін Жұмағали осы сөт ән айтар деп еді, бірақ қырсыққанда ол да естілмеді.

Мұндайда жел көтеріліп, бақалар шуласатын, ал қазір маужыраған тылсым түн, бар тіршілік демдерін іштеріне алған күйі бір-ақ дыбысқа, жаңағы шикылды тыңдап тұрғандай. Ақан тіпті естігісі келмей, қалың көрпемен басын жауып алған, әйтсе де дыбыс тоқтамады. Өткен қыста Ақан суға кете жаздаған бір өйелдің дауысын естіген, мынау да тура сондай екен. Қандай жалынышты?!

Көзі ілініп кеткен анасы, селт етіп оянса, баласы қалың көрпенің астында қара терге түскен, бар денесі дірілдеп, егіліп жатыр екен.

— Пісімілә, не боп қалды, қарағым?! — анасы баласын құшақтай алды. Жасқа булыққан баласы біразға шейін өксігін баса алмай, бар айтқаны:

— Анау, бақаның қанын сорып жатыр, — деді.

Анасы құлақ түріп еді, сарнап қақсаған дыбысты бұл



да естіді. Қанипа енді түсінді: жылан бақаны сорып жатыр екен.

— Әй, қорқақ балам-ай! Оның несіне жылайсың? Сорса, бақаның қанын сорып жатыр ғой.

— Мама, ол сүм, қанмен қоса жанын да сорып жатыр ғой. Айыбы не?

— Ол солай болуға тиіс, балам. Бақалар сол үшін жаратылған. Аңқаулықпен жыланның аузына түскен.

— Мама, ол да бір үлкен бақаның баласы болар?

— Әрине, солай.

Баласы анасына тығыла түсті. Енді баласына қосылып Қанипа да тың тыңдады. Шикыл тіпті басылар емес. Адамның жазығы иитіндей. Мені өлімге қиып, қалай жайбаракат жатырсыздар, дегендей.

— Сен қорықпайсың ба, мен барып бақаны құтқарып жіберсем?

— Жоқ, мама. Тіпті де қорықпаймын, тек құтқаршы!

Қанипа үйден шықты. Ай тас төбеде. Айнала сүттей апшақ. Қазандықтың қасындағы ағаштан сындырып шыбық алды. Су жағасына кетті. Шикыл өлі толастар емес. “Құтқаршы, мама, құтқаршы” деген бала сөзі құлағынан кетер емес. Қанипа суды біраз сабалады. Шынымен айырды ма, әлде жылан суға сүңгіп кетті ме? Жаға бойы тым-тырыс болды. Қанипа баласының жанына қайтып оралды.

— Ал балам, мен бақаны құтқарып жібердім.

— Ой, мама, сені сондай жақсы көрем!..

Бар оқиға осы ғана. Ақан әңгімесін аяқтап елі, Әбу өз ойының бір ұшын білдірді:

— Ал, балалар, мен білсем, сол жылан осы болса керек. Қан сорып дәнiккенi көрiнiп тұр. Ол бiздi де шақпақ! Олай болса оның қан сорғыш тiлiн жұлып алайық!

— Ой, ол қалай? Әбу, ол қазір сені де шағып алады! Бұл сөз Әбудің қолтығына су бүріккендей болды.

— Оны біз қазір көреміз!

Сүйтті де Әбу екі аттап сары бас жыланның қасына жетіп барды. Анау орнынан қозғалмады, басын бір

көтеріп, бір түсіріп ысылдап тұр. Әбу оның жанынан өте беріп, қолындағы қалақша таяғымен оның сорайған мойнын баса салды. Мұндай жылдамдық пен айлакерлікті байқамай қалған жылан жан ұшыра тыпырлап аударылып түсті. Сарала бауыры жарқ етті. Оның әдепсіз бауыры адам бойын тітіркендіріп жібергендей. Жылан қайта аударылып түсті. Осы сәтте Әбу де топардай жалаң аяғымен жыланның жұп-жұмсақ, былқылдаған денесін баса салды. Күйрығы біраз шолтандап Әбудің аяғына оралғысы кеп тыпырлай берді. Бірақ бұл ұзаққа созылмады Тек екі көзі шағырайып, бұрынғысынан бетер қаһарланды. Айыр тілі сумаң етті. Әбу таяғын қаттырақ басып еді, жыланның ауызы ашыла қалды. Ар жағынан қызылшақа таңдайы көрінді. Осы сәтті күткен Әбу бос қолымен жыланның сүйір тілін зып еткізіп ұстап алды да күшпен жүлқып қалды. Жыланның кеңірдегінен бір нәрсе күтір етіп үзіліп кетті. Қолында қалған қос айыр тілге ол масайрап қарады да, сақылдап күлген күйі қолын басынан асыра көтеріп, балаларға көрсетті. Сосын жыланды босатып еді, біраз әлсіреп қалған ол қайқандай ирелеңдей шөп арасына кіріп жоқ болды.

Осы кезде ауыл жақтан:

— Ба-ла-лар! — деп айқайлаған екі-үш жас қыз баланың дауысы естілді. — Уақшы келді!.. Ауылға уақшы келді!

Уақшы деп бұл елде майда-шүйде бұйымдарды сататын бақалшыны айтады. Осы ауылдың “тамыры” Микалай, сонау Астраханнан осында күн-түн арығып қайықпен келеді. Әрине, жол-жөнекей талай ауылдарға соғады. Айна-тарақ, сақина-жүзік, сағыз бен мампасье, өйтеуір, бәрін толтырып келеді. Әсіресе, қыздардың заттары көп болады: иіссу, пудра, май, төстартқыш, ішкіім. Ал өзі елден темір-терсек, сүйек, тері, жүн жинайды.

Балалар енді жарыса жүгірісіп киіз үйлерге қарай бет алды...



6

Қанипа идіріңкіретіп алған қара сиырдың желінінен ақ танау бұзауды күшпен тартып, басжібінен қазыққа байлап, өзі саууға кірісті. Алғашқысын шелекке тыз-тыздап құйылған үрпі сүт біраздан соң көбіктеніп гүр-гүр ете бастады.

Қара сиыр бұзауының әукесін жалаған күйі, басқа еш нәрсеге көңіл бөлмей, аямай-ақ сүтін беріп тұр. Тек өріректе ақ маңдайлы тай қашар анасын жас бұзаудан қызғанғандай екі-үш аттап ұмтыла түсіп, қос құлағын алма-кезек қайшылап қойды.

Қанипа қара сиырын құлды, аса бір мейірімділікпен күтеді. Баласы екеуін асырап отырған да осы малы. Сондықтан оны өзінің азаматындай сезінеді. Қыс бойы жылы жерде, қорада тұрып, жем-шөпке емін-еркін боп, күйлі шыққан қара сиыр ауыл малдарын алдына шығарғызбайды. Көш бастайтын да осы қара сиыр.

Қанипа баласына есі кіре бастағаннан бері анау шаңырақты, мына қара сиырды өкеннен қалған көз деп түсіндіреді. Жас сәби де өзін басынан сипап, бауырына басып, қос қолтығынан демеп, төбесінен асыра көтергенде кішкене жүрегі дүрсілдеп кетердей, басы айналардай дөңгеленткенді көрмей, өке құшағы мен қамқорлығын, оның аяулы алақанының шапағатын сезе алмаса да, бірақ соны сағынып, соны аңсап өсіп келеді. Анасы кішкене көбелегінің шаттығын көріп, бақытты күлкісін естігенде, ал өзі сиырының бауырына шелегін тосып, сауған кезде азаматының жоқтығын, қайғы-қасіретін бірауық ұмытып шүкіршілік ететін.

Қанипа соңғы иірімді бөлек ыдысқа сауып алып, бұзауын анасына қоя берді. Шелектегі сүтін үйге әкеп, үлкен табаққа құйып, салқындау іргеге қойды да жан-жағын қымтады. Ертеңгісін қаймағын алады. Соңғы идірім сүтін қоламтаға қойып, шайына салуға пісірді.

Кешкі тамақтанудан кейін мал қораланып, ел үйқыға енді. Жатарда баласына “әліп-биін” айтқызып, құшақтап, күнге күйген шашының күнірсіген қоламта иісін иіскеп, біраз мауқын басу анасының ежелгі әдеті.



Қыс бойы ана құшағында тырп етпей жататын бала, қазір қытығы кеп, ауға түскен балықтай бұлқынып жатыр.

— Мама, деймін, тіпті ыстықсын!

Қос аяқтап көрпені тепкілеп, анасының құшағынан сытылып, масахана шетіне қарай домаланып ығысып кетті. Бірақ масахананың сыртында қаптап тұрған аш масалар шағып, ол анасына қарай қайта ыршып түсті. Қанипа баласын баурына қатты қысып: - Жалғыз көбелегім, алданышым менің. Әкеңді, үш апанды құдай алғанда тілім тигенмен, біраз жалбарынып та едім. Көз жасымды көріп, жұбанышқа қалдырған ғой сені. Онына да рахмет, төңірі ием! Осы бір жаманым болмаса жатамау, жалғыз өзім осынау үйде қуарып, — деді көңілі босап.

— Мама деймін, қойшы енді, — баласы қабағын шытып еді,

— Мен жаманмын ба?..

— Жақсы, жақсы қойдым, қалқам. Өзің барсың ғой жанымда. Анасы ауыр күрсінді. Екеуі жым-жырт күйде біраз жатты. Сосын анасы есінеп:

— Ей, алла, жар бола гөр! Жасаған ием! деп еді, баласы:

— Мама, ол кім? — деді.

— Тек, ойбай, үндеме! Ол Алла ғой, айтып жатқаным. Ол құдай! Барлық адамзаттың әміршісі! Оған тіл тигізуге болмайды, оған тек сыйыну керек. Өзіне тіл тигізген адамды ол ондырмайды. Сен анау қиқулаған құстардың дауысын естіп жатырсың ғой, өне бақалар шулады. Солардың бәрі баяғы, ерте заманда адамдар болған. Олар құдайға тіл тигізген соң, Алла тағала бірін құсқа, бірін аңға, бірін бақа-шаянға айналдырып жіберген. Сенің көзіңе не көрінсе, соның бәрін жаратушы бір алла!...

Баласы тағы бірдеңелерді сұрап мазаламақшы боп еді, анасы соны сезіп:

— Жә, жарайды енді, ұйқым кеп жатыр. Және балаға ондайды көп біле беруге болмайды. Соңыра өзін өсерсің, ер жетіп, жігіт боларсың, сонда ұғарсың!





— Мама, мама, сен айтшы, соңыра мен мектепке барғанда осыларды оқыта ма?

— Әлбетте, балам, оқытады. Мұғалім ағай бәрін айтады, әй, бірақ ол саған басқаша айтады ғой, қарағым.

— Мейлі, мама! Сосын мен оның айтқанын, сенің айтқаныңды салыстырам ғой.

— Иә, иә, қарағым, сонда өзің білерсің-кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін. Тек тездеп өсші, ер жетіп жақсы адам болшы! — Анасы баласын басынан сипап, иіскеп қойды.

Бұрынғы өмірі, азаматы, кішкентай қыздары бір сәт көз алдына келесіне түсті. Азаматысыз өткен сансыз күндері мен түндері өзіне тиесілі бұйырмысты аңсап, адам төзгісіз азапқа түссе де, Қанипа бәріне шыдамдылық танытты. Әлі де төзіп келеді, үзілмеген үміт алға жетелейді, шапағатты күндерге шақырады. Мұндайға шыдап келе жатқан жалғыз Қанипа емес, ондай жесірлер бұл ауылда, тіпті мына жалған дүниеде баршылық...

Ұзақ күнгі шаруадан шаршаған ана, енді денесі маужырап ұйқыға кетті. Ақан көз ілмей біраз жатты. Киіз үй үстінен қанаттары сусылдап бимәлім құстар ұшып өтті. Өзен жағасынан қиқылдаған, әлде анасынан ажырап қалды ма, әйтеуір, қасқалдақ құстың үні келді құлаққа. Сықырлауық есіктің жанында масахана ішінде жатқан Ақтанау бұзауқанның қышыр-қышыр күйсегені естілді. Әнекей, бір-бірлеп бақалар шулай бастады. Демек кешікпей білінер-білінбес боп самал жел еседі. Судан бір-екі рет балық шоршып түсті. Олар да ұйықтамайды. Ғажап! Құлаққа сүйкімді, жып-жылы жайлау түні дыбыстары келіп бала қиялын өрбітеді. Былтыр осындай жайлау кештерінде әжесі Ақанды қасына алып, баяғы заманда жорыққа шыққан батырлар туралы бір керемет ертегілер айтатын. Ердің намысы үшін, елдің тыныштығы үшін талай батырлар қалмақтармен қан төгіскен. Тіпті арғы аталары Исатай — Махамбет жорықтары туралы өз әжесінен есіткен естеліктерді жыр етуші еді. Соларды өз өрнегімен, өз



баяуымен, қосқан жетістіктерімен мәнерлеп айтып, немересінің құлағына құятын Қатша кемпір.

Биыл ол әжесі де жоқ, дүниеден озған...

Бір кезде құлаққа алыстан кісінеген жылқы даусы естілді. Сондай жіңішке сазды үн. Домбраның төменгі шегінің дыбысындай дірілдеп жетті. Артынша дүбір басталды. Айбатты айғыр үйірін іздеді ме, әлде олардың өміршісі Жұмағали қайырды ма? Енді бір кез “қүйт” деген алам дауысы ап-анық естілді. Бұл шынында да Жұмағалидің дауысы. Тағы да аттар дүбірі, шамасы бермен қарай беттеп келеді. Енді Ақанға былтырғы әжесі айтқан ертегілердің көріністері осы аттар дүбірімен қоса жау жүрек батырлар қаптап келе жатқандай елес береді...

— Қазір Жұмағали өн шырқайды, — деді Ақан өзіне-өзі ұйқылы ояу. Бір кезде әсем саз естілді құлаққа:

*“Өн салсаң өзімдей сал баяулатып,  
Жүруші ем түн ішінде қызды оятып,  
Дауысым “әу” дегеннен шығушы еді,  
Қандай қыз шыдаушы еді ояу жатып”.*

Көрі тарлан біраз жасқа келсе де көңілі әлі жас, дауысы да баяғы жігіт күніндегідей. Қапсағай денелі Жұмағалиды жұрт жас кезінде палуан болатын, өн салғанда кең кеудесімен ұзаққа созып айтатын дейтін. Ат үстінде отырып шырқағанда, өзі де елжіреп, ерден тұра кеп шірене созған кезде үзеңгі былғарысы бытыр-бытыр үзіле беруші еді дейтін жұрт. Міне, Жұмағали сол әуенмен біраз шырқады. Оны маужырап тыңдап жатқан Ақан абайсызда ұйқтап кетті...

## 7

Бұл ауыл балаларының ес білгелі жақсы көріп ойнайтындары асық. Осы ойынның алдарына жан салдырмайтын неше бір мергендері мен ұтқыштары бар. Жайлауға көшкелі біраз күндер өтіп, балалар асық ойнауды сағынып қапты.

Міне, бүгін Әбу өз серіктерін ертіп, жайлау жерінен біраз қашықтау “Белеңке” төбенің басындағы ақ тақырға алып келді. Шаршауды білмейтін балалар біраз жол



жүріп келсе де, оған қарамастан асық ойынына бірден кірісіп, қазір соны қыздырып жатыр. Оған қоса, бүгін Әбудің жоспары бойынша осы асықтан ауыларалық сайыс өтпекші. Бұлардың қарсыластары ұжымшар орталығы Қапшық ауылының асық құмарлары — Мұстафа командасы. Жекеше сайыс болуы да ықтимал.

Мұстафа тобы әлі келіп жетпеген. Әбу әлсін-әлсін Қапшық жаққа көз тігіп қояды.

Өз серіктеріне бұл туралы Әбу тіс жарып ештеңе айтпаған еді. Қазіргі мақсат ойнаушыларды іріктеу керек. Бүгінгі ойын үшін ана жолы Әбу өз шаруасымен Қапшық басына барғанда, Мұстафамен төбелесте жейдесін жыртқызып қайтқан. Соның қарымтасы бүгінгі жекпе-жек болмақ. Тұрысатын жер-жолдағы Беленке төбесіндегі мұнараның қасындағы осы тақыр...

Ақыры Мұстафа тобы да келіп жетті. Бес адам. Уақыт аз, сайыс бірден басталып кетті. Мұстафаның ұсынысы бойынша:

— Алдымен жекпе-жек, Әбу екеуіміз ғана ойнаймыз!— деді ол тым өктем. Әбудің:

— Жоқ, әуелі тобымызбен ойналық, соңынан екеуіміз дара қалып, жекпе-жекке шығармыз,— дегеніне Мұстафа мұрынын шүйірді.

— Олай болса, біз ойнамаймыз, келген ізімізбен ауылға қайтамыз!

Әбуге амалсыздан көнуге тура келді. Мұнысы өзіне, ақыры, сор болды. Мұстафа қалтасынан қой асығынан сайлаған дырау сақасын шығарды. Онысын басқалар түгілі өз тобындағыларға да ұстатпайды.

— Қолдарыңның уы жайылады! — деп қойды.

Сақасы да бір сұмдық екен. Мұстафа қолына алып он рет иіргенде сегіз қайтара алшы мен тәйкі, тек бір-бір рет бүк, шік түсті. Әбу екеуі “ер кезегі үш рет” деп бастағанмен үшеуінде де Әбу ұтылып, қалтасындағы барлық асығы Мұстафаға ауысты. Сүйтсе ол өзінің сақасына қорғасын құйыпты. Дырау сақасының шік жағын мөлшерлеп ойып, тәйкі тұсын көбірек үңгіп, оған қоса алшысын шегемен тесіп, бүктің желкесінен саңылау шығарған екен. Төрт таған етіп ойылған жерге

ертіп құйылған қорғасынның салмағы да әр түрлі. Сақаның тәйкі жағына қорғасын көбірек құйылғандықтан салмағы басып, асықтың алшы тұра беретіндігі де сондықтан. Бүк пен шік жаққа құйылған қорғасын біртұтас салмақты сақтап, қозғалмау керек. Әйтпесе олқы құйылған қорғасын әрі сырқылдап, әрі асықтың қозғалысына кері әсерін тигізіп, сақаның қасиетін кетіреді. Ойынның тәртібі: екеуі бір-бір, немесе екі асықтан салып, кішкене дөңгелек сызып, асықтарын тигісті. Сосын екеуі кезектесіп сақаларын иірісті. Әбу сақасы бірден алшы түсті. Ол шеңберден қашықтау жерге барып сақасын иіріп еді, бұл жолы шігін көрсетті. Бұнысы ойын түгіл ырымға да оңтайлы болмады. Ендігі кезек қарсыластікі.

Мұстафаның асық ату әдісі де бір ғаламат екен. Ол алдымен сол аяғын бір адым ілгері, ал екіншісін кейіндеу қойып, қолындағы сақасын бас бармақ пен сүк саусақтың ортасында біраз айналдырып тұрып алды. Сосын сол көзін қысып, сақа ұстаған қолын көтеріп, Әбудің сақасын нысанаға алды. Ойында не барын құдайдың өзі біледі, бұл ісін және бірнеше рет қайталады. Бұны карап тұрған кісінің іші пысып кетеді екен. Бұл адамның жүйкесіне ойнау әдісі. Содан кейін бір ілгері, бір кейін ырғалып барып, ұзынтұра Мұстафа барынша алдыға еңкейіп, сақасын атып жіберді. Атып жіберді деген сөз ғана. Асықпен қоса өзі де ілгері атылады. Сонда асық атылды ма, әлде ол да иесімен бірге құйындатып бара ма, ол арасын ажырату қиын, көз ілеспейді. Асығы барып топ еткен жерде өзі де тұрады, оның ұту әдісі осылай болды.

Ал екі жақ болып ойнағанда Әбу тобы бұл әдісті болдырмауға тырысып, олар ең алдымен Мұстафаның асығын “өлтіруді” көздеді. Солай болды да. Осының нәтижесінде олар Мұстафа тобын ойсырата жеңіп, мол асыққа ие болды, ал қарсыластар жағы әлде нені сылтау етіп, амалсыздан ауылдарына тездеп қайтып кетті. Әбу балалармен оңаша қалып біраз асық ойнаған, әйтсе де көбірек ұтылған өзі болды. Асыққа тигізе алмай қызарақтап, терлеп, болдырып жүр.



— Апырмай бүгін қолым неге жүрмей тұр? — деп, басын шайқап таңқалып қояды.

Кейде екі адым жердегі асыққа тигізе алмай “тфу” деп, жерге бір түкірсе, кейде ыза кернеп, басындағы көнелеу фуражкасын жерге бір ұрады. Сосын оны жерден көтеріп, жамбасына соғып, басына қайта киеді. Асық атады, тағы тигізе алмай әлек, тек қорсылдап мұрынын тарта береді. Ал ұтыңқырап жүргендер Әбудің мінезін дұрыс түсініп, оны ренжітпеуге тырысып, қазіргі қылықтарын тіпті елемегендей, Әбу де ұтсыншы деген оймен, байқамағансып оның сақасына жақындау өз асығын тастайды. Ал ол қолы түртініп тигізе алмайды. Осындайда кезегі келген бала “ө, бұзаубас, тигізе алмаған обалың өзіңе” деп, көздеп тұрып атып кеп жібереді. Сақаға сақа сақ етіп, Әбудің асығы анадай жерге ұшып кетеді. Сақалар дауысы шақ-шақ еткен сайын Әбудің нервісі қозып, миын біреу шағып жатқандай сезінеді. Ол әбден ұтылып қалтасы босаған кезде баяғы өз мінезіне басты. Бір ыңғайлы сәтті пайдаланып, барлық сақаларды жинап алды да:

— Әй, қарасирақтар, бүгінгі ұтылғандарың мен болдым. Қазір бөріңіз маған еріп мына мұнараның басына шығасыңдар, әйтпесе сақаларыңнан айырылдындар! — деп, асықтарды ұстаған оң қолын жоғары көтеріп жүгере жөнелді.

— Алға! Еріңдер соңымнан!...

Амал қанша бөрі Әбудің соңынан жүгірісті. Мұнараға бұрын жеткен ол асықтарды қалтасына салды да төрт бағаннан жасалған мұнараның қаздиып тұрған сирақтарының біріндегі баспалдақпен көтеріліп, жоғарыға өрмеледі. Қалғандары да жапатармағай көтерілгенімен, кейбіреулерінің бастары айналып, жүректері қысылып қайта түсуге мәжбүр болды. Мұндай биікке бұрын көтеріліп көрмеген Ақан да қорқып, түспекші болғанмен, Әбудің келеке сөзінен қысылып, төменге қарауға жөйі жоқ, алдағылардың соңынан көтеріле берді, өрби берді. Мұнара десе, дегендей-ақ биік екен! Өзі осы өңірдің қай-қай жерінен де анық көрініп тұрады. Мұны қашан жасады, кім тұрғызды, не



үшін керек болды, кім білген? Біреулер мұны ертеде жер өлшеп жүріп, белгі үшін орыстар тұрғызды деседі. Содан бері күн мен жаңбырға төтеп берген бұл мұнараның бөренелері тілім-тілім жарылып, түп жағының үгіле бастағанына қарағанда кем дегенде жарты ғасырды басынан өткізгендей. Осы мұнараның ұшар басына бірінші боп шыққан Әбу тістері аксиып, өлермен боп өрмелеп келе жатқан балаларға сынай қарап тұр. Әйтеуір еже басына жақын жердегі тақтай төселген кішкене алаңқайға жетті-ау, ақыры. Мұнара деп осыны айт! Беленкедей биік төбенің ең жоғары шоқтығына орналасқан осынау заңғар мұнараның ежебасына ойда жоқта шығу Ақан үшін үлкен ерлік болды. Ол Әбудің жейдесінен тас қып ұстаған күйі, оның иығына сүйене, жанына отырып, төңірекке көз тікті. Міне, ғажап! Табиғат қандай сұлу!

Көкжиекке көз жетер жерге шейінгі көрініс, тура алақандағы нәрседей анық көрінеді. Жайлаудағы өз ауылы, міне, қол созым жерде тұр. Әне бір қайшының тасасында Мұстафа тобы да Қапшық ауылына жақындап қапты. Өздерінің қыстаулары арада бірнеше өзендер болғанмен ап-анық көрініп тұр. Түбекте жайылып жүрген ауыл малдыры да шашырап жатқан көп нүктелердей. Мал ішінде асынған мылтығы шошайып орманшы Салық жүр. Не ғып жүр?! Онысы бимәлім... Қолдың тамырындай сала-сала боп аққан асау өзендер Атырауға қарай жөңкіліп ағып жатыр. Шоқ-шоқ ормандар, ашық жерлерге үйілген сансыз пішендіктер. Шегі мен шегі жоқ осынау кеңістік бала қиялын өрістетіп оны болашаққа, ұзақ сапарға шақырғандай. Ақан енді осыны өз жадында сақтап тезірек ер жетуді аңсады...

## 8

Бұл өңірде күздің басы бүлдірген піскен кез. Неғұрлым жаңбыр жиі жауса, бүлдірген де сонша көп шығады. Міне, биыл да солай. Балалар осы бүлдірген терудің машақатын да, бар қызығын да көріп, емін-еркін, мәз-майрам болған. Қолдарындағы



ыдыстарын алдақашан толтырған, қазір өздері жеп, балалар саялы теректердің көлеңкесінде, көк шөптің үстінде демалысқа жайғасқан. Осы сәт жаға бойында өскен қоғажайлы-қопалы шөптердің бастары қозғалып кетті. Балалар әуелі, үркіп қашқан балық деп ойлаған, бірақ артынша сол жерден сумаң етіп қайықтың тұмсығы көрінді. Үстіне толтыра ағаш тиеген. Қайық күйрығында отырған жалғыз адамда үн жоқ. Шөптің басы жәй қимылдағаны болмаса қайық та ешбір үнсіз лыпып келеді. Балалар елең етісті.

— Әй, мынаны орманшы Салық көрсе табанда оқ атады ғой. Өлейін деп жүрген бұл кім өзі? — деді Әбу, онсыз да үрпік шашы одан бетер тікелейіп.

— Балалар, меніңше мынау дәл Салықтың өзі, — деді Ақан.

— Мәс-саған, мынаны қара, — деді тағы бір бала, — Жұртқа ағаш алғызбай, жанашыр болып жүретін Салық, енді өзі тәртіп бұзыпты.

— Бұл оңбаған солай, — деді Әбу, — елден қызғанып еш жанды жолатпаса да өзі ұрлайды. Сосын оны апарып Көріндегі орыстарға сатады, ақшасын араққа салады. Оның қолынан келері тек ұрлық жасау.

Су бойындағы дыбыс тым тез естілгін. Салық жаға бойынан балалар дауысын естіп, қайығын тездеп кең арнаға бұрды. Ойы арғы бетке шығып кетіп, өзін танытпау. Бірақ балалар бәрібір оны көріп қойды. Осы көргендерін олар кешкісін үйлеріне айтып барады.

— Құрсын ол, құрып қалсын! Күнін көрсін де жүре берсін. “Ұрлық-ұрлық түбі қорлық” деп текке айтылмаған, ақырында өзі құриды ғой, — дейді үлкендер...

Әбу өз серіктерін жинап былай деді:

— Әй, балалар, біз бүлдіргеннің де біраз қызығын көрдік қой, давай, енді шүйлім теруге барайық... Дәл қазір шүйлім піскен кез. Осы жерден онша қашық емес, мына біз тұрған аралдың со-нау мүйісінен айналсақ, келесі жапсарлас арал-түтқындар жылым тартатын жер, “Платонов” аралы деп атанады. Екі ортада шағын өзек бар, ал соның іші жайқалып шүйлім өсіп тұр. Біз

жақында Долда екеуіміз қайықпен барып, бір шелегін теріп, пісіріп жедік. Тәттілігі тілінді үйіреді ғой, бір жесең дәмін еш уақытта ұмытпайсың.

— Әбу, жаңағы айтқаның, қалай шүйгім дедің бе, ол немене? — деді жас баланың бірі.

— Ой, мынау мұрыны иіс біле ме десем, надан екен ғой. Қайран қараңғылық-ай! Шүйгім емес, шүйлім, яғни су жаңғағы. Демек жаңғақтың бір түрі, тек суда өседі. Шағын төрт мүйізді өсімдік. Қабандар қорсылдап, жаңғағын шағып, керемет құшырлана жейді. Тәтті ғой! Адам денсаулығына да пайдалы, тек оны ішіне тұз салып пісіру керек, — деп Әбу біраз анықтама берді. Мұндай үгіт-насихаттан кейін балалар қалай шыдасын, қайықпен соған бет түзеді. Әбу айтқан аралға барғанда балалар шүйлім өскен көк-жасыл алқапты көрді. Бір ғажабы бұ жерде шүйліммен бірге тұңғыық гүлдер де өседі екен. Керемет аппақ гүлдер! Тура суда жүзген аққу қаздар сияқты. Ал шүйлім өзі жасыл шөптесіннің астына тығылған, су бетіне тек жапырақтар ғана. Оны көтеріп қалсаң астында мүйіздері шошайып, сабағында піскен шүйлімдер тұрады. Ерте піскендері сәл қимылдаса сабағынан қиылып, су түбіне кетеді, одан бірнеше жылдан кейін шүйлім өсіп шығады... Балар қайықпен жылжып отырып әрқайсысы бір бір шелектен шүйлім теріп, мәз болысты. Қайық жылжыған сайын су астында дүркіреп балықтар кашады, сүйтсе олар бұл жерге жайылымға келеді. Келер жолы балалар шүйлімге келгенде балық ұстауға ау да әкелетін болды...

Дәл осы сәтте өзеннің арғы бетінен адамның қатты шынғырған дауысы естілді. Балалар елең етісті. Әбу сыбырлаған дауысымен:

— Бәрің де қайық түбіне жатыңдар! — деп бұйырды. Балар қайық ішіне құлай кетті. Әбу дыбысын шығармай қайықты жағаға жақты. Балаларды қасына ымдап шақырып, енді олар қоғажай арасына жасырынып, судың арғы бетіндегі болып жатқан оқиғаны бақылады. Сүйтсе екі солдат бір тұтқынды кезек-кезек ұрғылап, ақыры, әлгі бишараны сұлатып салды. Балалар бұндай бейбастақты бұрын көрген жоқ-ты. “Платонов аралы”





түрмедегілердің жылым тартатын орыны. Оған бөтен адамдарды жолатпайды, оны әскери адамдар әрдайым қадағалайды. Жоғары жақтағы Ескі Рычан аралында жаңа колониясы, ал мына аралда үлкен барак үйі бар. Бір звеносы осында кезектесіп жылым тартады. Оларды апта сайын басқалары алмастырып отырады, солдаттар әкеліп, әкетеді. Олар мұздай қару-жарақпен қаруланған. Балалар көрген солардың қарекеттері. Үлкендер ол аралға бармаңдар деп ескерткен болатын. Бірақ бала дегенің бола ма, айтқанды тыңдай ма? Екі солдат әлгі сорлыны сүйреп әкеткендерін көріп жүректері шайлығып қалды. Қалайша совет солдаты адамды тепкілейді, неге адамды бүйтіп қорлайды? Әлгі мектептегі лозунгі: “Адам адамға дос, жолдас және ағайын” деген қағида қайда?

Балалар бұл жерден кеткенше асықты...

## 9

Жаз айының соңғы жаймашуақ күндерінің бірінде жайлауда отырған осы ауылға сонау Көріннен үш апай келді қыдырыстап. Өздері сәнді киінген. Ақ матадан тігілген көйлектері денелеріне күйып қойғандай жарасымды, омыраулықтары әдемі өрнектерімен көмкерілген. Лента қосып өрілген ұзын шаштарын тастай етіп желкеге жинап қойған. Бастарына жібек орамал салып, қолдарына ұзын сапты қолшатыр ұстапты. Бұл келгендер апалы-сіңлілер — Гүлай, Шырай, Шәһида. Үлкені Гүлай Көрін жетіжылдық мектебінде мұғалім, Шырай сондағы нардомды басқарады, ал Шәһида қалада оқиды.

Олар жайлаудағы үйлерді аралай кеп Бейсекеңнің үйіне тоқтады. Біраз үйдің есіктері жабық, бәрі пішендікте, ал балалар болса, көбі ертеңді-кеш судан шықпайды. Қазір де солай. Олар өзен жағасында, майлы қара батпақты үстеріне түгелдей жағып алған, кімнің-кім екенін ажыратып болар емес. Апалы-сіңлілер жандарынан өтіп бара жатып біраз күлісіп алды, шамасы өздерінің балалық шақтары естеріне түскен болса керек.

— Араларында Ақан деген бала бар ма? — деп сұрады апалардың бірі.

— Бар, бар! — деп жалаңбұт жүрген балалар жамырап қоя берісті.

— Кәне, кәне, қайсың? — деп, апайлар қайта сұрады. Бірақ мен ғой деп ешкім айтпады. Балалар да көрсетпеді. Сосын қара майлы балалар да, апайлар да біраз күлісті. Айтпақшы, майлы қара батпақ соңынан емдік қасиеті бар шипалы нәрсе боп шықты.

Сонымен қыдырып келген қонақтарды үй иесі Бейсенғали Шора-Бекұлы өзі қарсы алып, қонақтарды төрге жайғастырды. Аман-саулық сұрасып, танысып-біліскен соң жөнді әңгіме басталды. Қонақтар осы ауылдың бұрынғы тұрғындары болып шықты.

— Оқу жылы басталар алдында жайлауға шығып, бірауық серуендегіміз келді. Ауылды сағындық... Сосын барып келейік деп жолға шықтық, — деді Гүлай.

— Жөн-ақ, қош келдіңіз! — деді бір ауыз сөзбен Бейсекен.

— Бұрындары біздің үйлер осы жерге жайлауға көшетін. Ол кезде жаға бойына биік бәйтеректер өсетін, әр үйдің өз терегі болатын. Сол теректердің көлеңкесінде екі-үш құлынды биелер тұратын. Қымыз еркін дегендей. Қазір олардың бәрі қоғам қолына өтіпті деп естиміз. Қымыз да жоқ, бәйтеректер де көрінбейді, — деп қойды Шырай.

— Заман өзгерген сайын, ел де өзгереді ғой, қарақтарым. Бәрі де соғыстың зардабы, — деді Бейсекен тағы қысқа ғана. Әңгімеге Гүлай қайта араласты:

— Қазір ауыл жайлауға қайықпен көшеді екен. Ал ол кезде біздің үйдегілер үлкен-үлкен кемелер мінетін. Малды да соған тиейтін. Кемелер аппақ желкендерін желбіретіп, әркім өз суатына кеп жағып тұратын. Ой, апыр-ай, дүние-ай, десеңізші!

— Балалық шақтарыңыз сағыныш сағымындай алыстан қол бұлғапты ғой, — деп құптап қойды Бейсекен тағы да.

— Жол-жөнекей келе жатып айнала табиғатқа қараймыз. Өзіміздің жайлауда өткен балалық



шағымызды еске түсірдік. Ол кез, соғыстың алдындағы жылдар ғой, жастар көп болушы еді. Адамдар жағалай ауыл-ауыл болып отырушы еді. Көрін ауылы мен жайлау арасы, одан әрі шаруашылық басы – Қапшық ауылы адамдары көп, әрлі-бері ағылып жатушы еді. Өзен бойында желкенді кемелер, кішкене қайықтар жұмыс бабымен болсын, мейлі той-томалаққа болсын, әйтеуір, барыс-келіс, алыс-беріс емін-еркін болатын. Талай рет жеңгелеріміздің тойлары деп, немесе құдалардың еліне деп Атырау жеріне, тіпті Нарын құмына шейін, мына жағы Ақай-Зұмырын батағаларына дейін кемелермен апталап жүріп, барып-келетін, — деп қойды Шәһида да:

— Тіпті кейбір ауылдарға “переселенцы” деп аталатын ағайындар топ-топ болып көшіп кеп жатушы еді. Қазір бәрінің аяқтары тиылып қалған. Оған сұрапыл соғыс кінәлі ма, әлде елге індет боп тиген аурудың кесірі ме? Әйтеуір бұрынғы халық жоқ...

Бұдан кейін Гүлай әңгімесін қайта жалғастырды.

— Әлі көз алдымызда, кешегі соғысқа аттанған ағаларымызды аудан орталығына жинап, одан “Зюйд” параходына отырғызып, облысқа Астраханға алып жүрді. Ауданға қатысып тұратын адамдар айтып келді. “Ертең азаматтарды қалаға апарары екен” деп. Сол күні параход Көріннің жанынан мүйістен айналып өткенде қайта-қайта гудок берді қоштасып. Сол кезде төменгі ауылдардан, жан-жақтан қоштасуға жиналған адамдар жаға бойында қаптап тұрған. Араларында жеңгелеріміз де бар сәбилерін көтеріп келген. Параход гудок берген кезде ондағы біздің ауылдың азаматтары бір жақ қабырғаға жиналды ғой. Сонда параход сол жақ жамбасына қисайып, жағаға тиіп барып, тиіп барып, біраз жерге шейін тұнық суды лайлап кетті. Улап-шулаған дауыстар, ешбір сөзді түсініп болмайды.

Тек қош-қош деген сөздер ғана. Біраз жеңгелеріміз жас сәбилерін көтеріп жар бойымен жүгірісіп, азататтарының аттарын айқайлап атап, соңғы рет қоштасып қалған. Сол топтың ішінде Қанипа жеңгеміз де жалғыз ұлы Ақанды жөргегіне ораған күйі басынан



асыра көтеріп, өзі ботадай боздап, біраз жерге шейін жүгіріп барғанын көзімізбен көре қалдық. Сонда параход үстінде де толған адамдар. Бәрі де қолдарындағы орамалдарын бұлғап, қош айтысып, кете барды. Сол адамдардан сау қайтқандары саусақпен санарлық қана... Сонда жөргекте жатқан Ақанды бүгін танымай қалдық, қап-қара боп күнге күйген, деп Гүләй әңгімесін аяқтады...

Сыпайы әңгіме шәй үстінде жалғасты. Бұл жолы көбірек үй иесі сөйледі. Күнсұлу жеңгей қонақтарын баппен күтті. Бейсекең көңіл көтерген боп, домбырасын қолына алып, "Нұрлан-Тарлан" деген екі ұлына арнап шығарған ұзақ толғауын айтты. Соңынан Бейсекең күлкі үшін "Үш атып бір қашқалдақ өрең алып, қалайша келіп тұрсың, отағасы?" деп, итінің өзімен айтысқан ұзақ өлеңін жырлады. Сонда кереге басында ілулі тұрған Бейсекеңнің мылтығына келген қонақтардың көздері түскен. Тыңдаушылар мәз болысты.

Шайдан соң Бейсекең Атыраудан әкелген патефонын ойнатып, Роза Бағланова біраз өн шырқайды. Келген қонақтар да, Бейсекеңнің отбасы да бүгінгі осынау отырысқа дән риза болысты. Қонақтар аттанып кетерде осындағы таныстарына дұғай-дұғай сәлем айтып, Бейсекеңді Көріңге қылырыстап келуге шақырып кетті. Апайлар кетерде өзен жағасынан еш баланы көре алмады. Үй тасасынан бақылаған Ақан үш апай туралы кешке келген анасына әңгіме етті...

## 10

Жайлау күндері зымырап өтіп жатты. Аралдағы шөп аяқталып, қазір орақ қыстау жеріне түскен. Бұл кезде күздің де басы көрініп қалды. Соңғы кездері күн жарықтық қайта-қайта жауындатып, пішеншілерді үйлерінен шығартқызбай қойды. Міне бүгін де солай. Күн ашық болғанмен пішен өлі кеппеген. Шөпке бармайтын болған соң ана мен бала таңертеңгі шайларын асықпай ішті. Шайдан соң Қанипа кір жуып, баласының қолына ағаш қасық беріп, бір табақ май былғатқызып қойды. Бастапқыда ақ парак қағаздың бетіндей сүйкыл қаймақ біраздан кейін өжімдене



бастады. Міне енді сол әжімдер тым тереңдеп, бет жағына шым-шымдап ақ су шыға бастады, көп кешікпей табақ толы қаймақтың мысы құрып, ағаш қасықтан да сытылып түсіп, өзі ортаға жинала бастады. Мұны көріп анасы:

— Міне, жаралың, құлыным! Біткен істің міні жоқ, май түсті, — деді ол баласына ризалығын білдіріп. Ақан да демін бір алып, маңдай терін сүртті. Дәл осы кезде сырттан шаң-шұң әйелдер дауысы естілді, сосын сықырлауық есік сарт ашылып, үйге асып-сасқан екі жас келіншек кіріп келді.

— Жеңеше, сүйінші!.. Қарт апам келіп, үй сыртында түйесінен түсіп жатыр.

— Не дейді, құдай, жасаған!

Ана да, бала да “алақайлап”, енді бәрі сыртқа лап берді. Айтқандай желі басында етек-жеңі мол, ақ киімге малынған, оюланған кимешегіне биік етіп ораған ақ жаулықты, ақсары кемпір шөккен түйеден түсіп, өркеш аралығына өңгерген зіл қаратас қоржынды көтеріп шығара алмай жатыр екен.

Жұрттан бұрын жеткен Ақан екі аяғы салақтап нағашы шешесінің мойнына асыла кетті. Әже де қатты сағынып қапты, иегі кемсендеп, боздап жіберді.

— Ай-на-лай-ын, қа-ра-ғым! — жиенін құшақтаған күйі нағашы шешесі теңселіп тұр:

— Сұң-қар-дан қал-ған қа-на-тым, тұлпардан қалған тү-яғы-ым-м!

Осы кезде Қанипалар да келіп жетті.

— Сәлем бердік, апа! — көздері жасқа толы бәрі де кемпірді құшақтап, қолтығынан демеп тұрғызып жатыр.

— Амансыңдар ма, қарақтарым! Апырмай жетпісімде де сендерді көретін күн болады екен ғой! Тәубә, тәубә! Құдайға құлдық! — деп, өзі де уһлеп-аһлап қояды.

Осы бір мейрімді, кең пейілді абзал жанды, жасында сұлу атанған, қазірде өзінің жеті мүшесін таза ұстайтын, кербез мінезділеу, әрқашан сәндіне киінетін осы кеуананы талай жерге апарып жүрген, осы ауылға да араға алты жыл салып алып келген, мына аруана жаңағы көрініске паңдана, мойнының әдейілеп бұра қарап, содан



көңілі орнына түсіп, жайбырахат күйіс қайырды. Аналар бірін-бірі сүйемелдесіп, мейірлене құшақтасқан күйі, көкорай шөпті мамырлай басып киіз үйге қарай беттеді. Көрші үйлерден көриялар, томпаңдасқан балалар Қанипа үйіне қарай жүгірісті.

Бір-екі ер адам аруана белінен дәу коржынды әрен түсіріп, көтеріп үйге алып жүрді. Аруана да белінің біржола босағанын сезіп, көкшөпке бауырын төсей, ұзын мойының ілгеріге созып, рахаттана тыныстай бастады.

Әжесі әкелген көп нәрсенің ішінен Ақанға деп өзі тіккен дөңгелек елтірі бөрік, бір дорба асық, қырсағызы және құмға еккен, дәу қарбыз. Сол күні Қанипа үйі қонаққа тағы кенеді...

## 11

Күтпеген сұмдық оқиға аяқ астынан болды. Таң алдында малға шыққан Қанипа қара сиырының жанынан бұрын екі елі ажырамайтын ақ маңдайлы тайқашарын таба алмады. “Ойпырмай, кеше кешкісін түгіндік басында өзі кеп біраз әукесін қасытып еді ғой. Енді міне, зымқайым жоқ...” Қанипаның жүрегі суып қоя берді. Әр жерде бытырай жатқан малға мойынын созып бірауық қарап еді көзіне түсе қоймады. Сыдырып отырып біраз малды аралап шықты. Көрінбеді.

Ауыл үсті тым-тырыс, еш нәрсенің сызы білінбейді. Мал саууға әлі ешкім тұрмапты. Қанипа желі басына қайтып келді. Не бір жамандыққа жорығандай денесі түскір, дірілдей береді. Жайбырахат, биқам жатқан қара сиырын шу-шудің астына алып әрең тұрғызды. Ол еш нәрсеге түсінбей бүктеліп-созылып біраз керілді. Екі бөксесін құйрығымен бір-екі рет еріне сабалап қойды. Қанипа енді тездеп үйге келді де босағадағы әлі ұйықтап жатқан ақтанау бұзауды бас жібінен тартқыштап тұрғызып, табалдырыққа тұқайларын соға сыртқа алып шықты. Сүйрелей жетектеп анасының бауырына әкеп басын сұқты. Өзі не істеп, не қойғанын сезбейді. Тым асығыс. Сиырын шала сауып үлгерді. Ауыл әйелдері әлі сауынға тұрған жоқ. Тек көзінің шалғаны Дүйсен



қарт ескі күртесін жамылып ауыл сыртына найқала басып кетіп барады екен. Дәретке шыққан кәриядан жоғын сұрауға Қанипаның дәті бармады. Үйге қайтып кеп-самаурынға су құйып, от жіберді. Асып-сасып жүріп күндегі өдетінше үйдің түндігін ашпақшы болды. Бірақ қырсыққанда өншіінде ашып жүрген түндікбауға қолы жетпеді. Қолын әрі-бері созып көрді. Болмады. Сонда ғана есіне түсті. “Құдай-ау, мына түндікбау кесіліп алыныпты ғой!”. Тай қашарының жоғалғанына Қанипаның енді көзі әбден жетті. Малына келген ұры мына баумен мойынынан байлап жетектеп кеткен. Қанипа бақырып қоя берді. Мына ышқынған дауыстан шошып оянған анасы көйлегінің етегіне сүріне-қабына кеп шық басқан шөптің үстінде жатқан қызын тұрғызды.

— Сақтай ғөр, құдай! Не боп қалды, қарағым-ай?

— Апа, тай қашардан... айырылып қалдым ғой!

— Не дейді, жазған құдай?! Қой, мал табылар, қайда кетті дейсін. Тұр, үйге жүр! Үсті-басың малмандай су. Өкпеңе салқын тиеді.

Бұл кезде ауыл әйелдері, бірі Қанипаның үйіне “не боп қалды” деп, шапқыласып, бірісі сауын сиырларының жанында аңырайысып тұр. Әйелдер у-шу.

— Әй, айтсандаршы, не боп қалды?

— Жазған шіркінге не болды, бірің үйге кіріп біліп шықсандаршы!

Мән-жайды білген адамдар Қанипаның жоғалған малын жорамалдап, ұрының қайдан екенін өздерінше болжап-пішіп жатты.

...Қанипа апыл-құпыл киініп, Ақанын ес болар деп, жанына ертіп, түбектегі жалғыз үй жылқышы Жұмағалидікіне тартты. Келсе күрке ішінде әйелі екеуі таңғы шайларын алдарына жаңа алған кез екен. Күркенің бір бұрышына құрылған масахана ішінде бір-екі бала пысылдап әлі ұйқыда жатыр. Би-жай кісі келмеуге дағдыланған Жұмағали Қанипаға таңырқай карап, орынынан ұшып тұра кеп, оны шайға шақырды. Үйге бала жетектеп кіріп келген әйелді көріп Жұмағалидың зайыбы да шошып кетіп, “пісіміллә” деді. Қанипа шайға отырмастан босағаға дізесін бүгіп,



іркiлместен “қайным” деп сөз бастап, келген бұйымтайын айтты. Сөз аяғында:

— Түнде жылқы қайырып жүріп көзіңе түспеді ме?— деп Жұмағалиға шүкішія қарады.

— Ойпырмай, жеңеше-ай, мына көзқарасыңнан қорқайын дедім. Мені ұрысың деуден саумысыз.

— Қайным, қалай ойласаң, солай ойла! Соғыста азаматымнан бір айырылып, тетелес өскен үш қызымды бір ай ішінде қара жердің қойнына беріп, енді міне жоғымды іздеп, қан жылап жүрген менде қандай мейірімді көзқарас қалды дейсің?!

— Ойбай, жеңеше, таңғы дәм-тұзымды, міне, дастарқанымнан “пісіміллә” дегелі отырмын. Мына жатқан екі баламның өміріммен ант етейін, жеңгетай, жоғыңды менен көрме!

— Ой-бой, жеңгесі, — сөзге енді өйелі араласты, — құдай сақтасын, бұл түнде үйде болды.

— Ойпырмай, мынау бір сұмдық хабар болды ғой. Қоғам малы аман болса жарар еді. Жеңеше, кетпеңіз, мен қазір..— деп, Жұмағали ұстап отырған кесесін жерге қоя сап, жалаң аяқ, жалаң бас, үй маңында тұсаулы жүрген атына шапты. Әйелі Қанипаны осынша өтініп, шайға отырғыза алмады. Тек Ақанға бір шакпақ қант алғызды. Әне-міне дегенше Жұмағали қайтып оралды.

— Өйтеуір мал аман екен, — деді ол, — өзім де шошып кетіп ем. Ал, жеңеше, менің болжауымша ұрының өкіметтің қорына түспей, жекенің малына тиіскені, колхозға жұмыс істеуден қашып, жан бағып жүрген біреудің әрекеті. Соны іздеңіз, соны сұрастырыңыз, — деді...

Қанипа үнжырғасы түсіп ауылға қайтты. Жалғыз аяқ сұрлеумен ана жанында келе жатқан Ақанның көзі жол бойы бойлап өскен қалың бұлдіргенге түсе берді. Анасынан сұранып теруге оның дәті бармады. Ана мінезін біледі. Оның үстіне қазіргі жағдай бұлдірген теріп, бейқам жүретін кез емес. Тездеп жоқты тауып алу керек. Бірақ оның бұлдіргенге жаутаң-жаутаң қарағанын келе жатқан анасы сезген болса керек, бір кезде:





— Бара ғой, балам, бүлдірген теріп же. Мен жәйлап жүре берейін. Тек көп кейін қалып қойма!

— Өй, алақай!— деді баласы. Сүйтті де қолына малақайын ұстаған күйі самсаған бүлдіргенді тере бастады. “Біз бүлдіргеннің көп жерін білмей жүр екенбіз. Балаларды жинап осы жерге жуықта келу керек”. Анданда ана жаққа қарап, ол тым ұзақырап кетсе, жолға шығып біраз жер жүгіріп-жүгіріп алады да қайта бүлдірген теруге кіріседі.

Енді бір бұрылып қараса, анасы жолды кесе-көлденең өтіп қоғажайға, шалшық көлге қарай кетіп барады екен. Қалың өскен көк қоғаның етегінде құстар ұшып, қонып жүр. Анасы сол жерге жақындаған сайын жүрісін тездетті. Енді бір кез тіпті баяу жүріп қалды, енді бір сәтте анасы жерге құлай кетті. “Ойпырмай не боп қалды?”. Ақанның зәресі ұшып, “мамалап” бақырған күйі жүгіріп, анасының қасына жетіп барды. Оның бетін басқан күйі жылағанын көрді. Таяқ тастам жерде ақ мандайы жарқырап, көздері аларған, тілін тістеп қалған күйінде тайқашарының бас-терісі, ішек-қарындары ақтарылып жатыр екен. Құстар шашқылап тартқан болса керек, кейбір мүшелері қансырап, шөп пен батпаққа былғанып қалыпты. Ақан шошып шынғырып жіберді. Осы сәт анасы басын көтеріп еді, Ақан оның алдына құлай кетті. Ана мен бала біраз жыласты. Бір кезде анасы өксігін баса алмай, сөйлеген сөзін де бөліп-бөліп:

— Жаным,.. қарашы,.. ала бүйрегің тіпті бізді қимай кеткендей, көз алды ағыл-тегіл жасқа малыныпты. Тіпті мойнындағы басжіп те шешілмепті. Атаңа нәлет, қарақшы!

Баласының енді қарауға жүзі шыдамады. Сосын Қанипа оны жерден тұрғызып алды да, өлексеге тіпті қол ұшын тигізбестен, денесін тік ұстап, Ақанын жетектеп, ауылға қарай жүріп кетті.

— Басымыздан садақа! Келген бір ауыртпалық, осымен кетсін!

Үйге келсе Ақтөс қаншық күшіктеп жатыр екен... Қанипа екі-үш адамнан сұрастырып көрші ауылдағы

Салықтікіне беттеді. Ауылдың ең шетінде алшақтау тұрған үйдің жанына келгенде Қанипаның ошаққа көзі түсіп еді, одан от көрінбеді. Тек беріректе дәу жез самаурын қайнап тұр екен. Басқа сезікті ешнәрсе жоқ. Ауызғы үйдің есігі ашық. Салықтың әйелі болса керек, камшыдай қатқан қара қамыр илеп отыр.

— Сәлем бердік! — деді Қанипа басын есіктен сұғып, баяу ғана: — Жолы үлкен жеңгем боларсыз, не жасы қарарлас құрбым боларсыз, азаматыңызда бір шаруам боп келіп едім.

Әйелдің дауысы баж етті. Шошып кетті ме, әлде мінез көрсетті ме, аман жоқ, сау жоқ:

— Ақырғы заманның әйелі бай іздейтін болған ғой! Бұрын ер әйелді іздеуші еді,— басын көтерместен қамырын илей берді:

— Босағаны тоздырмай-ақ қой, оған бәрібір ешкімді алғызбаймын!

Қанипа да бұл жауапқа енді түгінеп кетті:

— Қойнындағы байынның басқа біреуде ойы бар-жоғын не ғып білмей жүрсің? Шамасы үйде түнемейтін кездері болады ғой!?

— Ей, кімсің өзің алқымдап бара жатқан?

— Байында қызметім бар делім ғой!

— Ол ұйықтап жатыр. Тұрмайды!

— Тал түске шейін ұйықтап жататындай қай қауырыт шаруаны бітірген жан?

— Түнде пішен жауып кеш келген. Ал білгің келгені сол ма, пішен шауып, пішен...

— Колхозға тырнақтай пайда келтірмей жүріп, өкіметтің қорына түсіп шөп шабуға қандай қакы бар? Біз өзіміз шөп шауып, дайындап жүріп, қия бір бау ала алмаймыз, сонда ол қалай алады?

Осы кезде ішкі есік шарт етіп ашылып, терезесі жабылған тас қараңғы үйден тап бір көрден шыққан аруақтай, аузы-басын түк басқан, ұйқы көрмеген көздері қып-қызыл қанталаған, шаштары сабалақ-сабалақ, көйлек-дамбалшаң еңгезердей біреу шыға келді. Салығы осы болса керек.

— Бұл неткен айқай!? — деді ол даусы күжілдеп.



Оның қазіргі түрі жыртқыш аң тәрізді. Інінде тыныстап жатқан құзғынды дұзаққа түсіруге қаракет жасап қозғағанына ызалы.

— Бұл сұрақты менен емес мынауыңнан сұра, — сөзге алдымен әйелі араласты.

— Кімсің өзін, не шаруаң бар, әй қатын, — деді Салық тағы күжідеп.

— Шаруасыз кім жүруші еді, болған соң келіп тұрмын. Колхоздың ұрықсатынсыз неге шөп шабасың. Басқармаға шақыртып шөбінді алғызсам қайтесің?

— Мені шөп шапты деп кім айтты?

— Әйелің!

Ол осы сәт көзі аларып әйеліне қарады. Көздері атып жібергендей. Енді ол қайта Қанипаға бұрылды, есін қайта жинап:

— Олай болса бар да тап. Әне, су жағасында қайығым тұр. Сонымен ойыңа келген жерлерді арала! Егер таба алмасаң..., — ол қалтасынан сып еткізіп үп-ұзын, ағаш сапты пышағын шығарып алды, — Мынаумен тіліңді кесіп аламын, — деді. Қанипа осы сәтте бәкінің майсақтанған жүзі мен сабына жабысқан мал майының жұрнағын көріп қалды. Мұны сезген Салық пышағын қайта жасырды.

— Ал сен қатынмен артынан сөйлесем, — деді ол әйеліне, сосын Қанипаға қарап:

— Не ғып тұрсың селтиіп?! Бар делім ғой саған, бар! Ол Қанипаны өңменінен итеріп жіберді.

Қанипа енді келген шаруасын айтуға ыңғайланып еді, Салық ырқына бермей оны үйден шығарды. “Мұсылман баласы ғой, ағайыншылап айтып көрейін, мүмкін, мойындар. Шарасыз, мұқтаждықтан жасаған шығар. Мүмкін, көз жасымды көріп, жаны ашыр” деп келген Қанипаның ойы көкке ұшты. Сыртқа шығарып алған соң, Салық енді қол жұмсауға кірісті. Ол тіпті Қанипаны бір-екі рет жұдырықтап та жіберді. Сонда Қанипаның дауысы қатты шықты:

— Сенің маған қол тигізуге ешбір қақың жоқ! Сен мені білесің бе? Мен... мен... семиө пронтабикә!..

Қанипаны енді ашу қысып, бір алапат күш билеп ала жөнелді. Оның ендігі ойы қол жұмсаған Салықтан өш алу еді. Ол жұлқынып, Салықтан сытылып шықты да екі аттап, қайнап тұрған дырау жез самаурынның қасына жетіп барды. Біраз қонақты бір өзі атқаратын дәу самаурынды қалайша жеңіл көтеріп алғанын байқамай қалды. Сүйтті де өзіне қарай екпіндеп келе жатқан Салықтың үстіне тастап жіберді.

Үстіне құлаған самаурыннан Салық бақырған күйі ыршып түсті. О, тоба! Осы сәт Қанипа өз көзіне өзі сенбей жағасын ұстай алды. Құлап түскен самаурыннан буы бұрқыраған ыстық су емес жас малдың сорпасы мен кесек-кесек ет жерге төгілді. Салықтың саскалақтап есі шықты.

— Мен сенен шөп дауын емес, кешегі мына ұрлап сойған малымның дауын қуа кеп едім. Міне, соған көзім жетті. Сұм Салық, өзіңнің, тіпті үрім-бұтағыңды, мына менің қан жылаған көз жасымды көрген, құдайдың қарғысы атсын!...

Қанипа қатты алабұртқан күйі, Салықтың қасына жетіп барды да оның бетін қос қолымен осып-осып жіберді. Тап осыны күтпеген Салықтың көз алды қарауытып, қан жоса болған бетін қолымен қалқалап:

— Ой, әкеңнің..., қайда, қайда... мылтығым? — деп, үйіне сүңгіп кетті. Оған қосыла “ойбайлаған” әйелінің де дауысы жалғасып шар-шар естіліп жатты.

Қанипа тез бұрылып, ағыл-тегіл аққан көз жасын сүртпестен, көз алды тұманданып, келген ізімен ауылға жүріп кетті. Тек артынан гүрс-гүрс атылған мылтық дауысы емес-емес құлағына жетті...

## 12

Өмірдегі әділетсіздіктің осынау сорақысын көрген Қанипа күр сүйегін сүйретіп өз үйіне оралды. Көрген-түйгенін анасына түгелдей айтып берді. Әңгіме аяғында өз шешімін былай хабарлады:

— Енді ауылсоветке барып шағым берем, тексеру шақыртып Салықты ұстатам!. Ол менің азаматымның жолына арнаған ақ адал малыма қолын салды...



Сөзін быраз тыңдап отырған анасы:

— Дау қуып қайтесің, қарағым. Тағдырдың саған сыйлаған сыбағасы аз ба еді?! Бұйырмаған бір малың болсын, арам өліп те қалады ғой. Ал ол ұрлық қып тапқан табысын бәрі-бір бойына сіңіре алмайды. Қара да түр. Сенің көз жасың оны текке жібермейді. Амандық болса қырдағы ауылға барған соң, өзіңе бір мал жібергіздірем. Соны соғыста қалған азаматыңның жолына садақа етіп, жұртыңа таратып, халықтың фатикасын ал! Сосын айтшы, өзіңнің кімің бар, осында арқа сүйер? Тек екеуің ғана қалдыңдар. Бірінің басына қиындық түсе қалса, екіншіне ауыр тиер. Одан гөрі, ауыл жайлаудан қайтар кезде, сендер бізге көшіндер! Өзімізбен бірге болыңдар! Әкең бар, шешен бар, ағайындарың бәрі қасымызда. Өсіп келе жатқан Ақанды да, өзіңді де жалғызсыратпазбыз. Менің сендерге қыдырып келгенде айтпақ ойым да осы болатын. Енді, міне, өзім де сенің басыңа түскен тағы бір пәленің куәгері болып отырмын. Қарағым, есің бар да еліңді тап, қасымызда болыңдар! — деді анасы.

Әрине, анасының мынадай шешімін Қанипа тіпті күтпеп еді. Өзі де көп ойланды, біраз толғанды, сосын ақырғы шешімін кетер күні анасына жеткізді.

— Айтқан ақылыңызға мың да бір рахмет, анашым!, — Қанипа келіп қалған көз жасын анасынан жасыра алмады. — Айтуыңыз өте орынды, құдай қосқан азаматымның қызығын да дұрыс көре алмадым... Дегенмен одан қалған жалғыз да болса тұяқ бар. Азаматымның шаңырағын үйдің ортасына түсірмейін. Баласын да өсіріп-өндірейін. Мен, асылы, қайтып бара алмаспын, апа! Жүрмедің деп көңіліңізге алмаңыз. Тағдырдың тағы қандай сұбағасы бар екен, оны көрейін. Құдай салды, мен көндім. Ренжіменіз, анашым, — деп Қанипа анасының алдына басын сүйеді.

Анасы да бірге егілді...

Арада күн өткен соң Қанипаның анасы қырға қайтып кетті. Қоштасарда қызы мен Ақанның бетінен алма кезек сүйіп, Қанипаға:

— Осы бір тұяқты дұрыс өсіріп, адам қатарына қосу, сенің аналық міндетің, соны орындасаң азаматыңның алдында да борышыңның өтелгені! Осы ұлдан бір үмітім бар, тек аман болғай!.., — деп үлкен әже, сонау Көрінен өдей келтірілген өзінің түйесіне қарай мол денесімен ырғала басып ұзай берді...

Ана мен баланың алдында ұзақ бұлыңғыр өмір жолы жатты...





## СҮРЖЫЛАН

(повесть)

1

Сүржылан әбден қартайған. Түрінен адам шошырлық, кейіп-кескінін көрген кісінің денесі тітіркеніп, абайсызда кездесе қалса жан біткен сүрқынан безіп, жанарын амалсыз тайдырып әкететін. Ол бұрын жас қыздың жуан бұрымындай бір-біріне оратылып, балауса көк шөптің арасында күншуақта қыздырынып, күллі денелері балбырап жататын жыландар ордасынан әлдеқашан аластатылған. Баяғыдай қауқар да жоқ.

Keң арналы өзеннің арғы-бергі жағасына судың асты-үстімен зулап өте беретін кездер-ай! Жұптасу кезінде аналық үшін аталық жыландар арасында болатын айқастардың дәл ортасынан табылатын. Бойда қайрат пен жігері бар кезінде сүржылан серіктерімен тек төңіректі шолумен шектелмей, кең-дарияны емін-еркін жүзіп, алыс-алыс елсіз аралдарға да барып қайтатын. Ол да бір қызық дәурен екен-ау! Ал қазір сүржылан соның бәрінен ада. Тышқаншылаған кәрі бүркіттей ұсақ жәндіктерді қорек етіп, мына құрлық атаулының соңғы мекені, Ұлы дарияның қылқа тамағына орналасқан осынау ауылдың шетінде шошайтып үйілген нар қамыстарды паналағанына біраз уақыт өтіпті. Ол анда-санда күнге жылыну үшін үйіндінің бет жағына шығады, өйтпесе тас-томалақ оратылып ап, баулы қамыстардың орта шеңінде, сыртқы тіршіліктен бейхабар күйінде, еш нәрсеге селт етпей жата береді.

Сүржылан кейде шошақтың басына өрмелеп барып, сол жерге орналасады. Сонда ол қамыстың күлтелі басының үлін, оның әбден қурап босаған қабығының мұңды ызылын еститін құлағы болмаса да жанға жайсыз

осынау құбылысты бар болмысымен сезінетін. Әуен алғашқыда ән сазындай баяу басталғанмен, кейінірек азынап, жел екпінімен ұзаққа созылған діріл, сұржыланның жалғыздығын есіне түсіріп, мазасын алатын, жанын құлазытатын. Сұржылан осындайда не істерін білмей аза бойын ыза қысатын. Сонда ол көшкен жұрттың орнында адасып қап, енді қайда жол тартатынын білмей, көкке қарап ұлып отырған төбеттей, жонарқасының біраз жерінің тыртықтығына қарамай, денесін ықшамдап бір ортаға жиырып, шолақ құйрығын бауырына қысып, түкті басын кекірейіте көтеріп, кірпіксіз, қас қақпайтын шегір көздері шапыраштанып, мына занғар биіктіктен айналаға барлай қарап, өз өмірінің осынау шағына разы еместігін білдіргендей айыр ұшты жінішке тілін кезек-кезек сумаңдатып, дене қабыршақтарын бір-біріне үйкелей, ысылдаған дыбыс шығарып, төңірекке айбат шегетін.

Ал кейде үюлі қамысқа мал сүйкеніп, баулар шатыр-күтір қозғалысқа түскенде, сұр жыланның зәре-құты қашып, жаналғыш өзірейілдің өзі келіп қалғандай сезініп, қатты қорқатын. Бірақ бұл онша ұзаққа созылмай артынша тыныштық орнап, сұржылан баяғы бейқам өміріне қайта енетін.

Айтпақшы, бұл жерде сұржылан жалғыз емес-ті. Осы жиналған қамыстың арасында шілделік те көп. Әсіресе көктемде өр суы тасып, ауыл айналасына жайылған кезде, бар шілделік атаулысы жер астындағы індерінен қашып шығып, осы үюлі қамыс арасына кеп тығылатын. Сұржылан мұндайда оларды қолға ұстаған малдай бір-бірлеп құртатын. Ал төңіректің бәрі айдынға айналған маусым айында сұржыланның жортуылдап жүрген кейбір қаңғыбас аталастары шілделіктердің артын ала, осы қамыс арасына соғып кетеді.

Сол кезде сұржылан өз-өзінен ісініп, қас жауын көргендей ысылдап, көңілі қалған тұқымдастарының ешқайсысын маңайлатпайтын. Батылдық жасағандарға тұтқиылдан тиісіп, оларды бірден аластайды. Осындай қарекеттерден кейін бұл жерге аталастары да жақындауды қойды. Сұржылан кейде қамыстың бет





жағына жылынуға шыққан боп құс аулайды. Бұндайда ол бір қабат қамыстың арасында барынша созыла түсіп, тарғыл түсі сарғайып жатады да, торғайды өзіне тартатын сиқырлығын қолданып арбауға кіріседі. Ол бау арасынан басын ғана қылтитып, айыр тілін барынша шығарып, жыбырлатып қояды. Оны көзі шалған аңқау торғайлар мұны өрмелеп бара жатқан құрт екен деп қағып түсуге асығады. Сұржылан тілінің ұшындағы тек жыландарға ғана тән қасиет, сезім мүшесі арқылы өзіне қарай келе жатқан жылы қанды құрбандығын бақылап, бел ортасына шейін жиырылып, басын тартады. Сонда қамыс ернеуіндегі қыбырлаған “құрт” жүрісін тездетеді, сөйтіп оған асыққандардың бірі жемін шала бергенде өзі-ақ оның құрбаны болады.

Күзге салым осы үюлі қамысқа кеп тығылуға тышқандар әуес-ақ.. Әрине, желі азнаған айдаладан гөрі қамыс арасы ықтың, қыстап шығуға таптырмайтын жылы орын. Осындайда олардың кейбіреулері сұржыланға бұйырады. О-о! Ол бір кез хан базарындай, сұржылан әбден тояттайды. Оның мұндайда қолданатын екі әдісінің бірі-тура тұмсықтан бір қауып, тышқанды бар денесімен орап, қысып буындырады, ол амалсыз тұншығып тынады. Әйтпесе сұржылан барынша ауызын ашып, тұмсығында иіліп жататын іші қуыс қос азу тісімен бір қарпып тышқанды шағады. Әлгі тістері тиген жерге сұржылан уын да жіберіп үлгереді. Ал тышқан босап шыққанымен оның тұла бойына жылан уы жайылып, жүйке тамырларын құрыстырып, бар денесін жансыздандырады. Дәл осы кезде сұржылан өзінің жылықанды жемтігін іздеп табады.

Осы тышқандарды аулауға жалғыз сұржылан ғана емес, тіпті сол ауылдың бар мысық атаулысы да ынталы. Олар аяқтарын еппен басып кеп осы қамысты айнала қоршап, міз бақпай ұзақ отырады, сонда үюлі баулардың арасындағы тышқан шикқылын құлақтары естіп, ісі мұрындарын қытықтап, арпалысушылардың тым әріде екендігін бар болмысымен сезеді. Көздері оттай жанып, реті келсе, сыбағаларына шабуыл жасаушы жауызды улы тырнақтарымен сабалап-ақ

кұртар еді, бірақ бұны жақсы білетін сұржылан қамыс арасына тереңдей еніп, өзін мысықтарға ұстатпайтын. Ал олардың осы қамысты торып отырғанын алыстан көргіш төбет Жолбарыс сабалақ құйрығын бұлғақтатып, едірендеп жетіп келетін. Мұндайда мысықтар тышқан ауламақ түгілі өз бастарын сауғалап, тырым-тырақай шашылып, жан-жаққа қашатын.

Осы қамыс арасында бір пәленің барын Жолбарыс та сезеді. Ол да талай рет бұ да жерді тіміскілеген, бірақ өккі сұржылан Жолбарысты өзіне маңайлатпады.

— Бұл төбет неге осынша абалайды? Қамыс арасында ұры-қары тығылып жатқан жоқ па? — деп, оның иесі Қайрат баулы қамыстарды әрлі-берлі аударып-төңкеріп, ішкі қуысын тексеріп көрген. Бірақ тірі жан жоқ... Сосын ол қамысты қайта үйіп қойды. Мұндай қозғалыста сұржылан баулы қамыстың дәл ортасында тырп етпей жата береді. Сұржылан сөйтіп салқын түсе біраз тойынып, бойына барынша май жинап, қысқа қарай қамыс түбіндегі терең інге кіріп, келер көктемге шейін ұзақ ұйқыға кетеді. Ол осынау қартайған шағында мына жайлы жерді, керек қоректі тапқанына разы боп, шүкіршілік етеді. Сосын тас түйін жатып ап, анда-санда осы жерге қалай келгенін есіне алады.

Ал оны ойласа жаны және түршігеді...

\* \* \*

Соңғы жекпе-жек сұржыланды әбден қалжыратқанды. Қарсыласы әрі жас, әрі күштірек боп шықты. Олар бір-біріне оратылып біраз алысты, осы жолы бар әдістерін жұмсады, күштерін де аямады.

Сұржылан қалың шөптің арасында жас аналықты кездестіргені сол еді, қайдан пайда бола қалғанын білмеді, аталасы бір жақ қабырғадан келе жабысты. Екеуі бір-біріне оратыла кетіп айқасты-ай келіп. Ал жас аналық болса олардың бұл әрекеттеріне мән бермегендей кейіп көрсеткенмен оларды сырттай бақылап жатты. Әрине, оның женгенді, мықтыны қалары белгілі еді, себебі келер ұрпақ тек күштіден тармақ... Бұл табиғат заңы!



Сұржылан өзінің әрі үлкен, әрі тәжірибелі екенін сездіріп, кеудесін тым жоғары көтеріп, қарсыласын өзіне жақындатпауға тырысты. Анау да тым тажал-ақ екен, таскенелей жабысып қыр соңынан қалар емес. Сұржылан биіктеген сайын оған сан оралып, басын төменге тартып, ал бұл оны орап ап қысып лақтырған сайын қайта жабысып, біраз мазалады.

Өзі де сұржыланды талай орап лақтырды. Тіпті соңғы бір-екі реттен кейін сұржылан мәңгіріп те қалды. Ал анау жас аналыққа енді өзі жақындап, оны ілестіріп осы жерден шеттетіп, ығыстыра бастады. Бірақ сұржылан оларды ізінше бас салып қуалап, жас аталықты шөп арасынан тауып алып, қайта алысты. Бү жолы анау сұржыланды жанын шығара қысып, өзінен асыра тағы лақтырды. Жас аталықтан өлсірегендік байқалмайды, керсінше ол әрі тың, әрі жігерлі-ақ... Сұржылан мына ұяласымен бойдан қайрат, күш-қуат кетіп, қартайған кезінде жолыққанына өкінді. Әттең, өтіп бара жатқан өмір-ай! Баяғы жастау кезінде жолыққанда ғой, шіркін! Ондайда бүріп ап бір-ақ лақтырып, үнін шығартпас еді.

Сұржылан есін жиып қараса, қарсыласы аузын арандай ашып, шағырайған көзіндегі таяқша қарашығы шатынап бұған қаһарлы уын шашқалы тұр екен. Түрі де жаман, енді бір қимыл көрсетсе, ежелгі әккі әдісті қолданып тура түмсықтан қарпып, қалған шаруаны ішке иілген қармақ тістерге орындатпақшы, сөйтіп мұнын көзін жоймақшы.

Амал қанша, бәрі де өз кезінде, дер мезгілінде екен ғой. Бірақ сонша не боп баралды мына үрпақ? Ата салты бойынша жеңдің – ұттың, жеңілдің – жолдан тайдың болушы еді. Жок, қазіргілер олай емес, соншама не болды, арандай аузын ашып? Сұржылан өзі-өз болғалы талай айқасқа түскенде қарсыласының тап мындай әдісін әлі көрмеген-ді, өзі де қолданбайтын, бұл тіпті жыландар өулетінде болмаған әдіс. Оны тек жауларына ғана істейтін. Сұржылан бұрынғы серіктерінің бірінің жанынан табылмағанына өкінді. Дегенмен ешбірінің бұны көрмегені дұрыс та шығар. “Мына арсызға жем

болғанымша өзімді жоқ қылайын!" деп, сұржылан жағаға жақын, жарлау жерден суға атылды. Тереңге кетті, жыртқыш балыққа кездесіп, соған-ақ жем болайын деп тіледі. Бірақ қас қылғанда оған да бұйырмады. Бұл ажал дегенді қойсаңшы, біреуді қас қағымда қиып түсіреді, ал біреудің кеудесінен шыбын жанын шығартпай жылдар бойы ілбіретіп жүргізіп қояды.

Сұржылан өз ордасынан біржола осылайша кетті. Өзенді бойлап ұзақ жүзіп, ақыры бір кезде өзіне зақым жасаған екі аяқтылардың тұрағы осы ауылдан кеп бір-ақ шықты. Ол мында да зәбір көрді. Сонсоң түн ішінде жаралы жанын әрең сүйретіп осы үюлі қамыс арасына кеп кірді...

2

— Жарықтық-ай, жақсы адам еді, рухына тие берсін!

— Жатқан жері жайлы, жаны жәннәтта болсын!

— Ой, бишара-ай, топырағы торқа болсын!

Ғасырдың құрдасы атанған, Төремұрат ақсақал сәрсенбі күні дүниеден озды, мәңгілікке көзін жұмды дегенді естіген ауылдастары беттерін сипап осылай десті. Ел-жұрты, ағайын-туғандары хабарланып, марқұмның жерленетін күні белгіленді. Ол тура жұмаға келді. Төрекеннің көзі жұмылғанша басы-қасында болып, керек кезінде дем салып отырған, өзінен біраз жас кіші демесе құрдасындай қатар өскен Өтелген қарт өліктің қол-аяғын жазып, жаңа төсекке жайғастырып, бергі жағынан шымылдырық ұстаған соң, жерленетін күні қарбалас шаруа болатынын алдын-ала сезіп, замандасының ең соңғы аманатын толықтай орындау үшін оның қойылатын жерін көруге, Қаратөбе басына барып қайтуды ұйғарды. Осыны Төрекеннің бәйбішесіне айтып еді, аза бойы қаза боп отырған Бәтеш кемпір көңілі бір сәтке ашылып:

— Алла разы болсын, құрдас-ау! Ана екі ұлынның қызығын көр! Тек барарда біздің Қайратты ала кет. Ендігі тірегіміз сол ғой, өзіңмен бірге жүрсін, жаныңда болсын! Көз көрген деген осы да. Төрекеннің орнын жоқтатпа, — деп аяғын сыңсытып жіберді. Жыламаңыз,



бәйбіше, енді белді бекем буу керек. Құдайға шүкір балаларың, келіндерің бар, солардың тілеуін тіле, басқа қолдан не келеді, — деді Өтелген.

Иә, Төрекеңде арман жоқ. Бәріңді бақты, қақты, адам етті, немерелерін сүйді, — деді, Өтелгеннің жанында отырған бір қартандау адам. Бұл марқұмға ет жақын ағайын еді. Сонсоң ол сөзін жалғастырып:

Бірақ, жеңеше, ағаның сүйегін қиянның құба жоны сонау елсіз қалған Қаратөбеге апарып қоюға мен қарсымын. Үйдің арты Қазынатөбе, қазіргі елдің қорымы да сол, осында жерленсін ағам! Зиратты төбені аттап кету ырымға да жатпайды. Соңында немерелеріңді ертіп басына барып тұруыңа да жақын, — деп бір түйін жасады. Басы мең-зең боп отырған бәйбішенің: — “Онда өздерің біліндер!” — дегеніне Өтелген қарт көнбей қойды.

Өтелген қарт үйіне кеп өзінен мүшел жас кіші, жүріс-тұрысы әлі ширақ кемпіріне жез құманға жылы су күйғызып ап біраз жуынды. Сонсоң таза көйлегін киіп, шалбарын ауыстырды. Ертеңгілік шайдан соң олар Қаратөбені бетке алып жүріп кетті. Күн едәуір көтеріліп қалған кез. Қазынатөбенің етегіне орналасқан ауылдың ортасымен жеңіл машина біраз жүрген соң, олар шеттеу тұрған үйдің артындағы дөңеске шыға келгенде, алдарынан керіле түсіп, созылып жатқан кеңістік көрінді. Айнала көк шалғын, алыста мұнартып Қаратөбе көрінеді. Етекте егістік басталған. Одан әрі көз ұшында орақ науқанын күткен шабындық бұлдырайды. Осы екі төбенің ортасына біткен кең алқап телегей теңізге ұқсай ма, қалай? Сонау заңғар биікте бір нүкте боп қарақұс қалықтайды. Ал төменде кең өлкенің қақ төсін кесіп өтетін қара жолдың сол жағында кей жері қалың, кейде сирек шоқ-шоқ біткен орман-теректі өңірді тілгілеп аққан “Қызылсай” өзенінің арнасы көрінеді. Жасыл өлкені желкілдетіп тұрған осы өзен. Замандасының қазасына қайғырған Өтелген қарт жанында отырған Қайратқа бұрылып:

Міне, тіршілік деп осыны айт, мұны көрген бір күнің не жетсін! Төрекең марқұм өмірге құштар адам еді. Ес



білгеннен бастап бар өміріміз осы жерде бірге өтті, бәрі де көңілде сақтаулы. Ой, жалған дүние-ай! Бұлбұлдай көзден ұшып, қас қағымда өттің де кеттің, — деді. Қаратөбе басына жеткен соң, дұға оқып ескі қорымды аралап жүргенде де осы ойын жалғастырды:

— Онымен бір дәуірдің ыссы-суығын бастан бірдей кештік қой. Бірнеше ит көйлекті ерте тоздырып, тай жалына бұрын жабысқаны болмаса бар өміріміз бірге өтті. Бірде ақ гвардияшылар деп өзгелермен, бірде бай-құлақтар деп өз тектестерімізбен алыстық... Ұлы Отан соғысына қатыстық... Одан да аман оралдық. Енді міне, қартайып өмірдің қалай өткенін байқамай қалыппыз-ау!...

Бір кезде қалың болған бейіттер бұл күнде жермен-жексең семіп кеткен. Тіпті кейбіреулерінің орны жойылып, ақ тақырға айналыпты. Бұл жерде кімдер жатыр? Қай кезде өмір кешті? Тірі кезеңдерінде не тындырды? Бимәлім. Ал қазір көбінің басында қылтиып-қылтиып бір жақ жамбастарына қисайған, араб әріптерімен жазылған құлшытастар ғана жетімсіреп тұр. Өтелген қарт ежіктеп оқып Төремұраттың әкесінің бейітін әрең тапты. Марқұмның өлерде: — “Әкемнің оң жағын әдейілеп өзіме қалдырдым, сол жердің топырағы егер аман-есен соғыстан елге оралар күн туса, менің орным болар деуші едім. Оным ақталды, Өтеке, өзіңе тапсырар аманатым осы” — деген сөзі есіне түсті. Ол қасына Қайратты шақырып ап:

— Мынау, жарықтық, пәмиләң боп жүрген өз атаң. Әкеңнің аманаты осы кісінің жаны болатын. Қабірін осы жерден қазып, марқұмды жер-ананың қойнына береміз, — деді.

Сонсоң қария бейіттерді бұлай ашық қалдырмай, айналасын қоршаса, ол үшін ауыл ақсақалдарына айтып, қаражат жинаса дегенді ойына түйіп, Қайрат екеуі ауылға оралды...



3

Өтелген карт жұма күні тым ерте тұрды, себебі бүгін өліктің жерленетін күні. Ол өз ордасында ақырғы рет түнеді, енді мәңгілік жатар жеріне енуі керек. Өтекең оны жақсы біледі. Басты шаруа — өлікті арулау керек.

Алдымен марқұмның кебіндігі дайындалды. Бұл ер адамға үш, ал әйел адамға бес киімнен жасалатын дәстүр. Өтекең қасына екі шал алып сүйек түнеп шыққан бөлмеде шымылдықтың етегін ала отырды. Алдымен Бәтiш бәйбішенің сандықтан шығарып берген ақ матасынан кебіндік пішті. Қария шымылдық ішіне өзі кіріп замандасының бастан-аяқ өлшемін алып шығып, оны жайылған матаға түсіріп, төрт қарыс артық жіберіп қайшымен қиып:

— Марқұмның астына салынатын төсеніші осы, — деді күбірлеп.

Осы мөлшермен тағы қиып:

— Мынау бет пердесі, жамылғысы, — деп екеуін бүктеп, бөлек алып қойды. Тым-тырыс бөлменің ішінде тек қарш-қарш еткен қайшының даусы ғана естіледі. Енді іш көйлек әзірленді. Ол өліктің басы мен тізе аралық өлшемі алынған матаны ұзына бойы қайырып, екіге теңестіре бүктеп, сосын орта шенінен бас сиятындай омырау тұсын ойды. Осылай кебіндік дайын болған соң марқұмды ақ жауып, арулау үшін күні бұрын тігілген киіз үйге көшіріп, пәктеу шаруасымен шұғылданысты. Олар ақ матадан істелген алжапқыштарын байлап, қолдарына бас саусағы ғана ашық, ал басқа жері бітеу тігілген қолғаптарын киіп, пәктеу орнына жатқызылған сүйекке бірі жылы су құйып, бірі оның бет-жүзін, қол-аяқтарын жуып, дәрет алғызды. Бұдан кейін марқұмның денесін қырынан аударып, оң-сол жақтарын жонарқасына дейін сабындап жуып, әбден шомылдырды. Сонсоң бар денесін сүртіп, кебіндігін кигізді. Үлкен қалың кілем үстіне төсенішін жайып, қалампыр мен талшын себелеп, өлікті соған жатқызып, молынан иісу құйды.

Ақсақалдар шаруаларын аяқтаған кезде Қаратөбе басынан қабір даяр деген хабар келіп жетті. Жаназадан

кейін қариялар табытты көтеріп, сырқа алып шыққанда иін тірескен жұрт бастарын төмен иіп, марқұммен қоштаса бастады. Туыстары жылап-сықтап, кемпірі мен келіндері жоқтау айтып жатқанда қаралы, көш орнынан қозғалып кетті.

Бейіт басында Өтекеңнің байқағаны қабір кең, тік жарма боп дайындалыпты. Көр қазушылардың үлкені болса керек Аждағиым: — “Төрекеңнің бойы менен біраз кіші еді, ал мен болсам мына жерге слабно сыйдым”, — деп лақат түбіне ұзынынан жата кетті. Мұндай бейбастақтықты күтпеген Өтекеңнің денесі шымыр ете түсті. — Мына жынды ұрттап алғаннан сау ма?... Өлген адамның денесінің ұзаратынын ұмытпа! — деді. Дауысы қатқылдау шықты.

— Дұрыс қой, ата. Енді бері қараңыз, — деп әлгі қабірші жатқан орнынан денесін ғана көтеріп, аяғын созып отырып алды. Төбесі биік, — деп бір қолымен лақаттың қос ернеуін басынан асыра көрсетті.

— Ә, бөрекедді, бұның дұрыс болған, — деді шал.

— О! Ата, сіз құптасаныз болды ғой, — деген ол, шал бірденеден секем алып қалды ма деп күмөнданып, жуып-шайған боп тарқылдап күліп жіберді.

Осы кезде шалдың қасына келген егде ағайын адам:

— Ақсақал! Лақаттың бетін мына тақтайлармен жабамыз. Сонсоң баулы қамыс саламыз, қолдағы барымыз осы болды, — деді.

— Е, өздеріңіз дұрыс деп тапсаңыз, келісті болады да, — деп қойды Өтекең.

Қабір ішіне Өтекең түсіп:

— Кәне, сүйекті ішке беріңдер, — деп қолын созып, табыттың бір жағын ұстап: — бисіміллә, рахман рақим, — деді.

Табыт лақаттың оң жақтауына қойылған кезде:

— Енді қабірге күн түспесін, — деді.

Мақпал жабындыны төрт жігіт бұрыштарынан ұстап, қабір бетін тасалап, қалған шаруаны лақат ішіндегілер орындады. Олар ораулы кілемді босатып, сүйекті жан-жағынан күшәқтай ұстап лақаттың ішіне алып, жамбасын жерге тигізді. Сосын Өтекең өзі бауларын



шешіп, марқұмның жүзін құбылаға бұрды. Сәл күбірлеп дұға айтып, ырым жасады. Табыт пен кілем сыртқа қайтарылған соң:

— Көне, бас топырағын беріңдер! — деді.

— Тақтай беріңдер!... Енді болды, — деген соң жігіттер жабындыны алғанда, жұрттың көргені, соңғы тақтайлар лақаттың аяқ жағын жауып жатыр еді. Өркім қабірге үңіліп, “жайлы болған екен” деп күбірлесті. Сол сәтте қабір түбінен бұрқыраған өтір иісі сезілді. Шалдар жоғарыға көтеріліп, іште тек Ажығайым қалды.

— Ал енді қамыс беріңдер! — деген кезде оның аяғының астындағы тақтайдың безі шіріген болса керек, ойылып ішке түсіп кетті. Оны бірен-саран болмаса басқалары байқаған жоқ... Қабірге бау-бау қамыс қайшыланып салынды. Артынша Ажығайым да шығып, қалған жері топырақпен толтырылды. Соңғы дұға оқылып, молда:

— Жарықтық, жақсы адам ба еді? — деп сұрады. Тұрғандар “жақсы адам еді” деп жамырасты. Төрекеңнің жақын туысы тәбәрік болсын деп жұртқа қол орамал таратты.

Осылай бір адам пәниден бақиға көшті.

#### 4

Марқұмның жетісі беріліп, бейіт басына барып келгендер:

— Төрекеңнің қабірінен жылан шығыпты, інін көрдік, — деген жайсыз әңгімелер айтты. Осы әңгіменің бір ұшы Қайратқа да жеткен-ді, артынша өзі барып тесікті бітеп тастады. Бірақ соңынан Төрекеңнің қырықында кірпіштен бейітін тұрғызған ауылдастары тағы да:

— Қабірден жылан шығыпты, өзі сүп-сүр екен, — деп баяғы хабарды қайталап келді.

Біреулер:

— О дүниеге барған Төрекеңнің жаны жыланға айналған болар, — деді.

Ал кейбіреулер:

— Бұл не деген сұмдық! — деп жағаларын ұстасты.

Әңгіме ауыл тұрғындарына жайылып, арты тіпті өтірік-шыны аралас аңызға айналды. Жұрт кешкісін төбе басына жиналып, бірі қоғалан тоқылған төсеніш әкеп, бірі алашаға жайғасып, әйда кеп кәрт соққанда, сол сұржылан жәйлі гу-гу әңгіме болады, соңғы жаңалықтар айтылады. Түбекке бүлдірген теруге барған балалар жолда сол төбе арқылы өтсе сұржылан оларды қуыпты. — Топқа ілесе алмай қалған бала бұрылып артына қараса, әлгі жыланның өкшелеп қуып келе жатқанын көріп, зәресі ұшып азар қашып құтылыпты, — деді біреу. Тағы бір бала — шешесі Бағиланың сол төбенің етегінде отындық дайындап жүргенде, құрайдың сабағына жайғасқан әлгі сұржылан оның көкірек тұсынан кеп соққанда анасы талып құлағанын да жыр етіп, әсерлеп айтты.

Сонда ақын бала Ертай былай деді:

— Мен адамды жылан шаққанда бақсының қалай емдейтінін білем. Оны қазақша “тарымшы” дейді. Маған атам айтып үйреткен өлені де бар. Ол былай:

*Көр, көр, көржылан.*

*Кереге басты мір жылан.*

*Бір жылан бар — сұм жылан.*

*Енді бірісі — сұржылан.*

*Бір жылан бар — жеті жылғы ту жылан.*

*Қап тауының басынан,*

*Ауып келген қу жылан.*

*Пайғамбардың демінен,*

*Дегелек келді, шық жылдам!*

*Ақ жылан, аты жоқ жылан.*

*Кіші жылан, мышы жылан!*

*Сары жылан, сарыбас жылан.*

*Көр жылан, көбер жылан!*

*Шық, тәңірден пәрмен келді!*

*Пәрменнен қат, жарлық келді!*

*Мары-мары, мары жылан!*

*Ұзын, ұзын жылан!*

*Жуан күйрық, келте жылан!*



*Марқары-сарқары, былдыр-шылдыр жылан!*

*Болған түнек басынан,*

*Лек-лек келді, шық жылдам!*

*Ат жылан, қат жылан!*

*Ыс-мыс жылан, қарабас жылан!*

*Отыз көзді, қырық жүзді жылан!*

*Орман түннің басынан,*

*Лек-лек келді, шық жылдам!*

*Шық жылдам!*

— Атам айтады: “Бақсы – тарымшы осыларды айтқанда, жылан шаққан жерді асты-үстінен қатты етіп таңып, байлап тастайды. Сосын өткір бәкіні отқа қыздырып, өлгі жерден кішкене кесіп, қан шығарады. Өзі жата қап қанды сорып алып, түкіріп тастайды. Осылай үш рет қайталайды. Ал уланған адамды қозғалтпай жатқызып қояды, ол біраз ауырады. Сырқатты солай емдейді”, – дейді атам.

Ал ауыл малын бағып жүрген Хасен қарт бірде түс ауа жайылымдағы сиырларына барғанда, жатқан бір ала сиырдың секең етіп, шошынып тұра келгенде, оның желініне жабысып, жерге шейін салақтаған сұржыланды көріп есі шығып кетіпті. Бар малдарын тездеп айдап кеткенде, иесінен басқаға қызғанып желінін ұстатпайтын өлгі жануар, аяқтары талтайған күйінде есенгіреп, табынға ілесе алмай қалып қойыпты. Оның иесі кейін бакташыны көріп: “Сиырымды күндіз біреу сауып ала ма, қазір сүті тым азайып кетті” деп шағынды. Бұл ештеңе білмеймін деген, бірақ ішінен “Е, малғұн, сол сұржылан ала сиырды күнде еміп жүреді екен-ау!” деп тұжырымдаған.

Ендігі әңгімені жылқышы Сапар жалғастырды.

— Бірде екі айғырдың үйірлері араласып кетіп, оларды ажырата алмай, ал айғырлар бір-бірімен тістесіп, тебісіп жеңісе алмай әбден әбігерге түскенде, сұржылан біреуінің жұп-жұмсақ танауын шағып алыпты. Сонда айғыр бірден аспанға атылып, айдалаға лағып кеткен, тек артынан тұмсығы долбардай боп ісіп, апта бойы шөп жей алмай жүрді. Перінің жылқының ең нәзік жерін білетінін, айтсаңшы — Ойбой, жылқыны айтады

ғой, ол қайта аман қалады. Тұқымы өшкірдің қойдың да тұмсығын шағатынын қайтерсің? Ал одан қой табанда өледі! — деп сөзге қойшы Әшір араласты. — Күн ыстықта қойлар қосарланып көленке іздеп жыңғылдың түбіне кеп тығылмай ма? Сөйтсе әлгі албасты жыңғылдың түбінде жатып ап қойлар жақындағанда жиырылып-жазылып ысылдамай ма? Әй, осы қойдан аңқау мал жоқ қой деймін?! Бұл ысылдайтын не деп тұмсығын жыңғыл түбіне одан бетер тыға түсіп иіскемей ме? Сол кезде әлгі малғұн тура тұмсықтан бір-ақ қаршып түседі екен. Бақыра ыршыған бишара қой төрт аяғы тыпырлап, тұмсығы білеулене ісіп, әп-сәтте жан тапсырады!

— Ойбай-ау, ондай сұржыланның көзін жойып, өлтіру керек қой! — десті отырғандар. Сонда қазақшаға судай ағып тұрған тракторшы Сергей әңгімеге араласты.

— Кезінде біз талай сұржыланды қырып едік! — деп үлкен мақтанышпен айтты.

— Қалайша?!

— Біздің ағайындар оны “козюля” дейді, яғни улы жылан! Баяғыда біз пішен шабуға барсақ ол жерде бұрын шөпшілер тұрған үй болатын. Сол үй құлап, тек орны қалған. Орлау жер. Ішіне трактор сияды. Барсақ әлгі ордың ішінде жыландар құжынап жатыр екен. Яғни жылан ордасына айналған. Әуелі кезекшім Петр екеуіміз таяқпен соғып көргенбіз, оған болмады. Сондай көп! Сосын еретесіп бір кәністір солярканы әлгі орға шашып жіберіп, бір уыс құрғақ шөпке от қойып, соған тасталық қой. Ойпырмай, сонда жыландар лапылдап жанып берді кеп! Құжынаған жыландар жан-жаққа қашты. Енді шағады деп тракторға отыра сап біз де қаштық... Олла-биллә, өтірік айтсам өзім өргеніп кетейін, осы жерде! — деп сөзін аяқтады Сергей. Осылайша әркім әр-саққа өзінше жорып әңгімеледі. Дегенмен олардың әрқайсысы ақиқатты білуге құштар еді, бірақ оны кім айтпак? Сонда қойшы Әшір айтты: — Әй, осыны бір білсе анау пошташы бар ғой, әлгі Пәртпелбай тілші, вот сол біледі, содан сұрау керек!



– А што, ол білуі де мүмкін, дабай содан сұралық, – деді бір белсенді. – Бірақ ол қайда?

Сонда ақын бала айтты:

– Ол бағана үйінің жанында таза ауа жұтып тұрған.

– Әйда, дабай, шақыр мұнда! Нарық-парық жетегінде жүріп біздің көзит-кітап оқуға қолымыз тимейді. Оның қолы бос, біраз сауатымызды ашсын! Бар, шақырып кел!

Пәртпелбай алыстан сөйлей келді:

– Адамның сіңбіруге мұршасы болмай жүргенде қайсың мені шақырған?! Не боп қалды, мына екінді мен ақшам арасында бала шаптырып! Отырған жұрт сөз бастауға іркіліп қалды. Ұрысқысы кеп тұрған Пәртпелбайға кімнің дәті шыдасын. Пәлесінен аулақ! Бірақ біреу нартәуекел деуі керек қой. Сөзді Әшір бастап жіберді:

Пәртіке, біз едік сенің алтын уақытыңды бөлген, – деп мән-жайды түсіндірді. Бітті, осының өзі жетті. Пәртпелбай аз ойланып барып әңгімені тым әріден бастады, адамзат тарихынан бергіні қозғалды. Алдымен өзінің сүйікті “неужелі” сұрағын қойды.

– Әй, неужелі, сенің анау қауын басың осы сұраққа жауап таба алмады? – дей бергенде отырғандар тарқылдаса күліп жіберді. Сосын Әшірді сыйлап басыла қалды, бір-біріне қарасты.

– Білесің бе, ежелгіде Алла тағала өзі жаратқан Адам-Ата мен Хауа-Анамыз жұмақта жүргенде азғырып оларға алма жегізген кім? Олардың бастарына ақыл енгізіп, көздерінің шелін алғызып, жақсы мен зұлымдықты түсіндірген кім? Ол жылан! Жаратқанның өмірімен ол екеуін жұмақтан қуып, адамзат баласының өніп-өсуіне себепші болған кім? Ол жылан! Өзің де солардың ұрпағысың!.. – деді Пәртпелбай.

– Оны қайдан білесің? – деп жамырасты ауылдастары.

Сонда Пәртпелбай әңгімесін әрі жалғастырды.

– Үлкен қасиетті кітаптарда былай жазылған: “Көк пен жерді жаратқан ием, соның дәл ортасында жұмақ төрі деп аталатын үлкен бақша орнатқан, ал Адам-Атаға соны қарап, бақылап күтуге рұхсат берген. Оның



ортасында ғұмырлық ағашы деп аталатын үлкен бәйтерек өсіп тұрған. Ол жақсылық пен зұлымдықты ажырататын алма ағашы екен.

Құдай Адам-Атаға барлық ағаштардың жемісін жеп қоректенуге рұхсат берген, тек өлмесін десең алма ағаштың жемісін жеуге тиым салам деген. Адам-Ата жұмақта жалғыз жүре-жүре өбден жалыққан. Сонда жаратушы ием оны қалың ұйқыға жіберген, сосын оның ең соңғы қабырғасын алып: ол әрі нәзік, әрі кішкене, әрі қисық болған, одан әйел адамды жаратқан. Әйел мінезінің қисық болуы да содан. Тек оған түсіністікпен қарап, оны әйел жолдастардың қылығы деп қабылдаған жөн. Әйел адам неғұрлым қылықты болса, ол соғұрлым сүйкімді, ұғымды, сүйікті болады. Жаратушы Адам-Атаға: “Мына сүйек сенің сүйегіңнен, сондықтан ол әйелің боп саналады, себебі ерінің сүйегінен алынды” деген. Адам Ата мен әйелі алғашқыда жалаңаш болған, бірақ бұнысынан олар ұялмаған.

Жасаған ием өзі жаратқан хайуанаттардың арасында ақылды және қулығы да бар жыланы бопты. Сол бір күні әйелден сұрапты-мыс:

— Неліктен құдай жақсылық пен зұлымдық ағашының жемісін жеуге сендерге тиым салған?

— Бізді өлмес үшін! — депті әйел.

— Сендер тіпті де өлмейсіңдер, — деп сендіріпті оны екіжүзді жылан.

— Жаратқан ием бұл ағаштың жемісін жемендер дегенде оның қорыққаны сендердің көздеріңіз шелден ашылап, жетіліп, құдайдың өзіндей жақсылық пен зұлымдықты ажырата алатын боласыңдар деп сақтандырған, — дейді азғырып. Сонда әйел де өлгі ағашқа әрі тандана, әрі тесіле қарап, жемістері қандай тамаша деп қызықтап, әрі қалай ақыл енгізеді деп ойлапты. Сүйтіп өлгі жыланның сөзіне алданған әйел ақыры ағаштағы алманы алып жеген екен. Соңынан Адам-Атаға да жегізген, сүйтіп өзінің істегенін қайталапты. Сонда олардың көздерінен шел кетіп, өздерінің жалаңаш екенін көрген. Олар ұялып үлкен теректен жалпақ жапырақтар алып әбиерлерін жапқан.



Жаратқан ием бірде жұмақты аралап жүргенде Адам-Ата әйелімен көрінбепті.

– Сен қайдасың? – деп сұраған Адам-Атадан. Сонда ол:

– Сенің жұмақта жүргенінді аяғыңды басқан дыбыстан байқадым. Сосын қорықтым, себебі мен жалаңаш едім, сондықтан жасырындым, – деген.

– Сен жалаңаш екенінді қайдан білдің? Мен жеме деген жемісті жеп қойған жоқсық ба?

Адам-Ата бар кінәні әйеліне, ал ол жыланға жапқан. Жасаған ием қатты ашуланып жыланға қарғыс айтқан: оған мәңгілікке жерде бауырымен жорғалап жүруді, хараммен қоректенуді және адамзатпен ата жауындай қақтығыста болуды өмір еткен.


Жаратқан ием сосын әйелге айтқан: қиналып бала табасын, әр кезде күйеуіңе тәуелді боласың, ол саған өз өмірін жүргізеді деген.

Ең соңында жаратушы Адам-Атаға айтқан:

– Айтқанымды тыңдамағаның үшін жұмақтан қуыласың, сені асырайтын жердің өзі қатты болсын, жегенің шөп-шөңге болсын. Тек тер төгіп қана нан табасың, жерден келіп, жерге қайта барғаныңша солай болады, топырақтан жаратылдың, топыраққа қайта айналасың деген.

Адам-Ата әйеліне Хауа-Ана деп ат қойды, себебі ол өмірге келгендердің бәрінің анасы болады. Сосын оларды жұмақтан жерге түсірген. Жұмақ есігінің алдына қанатты Самұрық құсты бақташы қойды. Қолына жалын атқан қанжар ұстатты. Ал жылан құдайдың қарғысына ұшырап жексұрын аталған мақұлық. Оған қоса қазақтың ескі аңыз-әңгімелерінде жыландар бір кезде адам болған екен дегенді де айтады. Басқалардың ақысын алдағаны үшін, таразыдан жегендері үшін алланың қарғысымен олар жыланға айналдырылған. Міне, содан бері ол адамдар үшін жек көрінішті суыққанды жәндік. Адамдар сол үшін көргенде-ақ оның көзін жоюға, өлтіруге дайын тұрады...

Ал дұрыс ақылға салып ойлап қарасақ, оның адамға ешбір зияны жоқ... Табиғаттың тепе-теңдік заңына



сәйкес керек хайуанаттың бірі. Егістіктің жауы тышқандардың тым көбейіп кетпеуі үшін, олардың адам өміріне қауіпті жұқпалы ауруларды таратпауы үшін жыландар санитарлар ретінде керек. Ал оның уы сырқатқа таптырмайтын ем! – деп біраз сілтеді Пәртпелбай. Тыңдағандар ауыздарын ашты, көздерін жұмды.

– Иә, ол малды да шағады, – ойын осылайша жалғастырды Пәртпелбай. – Және оны әдейі жасамайды, тек өзін қорғау үшін істейді. Сосын жылан мал сүтін жақтырмайды, оны ішпейді. Үйге кірген жыланның басына ақ құйғанда, оны ішсін демейді, керсінше кетіру үшін істеледі... Иә, сиырды емеді екен дегенді мен де естідім. Оны емген емес, сиырдың желінін шаққан, оған уы жайылған соң, малдың сүті азайған. Қазір жыландарды өлтіруге болмайды, керісінше олардың уын алып дәрі-дәрмек жасау керек, – деп түйіндеді Пәртпелбай тілші.

Ал саған керек болса! Пәртпелбай ауылдастарының түсінбей жүрген пікірлерінің шындығын осылайша дәлелдермен айтып, сауаттарын біраз ашып-ақ берді. Осыдан кейін Өтелген қарт Төрекеңнің өз сөзін есіне түсірген. Ол дүниеден озбастан бір жеті бұрын мына әңгімені айтып еді.

– Түсіме бір сұржылан ене береді. Және өзім көрген жылан. Бірде ауланың бұрышындағы киіз үйге ертеңгісін кірсем сүт құйылған табақтың артында жуандығы білектей, бар денесін түк басқан бір дәу сұржылан жатыр екен. Қасына жақындап барып едім, ісініп, ысылдап қоя берді. Ырым жасап басына ақ құйып ем, кетпеді. Үйде аяғы ауыр келін мен кемпірім бар-ды, солар көріп шошып жүрер дедім де, от аузында жатқан ұзын шымшуырмен желке тұсынан қысып алып, үйден қашықтау жерге апарып лақтырып жібердім. Жылан қалықтап барып шөптеу жерге былқ ете түскенде, оның бауыры жарқ етіп, өзі жиырылып-жазылып селкілдеді де қалды. Жыланның жыбырлаған бауырын көрген жаман ырым деуші еді, денем тітіркеніп:





– Тфу, пәлекет, өзіңмен кет! – деп үйге қайтып оралдым. Артынша ұмытып кетіп, ертеңінде есіме түскенде әлгі жерге барсам, жылан зым-қайым жоқ.. Ал сол жылан енді түсіме еніп, денеме жақындап, адамша сөйлейді: “Мен саған сырқатынды емдеуге уымды бергелі кеп едім, ал сен маған зәбір жасадың, сондықтан сені шағамын!” – деп ұмтылады кеп. Әлде жылан боп келіп жүрген ажал ма екен?

“Жылан адамға уын беріп қымбат, жаңбыр суын беріп қымбат” деген мақал рас па, қалай? Мен оны кезінде білмедім, мүмкін уы сырқатыма шипа болатын ба еді, оны бізге табу қайда? Әптиекте ғана қымбат бағаға сатылады дейді ғой.

– Төрекеңнің әлгі сөзі мен осы сұржыланның арасында бір байланыс бар емес пе екен? — деп ой түйді Өтелген ақсақал.

## 5

Ауыл шетіндегі үюлі баулы қамыстардың өзіндік ерекшелігі бар. Атам заманнан бері өзінен-өзі өсіп-өнген табиғи өсімдік, қазір адамның қадесіне асты. Бұл қамыс ауыл тұрғындары үшін тегін әрі таптырмайтын дайын құрылыс материалы. Одан пөшектер жасап, жаңа үйдің қабырғаларын қалайды. Ал ақшалы адамдар ағаш пен қамыстан каркастап, пәлен бөлмелі кең үйлер тұрғызады. Іші-сыртына сылақ жасаған бұл үйлердің ауасы жеңіл, іші әрі таза, әрі жылы болады.

Бұл қамыс — целлюлоз-қағаз комбинатына ең керекті шикізат. Ауыл тұрғындары бұрын қыс бойы бөлек-бөлек аралдарда ит тұмсығы өтпейтін қалың қамысты шауып дайындаушы еді. Көктемде мұз түсе кемелер кеп, агенттер қамысты халықтан сатып ап, қалаға комбинатқа әкететін. Қазір комбинат жабылған, халықта ақша жоқ, біраз күйсізденіп қалған жағдай бар. Марқұм Төремұраттың ұлы Қайрат та кең үй тұрғызам деп біраздан бері қамыс жинап ауыл шетінде сақтап жүрген, бірақ ол сұржыланның тұрағына айналғанын білген де жоқ...



Сұржылан қалған өмірін үюлі қамыс арасында жан тыныштығын бағып өткізе беретін еді, бірақ аяқ асты күтпеген оқиғаға тап болды. Танертенгі тып-тыныш кезең-ді. Сұржылан ұйқыдан жаңа ғана оянып, қамыс арасынан шығып жем іздеуге ерініп, жақын жерден шілделіктің бір дөкейін ұстап, сонымен оразасын ашты. Осы кезде ауыл жақтан бір ауыр нәрсенің жылжып келе жатқанын сезіп, ол жақындаған сайын жер де дірілдеп, қозғалғандай, сұржылан мазасыздана бастады. Әйтседе зіркілдеп келген нәрсе әп сәтте тым-тырыс тоқтай қалды, сосын екі аяқтылар бір қимыл-қаракетке көшті.

Бұл машинамен келген адамдар болатын. Олар бауланған қамыстарды машинаға тиеді. Біреуі сұржылан жатқан бауды көтеріп, аспандатып, ілгері қарай лақтырып кеп жіберген еді, ол ауаны кескілеп, заулап барып екінші баудың үстіне жалп етті. Сұржыланнның зәресі ұшқаны соншалық, ол тіпті қамыс арасынан шыға да алмай қалды. Әйтеуір әбүйір болғанда әлгі баулы қамыс түскен жерінен енді қайтып қозғалмады. Оның есесіне үстіне кеп тағы баулар түсе берді, түсе берді. Көп ұзамай тыныштық орнаған, бірақ ол да онша баянды болмай, артынша селкілдетіп ала жөнелді. “Апыр-ай, мені енді қайда алып бара жатыр бұлар?” деп ойлады сұржылан. Бір-екі орнынан қозғалып, бағытын көріп алмақшы болды. “Тіпті реті келсе сырылып түсіп қалса да болады-ау. Әне, шілделіктерді қарай гөр қамыс арасынан шыға кеп, секіріп-секіріп кетіп жатыр. Пәлі, кейбіреулерінің тіпті қанаттары бар ма, қалай? Осы жерден мен де кетсем бе екен?”. Сұржылан осындайда қанаты жоғына өкінді. Бірақ жатқан жерінен қозғалмады. Сосын олар біраз жол жүріп бір жерге кеп тоқтады. Осы жерде сұржылан жәй жатпады, шамасы баулар әрлі-берлі қозғалысқа түскенде ме екен, ол тап өзінің қасында артқы аяқтарын бір-біріне сүйкеп тұрған бір шегірткені көзі шалды. “Бұйырғаны осы болар” деп ол әлгі шегірткенің тыным таппай жыбырлап тұрған аяқтарына шап беріп, қармақ тістерімен ішке қарай тартты. Шегірткенің басқа амалы



қалмай тек мұрттары ғана жыбырлап қауырсындары күтір-күтір сынып жазым боп кете барды. Сұржылан осылайша жүрек жалғады. Арада көп уақыт өткен жоқ баулар тағы қозғалысқа түсті. Сұржылан ақырғы рет қаракет жасамақшы боп еді, кеш қалды. Баулы қамыстар сырғып төменге түсірілгенде арасында сұржылан да кете барды. Сөйтіп бәрі саябырсыды-ау, ақыры.

Осы кезде сұржылан жер түбінен керемет бір бұрқыраған иісті сезді. Және өзіне таныс иіс. Ол осымен шаруа аяқталды деп ойлап еді, олай болмады. Баулы қамыстардың үстіне енді зіл батпан бірдеңелер құлады.

“Мұнысы несі, тағы... Ау, мынау топырақ қой!” деп ойлады ол. Ал зіл батпан баса берді, баса берді. Кешікпей күллі айнала тым-тырыс тас қараңғы болды да қалды...

6

Сұржылан кабірді тесіп жарық дүниеге шықты. Жанталасып шығып еді, алғашында есеңгіреп қалды. Әбүйір болғанда топырақ әлі жұмсақ екен. Есін жиганда көзіне бұлдырап алыстап бара жатқан екіаяқтылардан басқа еш нәрсе шалынбады. Айнала тым-тырыс. Шаңқай түс. Сосын сұржылан біраз жер жылжып моладан қашықтады, тілін кезек-кезек шығарып айналаны барлап, байқап көрді. Бірақ осынау тіршіліктен таңдайға татыр ештеңе сезілмеді. Оның есесіне ыстық жер мұның қабыршақты бауырын қырып, көп ұзаққа шыдатпады. Сұржыланның енді ойына келгені: “Апыр-ау, менімен бірге жер астына талай шілделіктер түсті ғой, мүмкін солардың біреулері менің артымнан шықпас па екен?” — деп іннің аузына қайтып келді. Ішке үңіліп еді, әлі қатып үлгірмеген кесек аралас топырақ арасынан ештеңе сезілмеді. Оның есесіне шыңырау тереннің түбінен манағы иіс енді болар-болмас қана білінді... “Осынау күннің аптабына қақталғанша сол жерім дұрыс шығар”. Сұржылан енді соған жетуге асықты. Ол інге қайтып кіргенмен жүріп өткен жолдарына топырақ сауылдап құйылып, қозғалған



сайын алдыңғы жағы бітеле берді. Сұржылан жатар жеріне бүгін жете алмасына, оған тіпті әлінің де жоғын біліп, топырақты біраз үңгілеп, осы қоңыр салқын жерге түнеп шығуды ұйғарды. Сөйтіп, ол алғашқы түнді аш өткізді, тек аман қалғанына шүкір етті.

Сұржылан ертеңгісін кешегі жүріп өткен жолдарын қайта байқап, бұрылып шығатын жерін кеңейтті. Әлсін-әлі інінің шығар аузына көзін тікті. Сонда сырттан саңылау көрініп, ертеңгілік саф ауа аңқылдап тұр екен. Ол ақырын жылжи отырып қамыс арасына жеткенде жер түбіндегі иіс анық сезіліп, мен мұңдалап өзіне шақырғандай болды. Бұрқыраған иіс мұның тұмсығын қанша қытықтағанмен оған жеткенше әлі талай күш керек екендігін сұр жылан жақсы білді. Сол үшін ол асықпай жылжып, жылжыған сайын артына қарай оралып ауа жолдарын тексеріп, өзер-өзер өзіне жол ашты. Осы тұста қамысқа қысылып, шалажансар боп қалған екі-үш шілделікті қорек етіп біраз күш жинады.

Сұржыланның бұл ісі бірнеше күнге созылған шаруа болды. Ол осы күндері тысқа да талай шыққан. Бірақ даладан көңілге медет тұтарлық ештеңе көзіне ілінбеді. Баяғы ессіз дала, қайнап тұрған күн. Бұған қарағанда оның іштегі тіршілігі мәнді сияқты. Сұржылан үшін қабыр түбіндегі бұрқыраған иіске жету арман. Ол енді сол жердегі тіршілігіне асықты. Бірақ осындай күндердің бірінде сұржыланның тынысы тарылып, алқына бастады.

— Ауырып қалдым ба? — деп ойлады ол. Басын денесіне салып бар мүшесін тексеріп шықты, бірақ қорқатындай ешнәрсе жоқ. Айыр тілін шығарып, айналасын бақылап көріп еді, баяғы иістен басқаны сезбеді. Сонсоң сұржылан жаны алқымға түсіп, жоғары қарай заулады. Келе жатып тұмсығын қалың бітелген топыраққа бірақ ұрды. Әрі-бері түрткілеп көріп, түк шықпаған соң, жалма-жан келесі бір бұрылыстан жоғары қарай қиғаштап үңгілей бастады. Біраз үңгіледі. Шаршады, бірақ тоқтап қалуға болмайды. Жедел қимылдау керек. Ақыры ол моланың бір бүйірінен тағы



тесіп шықты. Баяғы кіріп-шығып жүрген інінің ауызын байқаса бітеліп қапты. Сонсоң сұржылан моладан біраз жерде қолындағы таяғы ербеңдеп бара жатқан бір адамды көрді.

Осыдан бастап сұржылан әбден сақ бола бастады. Тесіктен қайта қабірге түсті. Осылай біраз күн өтті. Ертеңгісін күн едәуір көтеріліп қызғанша ол төніректі кезіп қорек табады. Ал түсте қайтып оралып, кешкісін таңдағы әрекетін қайталайды. Жатар орынға әбден қараңғы түскен соң бір-ақ келетін болды. Ол осылай ішке кіріп түнеп, сыртқа шығып қоректенуді әдеттенді. Бірақ бұл ұзаққа созылмады. Бір күні ол молаға тағы таяп кеп қалған адамдарды көріп, інге қалай үлгеріп кіргенін байқамай қалды. Сол жолы ол әбден тереңге кетті. Қанша жатқаны белгісіз. Келесі күні сыртқа шыққанда көргені, о, ғажап, екі аяқтылар моланы айналдыра кірпіштен төртбұрыштап тас қалап тастапты. Едәуір биік. Тек төбесі ашық болғандықтан бір қабырғаға күн сәулесі мол түсіп тұр. Сұржылан жылжып барып сол жерге жайғасты. Осы кезде моланың құлағына кеп бір үлкен қарақұс қонды. Екпіндеп кеп қонған қарақұстың қанаттарынан соққан жел, түкпірде жатқан жылаңға жеткенде ол шошаң етіп басын кекірейтіп, ысылдап айбат шекті.

— Ә, сен, малғұн, әлі тірі ме едің?

Қарақұс өзіне шапса, бұл да есесін жібермеуге дайынды. Бірақ жыртқыш құста тап қазір ондай қаскөй ой жоқ екен. Соны сезген сұржылан жөй жылжып, жақын бұрыштың түбіне тығыла түсті. Ал қарақұс шамасы жақында тамақтанған болса керек тұмсығын қаланған тасқа әрі-бері сүйкеп, жылаңға көз қиығын да салмай, оны мазақ еткендей отырған орнынан теріс айналып, арт жағынан піс дегізіп сүп-суық бірденені саңғытып жіберіп, ұшып кетті. Сұржыланнның ыза болғаны-ай сонда! Шіркін, баяғыдай жас кезі болсайшы? Қарақұс қайтып келер ме екен деп ойлап еді, бірақ ол оралмады. Сонсоң сұржылан қыздырынып біраз жатып, қарақұсқа байланысты өткен оқиғаны есіне түсірді.



7

Ол кез сұржыланның ең қайратты шағы болатын. Со бір жылы көктемде ордалы жыланның ұйығы жатқан жеріне жақын бәйтеректің басына қос қарақұс ұя салды. Тек ұя сап қойған жоқ, сонда мұның талай ордаластарын құртып еді олар. Өмірге өзі сияқты кішкентай сұржыландарды әкелетін талай аналықтар, қаншама ұрпағы өмірге келмей ғайып болды. Сол жолы абайсызда орда басшысының өзі де құрбан боп кетті. Тіпті мұның өзіне де қарақұс талай шүйліккен. Бірақ ол дер кезінде інге кіріп, әйтпесе қалың шөптің арасына еніп құтылып кетіп жүрді. Басшысыз қалған сұржыландар сонда да не істерін білмей сандалды-ай кеп. Бұл адыра қалған жерден кету керек, немесе мына шақыртусыз келген қандыбалақ құзғындардың бетін қайтару керек! Ордаластардың шешімі осылай болды...

Төңіректі кезіп, жортып жүрген күндердің бірінде сұржылан қасында екі-үш серіктестерімен қалың өскен шырмауықты бытпылдықтардың арасында келе жатып әлгі бәйтеректің қасынан шықты. Сұржылан теректі айналып өтіп, тілімен төңіректі байқап көрді де серіктестерін төменде қалдырып, өзі биік теректің басына өрмелеп кетті. Бәйтеректің заңғар басына салынған ұяға жақындаған сайын кезек-кезек айыр тілін шығарып, онда қарақұстың бар-жоғын байқады. Бұл кезде қарақұстар ұяда жоқ-ты. Сонсоң сұржылан ұя салынған шырпылардың арасынан саңылау тауып, сол арқылы жоғарыға шығып, ұя ішінде жатқан жалғыз жұмыртқаны көрді. Кектенген сұржылан енді бар үшін содан алмақшы. Бірақ қалайша? Мүмкін дырау жұмыртқаны тұмсығымен түрткілеп, ұяның ернеуіне көтеріп, сыртқа құлату керек болар. Бұл әдісті басқаның ұясына жалғыз жұмыртқасын салып кететін көкек құстың балапаны ғана істейтін. Тез өсетін ол атасы басқа шалағай балапандарды осылайша құлатып, ұяда жалғыз қалатын. Ата-анасы тапқан-таянғанын аман қалған жалғыз балапанының аузына тосатын, ол сөйтіп өсіп,



есейетін де әбден қанаттары қатайып, ұядан біржола ұшып кеткенде ғана бөтен балапанды өсіргендерін соңынан бір-ақ білетін. Ал әлгі ұядан суға құлаған әлжуаз балапанның талайын сұржылан өзі де көрген. Тіпті оған жем болғандары да бар-ды.

Мына кең әрі шұңғыл ұяда жатқан үлкен де домалақ жұмыртқаны олай ету орындалмайтын іс екенін сұржылан жақсы біледі. Сонда ол өзінің оймақтай ғана басынан бірнеше есе үлкен жұмыртқаны қалай құртпақшы? Бір ойға бел байлаған сұржылан енді ісіне кірісті. Ол жұмыртқаны тұмсығымен тұрткілеп ұяның қабырғасына жапсырды. Сосын ауызын арандай ашып, жұмыртқаның сүйір жағына бас салып, бүршікті тістерін мықтап қадады. Сонда бір-бірімен сіңір арқылы жалғасқан азулы жақтары кең ашылып, қос езуі барынша созылып, аузына жиналған көл-көсір сілекей жұмыртқаның үстіне кілегейше жайылып, имек тістері орналасқан жақ сүйектері кезек-кезек кимылдап, дырау жұмыртқа ақырын ішке қарай жылжи берді. Қайратты желкенің бұлшық еттері сұржылан басын ілгері итеріп, жұмыртқаның үстін жаба түсті, ал кеңірдек пен өңештің тұсындағы бас сүйекке жалғас ішкі омыртқаның ұшы шодырайып шығып, ол жұмыртқаға сызық салып, сол жерден шетінетті. Енді кеңірдекті толықтай жапқан дырау жұмыртқа жыланның дем алатын ауа жолдарын бітеп, оның өзін құрбан етуі мүмкін-ді. Бірақ сұржылан мұны да ескеріп, жетілген өкпесінің арт жағындағы кең қуысқа керегінше ауа жинаған. Сосын жылан атаулыда төстік сүйек болмайды, қабырғалардың төменгі жағы да бос, сондықтан сұржылан жұтқан нәрсе қарынға жеңіл жетеді. Қарынның аузындағы кіре берістегі ашылып-жабылып тұратын желбезек, шетінеген жұмыртқа жеткенде оны қысып, сұйық ақ сары уызын сыр еткізіп ішке құйды. Ал асқазанның бұлшық еттері сығымдалған қабықты бір ортаға жинап, кері атып жіберді. Сол кезде сұржылан оны ұяның ернеуінен сыртқа қарай құсып үлгерді. Осыдан бірнеше минут бұрын ұяның падишасындай ап-ауыр жалқы жұмыртқадан енді түк қалмай, құр қабығы ғана ауада

қалықтап, төмендегі серіктестерінің қасына шылп етті. Осылай келген шаруасын бітірген сұржылан біраз ауырлаған денесін жай қозғап, төменге сырғып түсе берді. Сұржылан осы жолы батыр болып оралды. Содан бастап өз ордасының басшысы атанды, ал ұяластары, аталастары оның төңірегінен табылды. Ал қос қарақұс осы жерге салған ұясынан безіп, басқа жаққа ауып кетті. Сөйтіп сұржылан өз ордасын қатерлі жауынан осылай сақтап қалған-ды.

8

Моланың айналасы қоршалғалы бері сұржыланның күн көрінісі біраз қиындап кетті. Бұрынғы ертелі-кеш жорықтарынан қалды. Себебі өзінен пәлендей есе биік бейіттен өрмелеп шығып қайту ол үшін орындалмас шаруа болды. Сондықтан сұржылан ендігі жемін жер бетінен емес, көр түбінен іздеуге бел байлады.

Сұржылан қамыс арасымен жылжып ақыры төселген тақтайларға жетті. Сонсоң іздеп келген анын ін аузында күткен саятшыдай сол жерде біраз тыныстап жатар орын сайлады. Жер түбінде қандай қасиетті нәрсенің барынан өлі бейхабар сұржылан, оған қайран қалып, жатқан күйінде иісі бұрқыраған балауса көк шөптің арасында өткен балалық шағын, жастық шағын есіне түсірді...

\*\*\*

Мезгіл тамыз айының басы. Жаз бойы жайқала өскен алуан шөптің өбден пісіп жетілген шағы. Әрқайсысынан өзіне тән бұрқыраған хош иісі аңқиды. Күн сәулесі бар нұрын, бар шуағын төгіп-ақ тұр. Мамықтай жұмсақ шөп таңғы шықтан арылып, енді-енді қыза бастаған түс әлетінде аналық сұржылан жонарқасын күн сәулесіне тосып, ақ шулан бауырын жылы көк шөпке төсеп, барынша керіліп, теңбіл түсті денесін барынша соза түсіп, біраз қыздырынып жатты. Және жәй жатқан жоқ, бір қасиетті, аса маңызды сәтті күткендей, өзі де соған дайындалғандай. Аналық көп кешікпей бөксе тұсы өбден бусанып қызған кезде жәй ғана басын көтеріп, сұлу






денесін бел ортасына шейін қимылдатып ілгері жылжыды. Ал денесінің төменгі жағы құйрығына шейін жерге желімденіп қалғандай бір қозғалмады. Жаңа ғана маужырап жатқан аналық енді кенеттен өзінен-өзі калтырап дірілдеген, сол сәтте оның құйрық тұсында жайпақша шырышты бір нәрсе пайда болды. Одан аналықтың өзімен жалғасқан жінішке қанды-көк түсті талшық көрінді. Аналық құйрық ұшын тартып қап еді, талшық үзіліп кетті. Сол-ақ екен шырышты қабықша аздап қыбырлады да оның ішкі жағынан бірдеңе түрткендей болды. Ол екі-үш рет қайталанды, қабықша дәл сол жерден жыртылып, ішінен, о ғажап, бала жыланның басы көрінді. Ол басын онды-солды бұрып айналасына қарады, сосын кішкене ауызын барынша ашып есінеді. Артынша жөй жылжып, сыртқа шығып, қабықша бос қалды. Тағы бір есінеді, бұ жолы оның қимылы біраз ширақ, батылырақ болды. Содан кейін ол қабықшадан қашықтап, шөп арасына кіріп жайғасты.

Бала жылан ана құрсағынан дер кезінде шыққанды, себебі манадан бері сұлқ жатқан аналық енді қозғалып, басын артына бұрып, қабықшаға жақындап, оны тілімен байқап көрді де әлгіні... жұтып қойды. Аналық осылайша мына жарық дүниеге қабықшаның тағы сегізін әкелді. Ол әсіресе ең соңғысына қатты қиналды, бала жылан тез арада ана құрсағынан шыға қоймады. Аналық сан рет аударылып-төңкеріліп біраз аласұрды, жан алқымға түсті. Сөйтсе бала жылан алдыңғылардан тым үлкен, денелі екен. Ол жерге түсе сап қабыршақты бір түртіп, жарық дүниеге шықты. Қимылы да тым ширақ.. Біздің сұржылан о баста өмірге осылай келген. Аналық тапқан тоғыз бала жыланның үшеуі қабықшадан шыға алмады. Оларды ақыры өзі жұтып тынды.

Аналық жыланның жас ұрпаққа істеген қызметі осымен аяқталды. Бұдан былай бар қауып қатерге өздері төтеп беріп, әр бала жылан өз күнін өзі көреді. Бұл тірілей туатын сұржыланның ұрпақтарына тән қасиет. Ал аталастарының жұмыртқадан да пайда болатындары



бар. Оларды аналықтар көдімгі жұмыртқа басқан тауықтай күтеді. Ал бала жыландар жұмыртқаны өздері тесіп, жарыққа шығады. Ол үшін бала жыланның тұмсығына өзімен бірге біткен жалғыз тіс-мұрынтис көмектеседі. Ол екі-үш күнде терімен бітіп кетеді. Бала жыландар екі-үш апта ғана аналық қамқорлықта болады, содан кейін әр қайсысы өзінше тіршілік кешеді. Табиғат заңы осылай!....


Сұржылан аталық қасиетіне өмірінің төртінші жылы жетілді. Міне, енді жыландар әулиетінде жұптасу кезеңі басталады. Оның өзі де бір ғажап құбылыс! Сұржылан аналықты қалың шөп арасынан жылжып өткен жолдарында қалдырған, тек өзіне ғана тән ерекше иіс арқылы іздеп табады. Ол иісті сезіну де бір өнер! Оны Якобсон сезіну мүшесі дейді, сондай ғалым бопты, соның ойлап тапқаны. Бұл сезіну мүшесі, әр жыланның тұмсығы мен көз аралығында, бас сүйектің ойпаң жеріне орналасқан шағын ғана дорбашықта сақталатын сарғылт түсті сұйық нәрсе. Ал оның сезіну қабілеті ғаламат! Сондықтан бір аналықтың өткен ізін сол иіс арқылы қатарынан бірнеше аталықтар іздеп табады. Ондайда аталықтар арасында айқастар өтетіні сөзсіз....

Сұржылан аналықты осылай іздеп тапқанда ол да жас сұлу денесін барынша созып күнге қыздырынып жатыр екен. Жанына жылжып кеп қалған аталықты бірден сезген жас аналық жиырыла қалып, ысылдап, төкәппар басын кекірейіте көтеріп, қарсы тұра қалды. Сұржылан енді жәй жылжып жақын келді. Олар бір-бірін бастарын көтеріскен күйі, тілдерін кезек-кезек шығарып, жыбырлатып қарсы алысты. Көзге-көз қарасты, болар-болмас бас иісіп ишарат білдірісті. Тек, әттең, сөйлесерге тіл жоқ. Олар екеу ара осылай байқасты. Сосын сұржылан бір орында сәл ғана ырғалған болды. Аналық та оның қимылын қайталады. Сұржыланның ендігі қимылы-ол жәй ғана жылжып аналықтың бөксе тұсынан бір рет әрі асты. Жас аналық онша қарсылық білдірмеді. Сұржыланның қабыршақты бауыры бұның денесін сәл қытықтағандай өсер етті.



Ол енді бұрылып кеп басын көтеріңкі ұстаған аналықтың орта тұсы, қақ белдіктен кеп бір орады. Жып-жылы, тіпті ып-ыстық денені екеуі де сезінді. Аналық келесі сәтте енді не істер екенсің дегендей, өзінше тәкәппар басын тағы көтеріп қойды. Міне осыны күткен сұржылан аналыққа тағы бір оратылды. Екі оратылып бұранда жасады. Сол кезде ол өз жүрек тұсынан, аналықтың да кішкене жүрегiнiң дүрсiлдей жөнелгенiн, денесiнiң дiр еткенiн жақсы сездi. Жас аналық денесiн жартылай қимылдатып басын ғана көтере бердi. Сұржылан енді бір оратылып әлгi бұрандасын тағы бұрады. Жас аналыққа жан кiрдi, ол енді өзі сұржыланға сенiм артып, өзі оған сүйенгендей, оратылған жарты денесiн жоғары көтере бастады. Жиырылған дене енді созылды. Осылайша аналық жарты денесiн бiраз тiктедi. Тiптi тiктеп қана қойған жоқ, енді өзі сұржыланға оратыла бастады. Сұржылан өзі оратылған сайын аналықтың денесiн байыппен, жатықты түрде қыса түсiп, оған өзiнiң бар жылуын, қызуын, бар қалауын сезiндiргендей, түсiндiргендей болды. Ал аналық болса әлгi бұрандамаға өз денесiн сүйеу арқылы басын жоғары көтеріп биiктей бердi, биiктей бердi. Сұржылан оны ораған сайын аналық та жан рахатын тапқандай, бар арманы биiктеудi керек еткендей, ол енді тіпті қаққан қазықтай қақайып, жерден денесiн жарты метрдей көтеріп биiктедi. Көтерілген сайын сұржыланның күш қуатын байқады. Аналық тағы көтерілгендi ұнатты, оны өзiне мәртебе еттi, тек биiктеудi арман еткендей, сұржыланға соны сездiргендей болды.

Сұржылан да келесi бiр сәтте жас аналықты ораған күйiнен аз-мұз босатып, өзі сыр етiп төменге түсiп, аналықтың құйрық тұсына шейiн жақындап, ал өз құйрығымен жер тiреп, сол оратылған күйi қайта жоғарылай бердi, сүйтiп баяғы деңгейге қайта жеттi. Олар осылайша бiр-бiрiне оратылып жас қыздың жуан бұрымындай “сегiздiктердi” жасай бердi, жасай бердi. Олар осылайша өздерiн мына жалған дүниеде тек



екеуінен басқа ешбір жан жоқтай, бір-бірінен ажырай беріп, қайта асыға оратылып, ал кеп теңселді, ал кеп ырғалды, сосын сол күйінше ілгері жылжыды. Олар осылайша өзара келісіммен танқаларлық қозғалыстар жасап, бір дененің қос мүшесіндей ғажайып көріністерді орындады. Олардың бұл қимыл-әрекеттері тура балет биін көрсетіп жүрген қос жұптардың ісіндей болды. Бұл кезде сұржылан аналықтың денесіне бірде тіл ұшын тигізіп, бірде тұмсығымен сүйкеп, не бір әрекеттер жасады.

Аналық та бір орнында көтеріле-көтеріле шарықтау шегіне жетіп, енді басын кейінге қайырып, шалқалай берді. Мақсатқа енді жеттім, арманыма жеттім, жарайды дегендей. Аналық осылайша өз құмарынан шыққандай. Әрине, бұл қимыл сол қалпында мәңгі тұра беруі мүмкін емес-ті. Аналық сұржыланның күш қуатын толықтай сезінді, енді бұл құрсаудан босап шығу керек. Сондықтан ол шалқалай берді де сұржылан бұрандасын сәл босатып еді, екеуі де мамық шөп үстіне құлап түсті. Осыншама қимылдың негізгі мәнісі енді басталды. Осылайша жұптасқан қос жылан аса бір көз ілеспейтін жылдамдықпен оратылған жіптей тас-томалақ күйге енді. Егер осыған дейінгі қимыл-әрекеттер аналықтың ойынан шықса, тек сонда ғана олардың жұптасу операциясы сәтті өтеді. Егер бар қимыл аналықтың ойынан шықпаса, онда аталықтың сорланғаны. Аналық енді қайтып оған бұрылмайды, қасына да жақындатпайды, ал оның ойынан шықса бұл симфония бірнеше рет қайталанады. Содан кейін олар ордалы жыландар үйіріне барып қосылады. Ондағы тіршілік мамыр айының орта шеңіне дейін жалғасады. Тек ордалы жыландардың арасында болашақ ұрпақтың мінез-құлқы, тұқымдық ерекшеліктері қалыптасады. Сосын жетпіс күннен кейін ұяластардың тірі бала жыландары жарық дүниеге шығады...

Сұржылан осылайша жатып, туып-өскен жерін, онда өткен жастық шағын есіне түсірді.

— Шіркін-ай! — деді сұржылан, — Сол бір туған жерді тағы бір көру бұйырса!...



9

Сұржылан тақтай бойын жағалай жылжып кеп безі түскен саңылауды тапты, сосын басын сұғып ішке үнілді. Тесік тарлау екен, сонда оған келген ой:

— Апыр-ай, мына саңылау ескірген қабығымнан арылуға ең қолайлы жер екен, — деді.

Онысы рас, жыландар әулиеті жылына бір-екі рет ескірген сыртқы қабығынан арылады. Себебі табиғатта жыландардың жаулары боп саналатын, жай көзге онша көрінбейтін паразиттер бар. Термиттер дейді оларды. Солар жыландардың денелеріне таскенедей жабысып, қандарын сорады, немесе шағып денелерін қышытады. Міне, осылардан жыландар тек сыртқы қабығын тастап, түлеу арқылы құтылады. Қабық әбден жетілген кезде жыландар тұмсықтарын қураған шөпке, немесе саңылауға сүйкеу арқылы өз денесінен қабығын ажыратады. Сонда әлгі паразиттер қабықшамен бірге қалады да, жыландар суға шомылу арқылы терілері жаңарып, өздері сұлуланып шыға келеді.

Сұржыланнның осы жолы қабыршақтан арылу ойында жоқ еді. Ол тілін кезек-кезек шығарып төңіректі байқап көрді, жер түбінен біркелкі салқындық сезілді, оған қоса баяғы хош иіс барынша аңқып, мұны өзіне шақырғандай болды. Сұр жылан қабырға бойымен төмен сырғып, топырақ себеленген мата үстіне әуелі басын, сосын бауырын тигізіп, ақыры қабыр ішіне түсті. Қай жағын байқаса да, әйтеуір, айналасы қапталған мата, оның үстіне себелеп төгілген ұлпа топырақ...

— Осыншама иісі бар, бұл не?! — деп ойлады ол қапелімде түсіне алмай.

Сұржылан бұрылып ілгері жылжыды, әрі саяқ, әрі баяу қозғалды. Төңіректен шүберек пен топырақтан басқа еш нәрсе сезілмеді. Келе жатып бір де төмендесе, бір де жоғарлады, сосын домалақ нәрсенің үстіне шықты — бұл шеті екенін тұмсығы қабырғаға тигенде білді. Содан сұржылан матаның бір бастау жерінен ішкі жағына басын сұғып, тұмсығын мұздай нәрсеге тигізді, тілімен байқап көрді. Байқады да шошып кетті.

— Мынау адам ғой!



Сұржылан жаналқымға түсіп аяқ жаққа сырғып кетті. Бар денесін бір ортаға жинап басын кекшитіп, біраз айбат шегіп ысылдап қойды.

— Бұл неғып жатыр бұ жерде?!

Дененің суық екенінен енді сезіп, ол біраз саябырсыды.

— Тіршіліктің ешбір нышаны жоқ қой!... Ә... ә... Енді білдім мынау өлік қой!

— “Міне, қаншама жүрек жалғайтын қорек, таусылмас азық! Жат та же, кіріп-шығып кеп же, қасыңа тағы біреуді ертіп кеп же, бәріне де жетеді” деп ойлады ол.

— Әй, адамзат нәсілі! Сен тірінде қандай мықтымын десең де, өлгенде сондай мүсәпір екенсің! Жатысың енді мынау. Батыр екеніңді көрейін, кәне, осы жерде бір қимылдап, қарекет жасап көрші, — деп сұржылан басын кекірейтіп айбат шекті.

— Сен ғой тірінде бөрімізді таптап, жаншып, өртеп, өлтіріп ойына келгенін істеп-ақ бақтың. Сонда біздей хайуандар мен мақұлықтардың жазығы не? Қандай зиян келтірдік саған? Ә... үндемейсің! Енді жатысың мынау, бар жоғы бір кез шүберекке оранып ап өз-өзіңнен іріп-шіріп жатырсың. Сенің бар күшің де, қасиетің де тек тірлігінде екен ғой. Жасаған ием саған бар жақсы қасиеттерді аямай-ақ сыйлады. Сен бар тіршілік атаулының қамқоршысы болсаңшы! Хайуанаттарға аяушылық көрсетсеңші!

Сұржылан тағы айбат шекті.

— Қазір сенен мен мықтымын. Сенің денене тісімді батырып уымды жіберсем қайтесің? Әлде майлы сүбеңе сылқия тойып алайын ба?... Е, жарайды!.. Бопты енді. Өлік демесе, тегің адамзат ұрпағысың ғой! Сенің тәніңді қорлап қайтейін!.. “Өлі жанның етінен, тірі жәндіктің жылы қаны артық!”. Жыландар әулеті өлік етін жемейтін өдеті.

Сұржылан енді байқаса, оны армандай осы жерге алып келген манағы бұрқыраған иіс (әтір мен қалампыр иісі) енді ғайып болып, оның орнына бір түрлі қолаңса иісі сезілді. Денесі де мұздай бастады, сондықтан ол



осы жерден тездеп кетуге асықты. Енді қайтып бұ жерге келмесіне, мына ораулы жатқан өлі жанға титімдей де зақым етпеске серт беріп, манағы түскен саңылауды іздеумен біраз әуреленіп, оны ақыры тауып жоғары қарай өрмелеп, лақаттан шығып кете барды. Өзінше үлкен бір іс тындырғандай ол қамыс арасымен аз-кем жылжыды да, тас-томалақ оратылып, ұзақ ұйқыға мойын бұрды.

— Келер көктемге шейін аман болайық!...

## 10

Аталық жыландар өте тоңғақ болады. Оларға көктем келгенін хабарлаушылар аналықтар. Аталықтарды қарсыласқандарына қарамай ін түбінен дүркірете қуып жарыққа шығаратындар да солар. Әйтпесе маубас еркектер тас-томалақ оратылып-ап ұйықтай беруге мәстір... Көктем шыға сұржылан жатқан молаға кеп қып-қызыл түлкі тығылды. Көктем келгенін сездірген де сол болатын. Моланың бір қабырғасынан ішке қарғып түсті де топырақты бұрқыратып қаза бастады. Шамасы, өзінше ін дайындамақшы. Ол сұржылан жылжып өткен жолдардан онша көп қашық болмады...

Сұржылан қызыл түлкіні алғашқы рет осыдан біраз жылдар бұрын су жағасында, жаздың жайма шуақ күндерінің бірінде көрген болатын. Сұржылан айдынды кезіп, жортып жүрген, жағаға жақын кеп, қопалы жықпылдың арасына кіре бергені сол-ақ еді, арғы қырқаның астынан сопаң етіп қызыл түлкі шыға келді. Су жағасына жақын кеп, кілт тоқтап, жата қап аунады, жер бауырлап аз-кем жүрді, сосын бір жамбастап шокиған күйі артқы аяқтарымен кезек-кезек бар денесін қасынды. Күн сәске өлеті болатын, қызыл түлкі әрі ыстықтады, әрі қышынып біраз мазасы кетті. Сосын жан-жағына жалаң-жалаң қарады. Мұнысы “қырықтан астам айлам бар, соның ішінде ең жақсы көретінім-адамдардың көзіне онша жиі түсе бергенді жаратпаймын” дейтін қызыл түлкі, осы харакетімді біреу-міреу бақылап тұрған жоқ па дегендей, мойнын созды. Тұмсығын сұржылан жаққа бұрып ауаны иіскеді.

Содан кейін жерден бір тал шырпыны шетінен тістеп, жәй басып су жиегіне келді, аяқтарын біртіндеп малып суға енді. Күйрығын да суға салды.

Сұржылан бұл ата жауын бұрын да талай кездестірген-ді, тек бір амалы тереңге сүңгіп ұстатпай кететін. Ал түлкінің бұл әрекетін ол алғаш көріп тұрғаны. “Арты қалай болар екен” деп сұржылан енді түлкі қимылын қопа тасасында жасырынып бақылады. Түлкі баяу жылжып, тереңге қарай түсе берді. Жылжыған сайын оның денесін қышытып, үстін қаптап жүрген бүргелер: түлкінің қылшықты бауырынан, құйрық жүні арасынан қашып, енді оның жон арқасына қарай жөңкіді. Бірақ ол жерде де көп тұрақтамай, су жақындаған сайын олар түлкінің тықыр басына қарай заулады. Түлкі денесін толықтай су шайған кезде бүргелер түгелдей шырпы басына көшіп үлгерген. Түлкіге де керегі осы еді. Ол біраз жерге жүзіп барып, тістеген шырпыны ауызынан босатып ықтырып жіберді. Сүйтіп оның біраз мазасын алған бүргелер колониясы енді балықтарға жем болды. Бұны көрген сұржылан түлкі әрекетіне қайран қалды, ал ол судан шығып, сілкініп-сілкініп, қалың шөпке екі-үш аунап тұрды да жортып кетті...

Міне енді сол түлкі топырақты бұрқылдатып қабырды қазып жатыр. Ара кідік тоқтай қалып, сұржылан жүріп өткен жолдарға тұмсығын тығып ұзақ искелейді. Сосын бұрынғысынан бетер жылдамдықпен қазғылайды кеп. Сұржыланға түлкінің бұл харакеті ұнамады. Ол мына түлкі өзін емес, осы көрден қоректенеді екен деп, жер түбіндегі жатқан өлікті қызғанды. Бірақ қандай амал жасамақшы? Сондағы ақылының жеткені түлкіні лақат түбіне қалайда түсірмеу керек. Ол тіпті бір бүйірден барып түлкінің аяғын шағып алмақшы болды. Аң патшасы атанған арыстанның ажалы жыланның бір шаққанынан болғанда, мына түлкі не оған? Шіркін, майлы табанына тісінің ұшы бір тисе, қалғанын өзі-ақ білер еді. Бірақ қызыл түлкі онша көп тереңге бармады, өзіне жетерлік інді қазып, сол жерге





тыныстады. Осы күннен бастап сұржылан екеуі бір моланың ішінде көрші болды...

Күн ыстықта інге кіріп жатқаны болмаса, қызыл түлкі кешкілік салқын түсе моладан қарғып шығады да ғайып болады. Қайда барады, не істейді, немен қоректенеді онда сұржыланның шаруасы жоқ. Қасымда жылан жатыр екен-ау деп қызыл түлкі де бұны елеген емес. Дегенмен осы түлкі келгелі сұржыланның мазасы кетті... Бірақ қызыл түлкі соңғы күндері іннен шықпай ұзақ жатып алатынды әдеттенді. Бұл кезде сұржылан тым сергек, ол томаға тұйық бір ойдың жетегінде болады. “Қызыл түлкі неге ұзақ жатып алды. Мүмкін... мүмкін ол балалағысы кеп жатқан шығар? Ә...ә...тап солай!” Сұржыланның ауызына жып-жылы қанның дәмі келді...

Көп кешікпей осындай күндердің бірінде іннің ішінен бір керемет қышқылтым иіс шықты. Қабырдың сонау шыңырау түбінде жатқан сұржыланға жоғарғы жақтан біреудің бары сезілді. Артынша қабыр ішін түтін шалды.

Арада біраз уақыт өткен соң сұржылан сыртқа шықса, моланың ішіне көлеңке түсіпті. Бір бұрышта азғана тезек бықсып жатыр. Тезек түлкі інінің ауызында да қалыпты, бірақ өзі көрінбейді. Сұржылан енді сыртта күн барын, бұл жерден гөрі моланың үсті жылырақ екенін жақсы сезді...

Сұржылан енді осы қоршалған моладан шығып кетуге бел байлады. Әйтпесе қызыл түлкі күндердің бірінде өзіне шап беруі де мүмкін ғой. Ол қаланған бұжыр-бұжыр кірпіштерге оратыла өрмелеп біраз жоғары жылжыды, бірақ денесін ұстар ештеңе таппай талай рет мола ішіне құлап түсті. Дегенмен дамылсыз жоғарылау, тіршілікке деген құштарлық, өрмелеуді жалғастыра беруді талап етті. Сұржылан енді кірпіштерді тіктеп емес, керсінше қиғаштап өрмелеп жылжыды, ақыры жоғарғы тасқа иегі ілінді. Желке тұсының бұлшық еттері көмекке келді, сұржылан сүйтіп жып-жылы тастардың үстіне шықты. Ауада едәуір көтеріңкі жел бар екен, бірақ аспан шайдай ашық. Осы жерде сұржылан біраз жатып қыздырынды, біраз күш



жинамакшы болды, себебі енді мына биік моланың үстінен ар жағындағы жерге денесін зақымдамай түсу де зор тәжірибелікті қалайтын-ды. Ойына әлгі қызыл түлкі оралды. “Қайда жүр екен, қаңғып? Кім білген?.. Жүрген шығар бір жерде құйрығын бұлғандатып!” Сұржылан қызыл түлкіні жек көріп кетті. Сосын ол өзіне өзі разы болғандай созыла түсіп жатты...

Алапат аяқ асты күтпеген жерден болды. Сұржыланның бар сезгені, бір нәрсе зу етті, аспаннан құлап, бұны көкірек тұсынан сығымдап қысып, салақтатып, былқылдаған денесін көкке көтеріп ала жөнелді. Сонда оның көзіне түсіп үлгергені, осынау молалы Қаратөбеден қашықтап бара жатқан бір адамның қанжығасында манағы қызыл түлкінің терісі байланған екен. Ал өзін бір аяғына ілген қарақұс өзеннің арғы бетіне қарай бағыт алған. Шамасы ұябасарына сыйға тартпақ.

Осынау оқиғаның шарықтау шегі жалпақ өзеннің қақ ортасында болды. Қарақұс сұржыланды қысқан аяғын сәл босатып, енді оны екінші аяғының тырнақтарымен қыспақшы еді. Осы тұсты пайдаланған сұржылан тұла бойындағы екі жүзден астам омыртқаларын тіктеп, шолақ құйрығын сілке тартып қалды. Жасаған иемнің өмірі солай болды ма, міне ғажап, сұржылан қарақұс тырнағынан біржола босап, енді төменге қарай құлдырады... Жемтігінен ажырап қалған қарақұс та артынан зулады. Бар денесін тіктеген сұржылан қаққан қазықтай суға сүңгіп үлгерді, ал қарақұс керісінше денесін тіктей алмай суға кеп құлады...

Тіршіліктің тәттілігі соншалық, сұржылан баяғы туған жеріне енді аман жетуге асықты...





## ЕЛСІЗ ЖЕР, ЕСКЕРУСІЗ ЕР

(эссе)

Кездейсоқ көлденен кездескен қаймана қазақтың “қай туған боласыз?” деген қазымыр сұрағына алдымен облыс орталығын, мың аралға орналасқан Астрахан өлкесін айтамыз. Соның үш жүз сексенін еншілеген Володар ауданына жол сапары түссе, жанындағы шағын өзеннен паром арқылы өтіп, шығысқа қарай тартқан асфальт жолмен, ал су бойы болса, моторлы қайықпен сағаттай уақытта жетіп баратын елді мекен-Крутое ауылының арғы бетіндегі қалың теректердің арасынан сарғайып көрінетін төбені, оның басы толған моланы көрсеніз – ол қазір елсіз жер – Кірмалайды атаймыз.

Солай аталуына о баста кір-кір боп жүрген ноғай баласы кінәлі ме, әлде айналадағы ауылдардың аттарын орысша қойғанда, осы төбеде шипалы шөп адыраспан (гармала (қаптап өскендіктен бе, ол туралы бізге жеткен дерек жоқ... Дерек түгілі алдыңызға облыс картасын жайып салып, көз майыңызды тауысып іздесеңіз, шырағыңыз жасаурайды, бірақ сол жердің атын да, затын да таба алмайсыз. Әйтсе де бұл жердің бір кезде “қырық үйлі – Беріш” аталуы, оның ынтымақты ауыл болғаны жазушы Әнес Сарайдың “Домбыра” атты әңгімесінен белгілі.

Оған қоса, төбенің іргесіне аппақ желкендеріне жел кеулетіп, жалауларын желбіретіп, тізіліп кеп тоқтайтын теңізшілер кемелерін көргенде, үш ай бойы азаматтарын сарғая күткен отбасы адамдары қуаныштары қойынға сыймай жағаға жүгірісетін, ал табыстарын күреп өкеліп, өздері де теңіздің желі мен күніне күйген, ақ айдыңның майлы балығына семіріп, бұлшық еттері бұлт-бұлт еткен шымыр денелі, қайратты жігіттер аман-есен

туғандарымен қайта қауышқандарына дән разы сезінетін, осынау ганибет көріністердің куәгері, қазір Алматыда тұратын сексен алтыдағы Қауыс ұлы Ғалым қария да “о да бір өткен дәурен екен-ау!” деп жүзіне қан жүгіріп әңгімелеп отырады.

Ғасыр басында осылай байқуатты ауылдың аяғында тұрғындары ойылып, көбінің молаға айналып, төбе басына шығатынын кім білген. “Елу жылда-ел жаңа, жүз жылда-қазан” деп дана қазақ текке айтпаған болар.

Әуелі Кеңес өкіметін құрамыз деп халықты ылаңға салды, отызыншы жылдары бірін колхозға бөлді, көбін “кәмпескелеп” итжеккенге айлады, одан Отан соғысына қырықтан астам азаматтарды өкетті, содан тек үшеу-төртеуі сау қайтып, басқаларының сүйектері белгісіз жерде қалды. Соғыстан кейін сүзек ауруы мен аштық біразын жойды, ал кейінірек бұл жер шабындық болады деп тұрғындарды жан-жаққа көшірді. Айналып келгенде сол ауыл елсіз қалды. Ендігі көңілге медет етіп, еске түсіріміз төбедегі молалар.

Солардың бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері, аты аңызға айналған – Темірәлиев Демеу Құмарұлының моласы. 1919 жылы Кірмалайда туып, 1946 жылы кенеттен қайтыс болған Демеу Темірәлиевтің қысқаша өмірбаянына үнілсек ол балықшы отбасында өмірге келген. Көрін ауылында жеті жылдық мектепті бітіріп, кейін Астрахан қаласындағы мұғалімдер училищесіне 1936 жылы түсіп оқып, 1939 жылы ойдағыдай аяқтаған. Артынша әскер қатарына алынып, Тбилиси қаласында Артиллеристер училищесіне түсіп, оны бітірісімен Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Соғыстағы ерліктері үшін 1942 жылы “Қызыл жұлдыз” орденімен, 1943 жылы “Қызыл ту” орденімен, және тағы басқа бірнеше медальдармен наградталды. Осының бәрі моласындағы құлпытасқа жазылған.

Демеу Темірәлиевтің соғыстағы ерліктері туралы сол кездегі “Отан туы” — “Знамя Родины” газетінде жақсы мақалалар жарияланған. Оқырмандарды сол мақалалардың мазмұнымен таныстыралық:



Капитан Демеу Тимиралиев

Немецкие самолеты бомбили реку. Вражеская артиллерия ожесточенно била по ее снежному покрову. Стрелки командира Абрамова шли по хрупкому льду, который трещал и гнулся. Черная вода выплескивалась из полыней, пробитых снарядами, и заливала ноги. Бойцы укрепились на противоположном берегу, потом пошли в наступление по открытому снежному полю. Между ними метались черные вихри разрывов, над головой вспыхивали шрапнельные дымки.

Надо было развивать успех многодневного преследования, штурмовать населенный пункт, который по планам немцев должен был приостановить наступления наших войск.

В самый критический момент атаки, когда перед стрелками выросла огненная стена разрывов, когда пришлось залечь, через головы бойцов полетели снаряды наших орудий и стали рваться между немецкими батареями. Бойцы видели, как запылал сарай, к которому тянулись все немецкие нити, мчались мотоциклисты и всадники. Там было осиное гнездо — немецкий штаб. Наши артиллеристы разрушили его первыми выстрелами.

— Демеу Тимиралиев! — крикнули красноармейцы, и на их сосредоточенных лицах заиграла улыбка. Они увидели чистую работу любимца пехоты — капитана Тимиралиева. Как всегда, он пришел к ним на помощь в нужный момент.

Почувствовав мощную поддержку, бойцы неудержимо ринулись вперед. Немецкая артиллерия оставила их в покое и вступила в единоборство с нашей. Наши бойцы не знали, что артиллеристы не спали несколько суток и, переправившись в плавнях, с хода развернули орудия и сразу же повели огонь. Пехота не знала, что одним из немецких снарядов Тимиралиев был ранен, но перевезав рану остался у орудия и руководил огнем. Но велико было удивление стрелков, когда они увидели две сорокапятимиллиметровых пушки младших командиров Кушера и Шагидова.



— Нас прислал сюда Тимралиев, — сказали они и стали прямой наводкой по-тимралиевски расстреливать гитлеровцев.

Пушки пошли в рядах пехоты, подавляя огневые точки врага. Тимралиев — казах, у него скуластое решительное лицо, зоркие глаза. Во время наступления Тимралиев часто идет в первых рядах пехоты, на ходу корректируя огонь.

Командиры орудий орденосцы Корунов, Ивануткин, Блинников понимают своего Начальника с полуслова и огонь их пушек всегда меток. Ни один снаряд здесь не расходуется зря. Был такой поучительный случай. Он произошел давно оно о нем следует вспомнить.

Одно наше небольшое подразделение вело неравный бой. Пятьдесят восемь красных Воинов мужественно, в течение нескольких часов, отбивались от врагов. Казалось ниче-го не могло спасти их. И вдруг с двумя пушками к ним подошел Тимралиев, мокрый от пота, но как всегда, уверенный и спокойный. Снаряды у него были на исходе, но он дал такой меткий огонь, что немцы не выдержали и отошли.

В другом месте тяжелые немецкие танки атаковали батарею Тимралиева, вставшую на их пути. Снаряды, выстрелянные издали, рвались, не пробивая броню. Тогда Тимралиев решил подпустить вражеские машины вплотную. Один танк раздавил орудие сержанта Баранова, но оставшиеся пушки продолжали вести огонь. Артиллеристы стреляли в упор и подбили шесть танков.

Стрелки подразделения командира Абрамова могут рассказать о десятках подвигов совершенных капитаном Тимралиевым. За эти подвиги правительство наградило его орденами Красного Знамени и Красной Звезды.

*Сергей Борзенко, писатель,  
Герой Советского Союза.  
Газета "Знамя Родины",  
№ 37, 10 февраля 1943 года.*



## Артиллерия в наступление

“Могучая русская артиллерия еще и еще раз прославила себя в наступательных боях Красной Армии. Доблестные артиллеристы смертоносными залпами, шквальным огнем сметают вражеские укрепления, прокладывают путь наступающей пехоте.

В историю войн войдет знаменитое артиллерийское наступление нашей артиллерии под Сталинградом. Немцы испытали всю силу мощных ударов сталинской артиллерии. В огне боев выросли и закалились кадры артиллеристов, неизмеримо высок профессионализм наших воинов. Наше правительство высоко ценит боевые успехи артиллеристов. Лучшие артиллеристы получают правительственные награды.

Президиум Верховного Совета Союза СССР предоставил право награждения орденами и медалями СССР командующему артиллерией Красной Армии, командующему артиллерией фронтов, армий, корпусов и дивизий. Теперь командующие артиллерией могут сразу же после боя оценить действия артиллеристов и тут же на поле боя наградить и вручить правительственные награды отличившимся.

Исключительно велико роль артиллерии в наступательных боях. Это обязывает Артиллеристов максимально использовать все возможности для организации артиллерийского наступления. Во время поддержать пехоту огнем и колесами-это значит обеспечить выполнение боевой задачи.

В степях Кубани отлично действует полковая артиллерия, которой командует капитан Тимралиев, о боевых действиях которого сообщает сегодня газета “Знамя Родины”. Прямой наводкой,внезапными ударами артиллеристы тов. Тимралиева уничтожают вражеские огневые точки, расчищают путь наступающей пехоте. Здесь отлично организовано взаимодействие с пехотой. Корректировщики всегда находятся в первых



рядах наступающих пехотных подразделений и поэтому огонь ведется прицельный, наблюдаемый.

— Артиллеристы, сокрушайте своим мощным огнем оборону немцев! Артиллерийским наступлением расчищайте путь пехоте!”

Мақаладағы ерлігінен кейін оны жауынгер достары Советтер Одағының батыры атағына ұсынуға құжаттар дайындайды, бірақ өкінішке орай, бір оқиғаның салдарынан жоғарғы жақ бекітпеген. Ол былай болған. Бала кезінен ат құлағында ойнап өскен Демеу Темірәлиев соғыста немістің бір қолбасшысының ақбоз атын қолға түсіреді де енді оны баптап, өзі мінеді. Бірде штабқа атпен бара жатқан гвардия капитаны Демеуді орыс генералы көріп “зеңбіректеріміз батпаққа батып жатыр, соны шығаруға атыңды бересің! деп бұйырады. Штаб шақыруымен асығыс екенін айтып, көнбеген қазаққа әлгі генерал көзі адырайып, Демеудің астындағы ақбоз атты олжалағысы кеп, тапаншасына жармасқанда, тік мінезді Демеу оны бірінші боп атып жібереді. Оқ генералдың санына тиіп, абырой болғанда ол сау қалады. Жалпы Демеу Темірәлиевтің осынау тік мінезі, ешбір жаннан қорықпайтын батырлығы, ат үстіндегі құрыштан құйған мүсіндей тұлғасы бізге қазақ батыры, замандасы Бауыржан Момышұлын көз алдымызға елестетеді. Әттең, бір шабуылда кенеттен жарылған снарядтан Демеуге оқ тиіп, госпитальге түспегенде, ол майданда сөз жоқ, әлі талай-талай ерліктерді жасауы қажет еді...

Соғыстан жаралы боп 1944 жылдың аяғында елге оралған Демеу көп кешікпей Қалима апайға үйленеді. Олар бұрын Астарханда мұғалімдер училищесінде бірге оқыған болатын. Қалима Дүйсембаева Қарабайлы ауданы, Ақтөбе аулында 1921 жылы туған. Колхоз басқармасы боп істеген әкеден ерте айрылған Қалима төрт баламен жастай қалған анасының тәрбиесін көріп, талай қиындықтарды басынан кешті. Тек қажыр-жігерімен жетіжылдық мектепті бітіре сала, он бесінде гүлі ашылмаған өрімдей талапты қыз оқу-білім іздеп,





жүз елу шақырым жердегі Астарханға келген. Міне, осы жерде болашақ тағдыры оны Демеу Темірәлиевпен кездестіреді. 1939 жылы училищені бітірген екі жас, болашақ өмірде бірге болуға серттесіп, Қалима Демеуді әскерге шығарып сап өзі ауылға мұғалім боп оралады.

Өткен өмірдің сол бір кезеңі Қалима апайдың әлі көз алдында.

— Әсіресе, соғыстың сұрапыл жылдары есімнен кетпейді. Ауылымыз Астархан — Москва теміржолының бойындағы Қарабайлы станциясы болды. Соғыс кезінде күні-түні майданға ағылып жатқан поездар, әскерлер, ауыр қару — жарақтар тиген составтар. Сталинград майданы бізге жап-жақын. Жарылған бомбалар, аныраған самолеттер дауысы құлағыңды тұндырғандай. Біз балаларды жертөлелерге жасырып оқытамыз, содан кейін оларды ертіп егінге апарамыз. Жемісін жинау, шөп дайындау — бәріне де араластық... Ойласақ, ерлердің ісін жасаппыз. Оған қоса майданға киім-кешек, шұлық тоқып дайындаймыз. Тек азаматтардың аман оралуын тіледік, — дейді апай.

Сол тілегі орындалып, Демеу аға аман-есен елге оралды. Олардың үйлену кезеңдері өз алдына бір тарих...

Жанұялы болған соң олар жұмыс бабымен Могой аулында тұрған, өздері мұғалім боп істеген. Демеудің әкесі ақсақал сүзек сырқатынан дүние салған соң, анасы Әдемі апай ұлы мен келінінің қолына біржола көшіп барды. Бірақ олар жылға таяу уақыт бірге тұрып, тағдырдың маңдайға жазғаны солай болар, Демеу Темірәлиев аудан орталығына үлкен қызметке ауысар кезде, қайғылы қазаға ұшырап суға кетеді...

1946 жылдың ақпан айы. Терең өзен мұзы ойылғанда, шанаға жегілген ат үркіп, ышқына қарғығанмен аяқтары жерге тимей, не мұзға ілінбей, тура су түбіне кеткенде, ерлі-зайыпты олар бірге еді. Ер тұлғалы, қарынды Демеу тұлабойын су шалып, ойықтан атып шыққанда, жанындағы қосағын көре алмады. Бүлкілдеп көбік шығып жатқан тұсқа Демеу қайта қарғыды. Сол жерде



құрдымға тартып бара жатқан Қалиманы киімінен шап беріп, су бетіне алып шықты. Сүйікті жары үшін ажалмен арпалысқан аялы азаматтың келіншегін мұз үстіне сырғытып жіберуге ғана қайраты жетті. Демеу қанша бұлқынса да, үстіндегі ауыр киім, иірілген ағын оны төмен тартып, мұз ернеуінде жан ұшыра шырылдап қолын созған жарына саусақтарын жеткізе алмады. Қарлы дала, мұзды айдын, ұлыған жел, ойық шетінде құрдымға қолын ұсынып, көз жасын төккен Қалима қала берді...

Есіл азамат осылай, айы-күні мұң болып отырған әйелін аман сақтап, өзі бақи дүниеге аттанды. Оның бейбіт күнгі бұл ерлігі “өзім тірі қалғанша, екі адам аман болсын!” дегендей тілегі, соңынан елге аңыз боп тарады.

Артында аңырып ана қалды. Бұл қаза жары Қалиманың да жас жанын аяусыз тілгілеп, барынша майыстырып барып есін жинатты. Егілген енесін көріп Қалима:

Апа! Енді жокқа егілме, мен өзіңе балаңдай болам, анамдай өзің жанымдасың, біз бірге боламыз, сертім осы! — дегенді. Қалиманың бұл сөзін естігендер бұл сөзіне разы боп, көздеріне жас алған.

Сол күнде аяғы ауыр Қалима артынша өмірге ер бала әкеледі. Атадан қалған тұяқ қой. Ұлдың атын елі азан шақырып, Тұяқ қояды. Сол Тұяқ ана мен ене арасында дәнекер де болды...

\*\*\*

Міне, арада алпыс жылдай уақыт өтіпті. Өзін жиырма бесінде құрбан етіп, екі адамды аман алып қалған Демеу Темірәлиевтің асыл бейнесі олардың есінде мәңгі сақталады. Қазір сол ұлы Тұяқ, сексеннен асқан анасы Қалима апаймен Алматыда тұрады. Ардагер ұстаз апамыз “Қазақстан халық ағарту ісінің озаты”, 1971 жылы Атырау қаласында Ленин орденімен наградталған. Ол туралы кезінде газет-журналдар жарыса мақалалар



жазған-ды. Енді “Қазақ әдебиеті” газетінің 1972 жылы бірінші қаңтардағы санында жарияланған мақаланың мазмұнымен оқырмандарды таныстыралық:

### Мұрат жолы

Астрахан – ертерек оянып, білім, мәдениетке таңсәріде қолы жеткен қалалардың бірі екен. Сондықтан ба, Қалиманың қызығып кіріскені де, құнығып қолға алғаны да білім болды. Соның тұнығынан тату, мөлдірінен сусындаудың алғашқы бір қадамдарын жасап та еді. Сөйтіп, өз мұратының шетіне қолы іліккендей!..

Өз ауылы “Заря коммунизма” колхозына мұғалім боп оралған. Тіпті, алғашқы айлық ақшасына дүрия көйлек сатып әкеліп, кигізгенде-енесі Әдемі қуанғанынан шалқып кетіп, ауыл-аймақты жиып ап, тойға шашылған. Жақын, абысындарына: “Көремісің менің мынау келін баламды. Әлі-ақ, қос қарашығымның қызығына қарық боламын да... Бала оқытамын дегені-бір базар болды, айналайынның!” деп көлкіп, көзайым боп қалған.

Жары мен анашының осы бір ұйыған қатықтай өмірлеріне Демеу де тым риза еді... Сол бір болып-толып тұрған өмірлері кенеттен шайқалды. Ол-сүм соғыс болатын. Демеуді майданға аттандырып салған соң, Қалима майысып барып, сынбас шынардай бекініп алды.

– Біздің ауыл, – дейді сұрапыл жылдарды еске алған Қалима апай, – Астрахан – Москва темір жолының бойында тұрды. Күні-түні ағылған қару-жарак, әскерлер, солық солық ауыр составтар, жарк-жүрк самолеттер... Әсіресе, Сталинград майданындағы шайқас жан түршіктіргендей. Күндіз окоп, жасырын жертөлелерді баспана ғып қана бала оқытамын. Сабак өткізудің уақыты – бие сауымдай ғана бола ма, әлде сүт пісірімдей ғана созыла ма, қалай? Сосынғысын шіл аяқ балаларды шүрегейдей тізіп, егінге аттанамын. Бидай орып, масақ теру, бақша жинап алу, пішен, аула-қора да біздің

қолымыздан өтіп жатты. Майдандағы азаматтарға оқ астын бүркеніш ете жүріп, киім-кешек, құрт-жент беріп қайтқан кезіміз де болды. Ол жылдары жастық жалынымыз алаулап тұрғаны ғой. Қазір ойласақ, онда — ердің ері атқарар іс қылыпсыз.

Иә, Қалима апайдың ол жылдарды айтса шежіре сандықтай қат-қабат сыр төгетіні бар. Соғыс жылдары шынардай шыныққан Қалима апай 1943 жылы партия мүшесі болды. Ауылдық, аудандық Советке депутат боп, аупарткомның пленум мүшесі боп та, белсене қызмет қылған. Демеу жеңіспен оралғанда, сол қиындықтың бөрі ұмытылғандай болған. Амал не, ер-азамат төрт жылғы қырғынды сұрапылда айықпас жарақат тауыпты. Ақыры, 1946 жылы Демеу дүние салды. Бұл қаза жас Қалиманың жанын аяусыз тілкемдеп кетті. Енесі Әдемі де шөгіп қалған.

“Болмасқа-болаттан да берік бол, шырағым”. Осынау сөзді қай ақсақал айтып еді?! Әйтеуір, көріне көңілге үміт ұялатқан ғой. Мектепке барса-шүпірлескен жәудір көз балалар, үйге оралса — Демеудің көзі, талпынып шығар кішкене Тұяқ баурай берді. Осылайша, Қалима апай балаларға отыз жылдай ұстаздық етіпті-ау. Соның құрметі ме екен, —мынау президиум төріеде отырғаны!

Тағы да бір жаңа оқу жылы, Август маслихатына жиналған осы бір облыстық Саяси-оқу үйінің кең залы ұстаздарға лықа толы. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша берілген Ленин орденін Қалима Дүйсембаеваның омырауына осы залда обком хатшысы К.Шаймердиновтың өзі қадаған. Қошеметті қолдар дабысы залды кернеп кеткен. Еңбектес, мұраттас іні-сінділері бірі гүл шоғын ұсынса, біреулері ыстық құшағына алып, бетінен сүйді ананың. Қаншама бақыт, жүрек тебірентелік сәт десенізші! алима қуаныштан көзіне жас алды. Осыншама құрметке не боларлық не істеп еді?..

Қалима Дүйсембаева Чехов атындағы жөне 8 орта мектептерде 1960 жылдан бері ұстаздық етіп жүр. Қазак



балаларын орыс тіліне тынбай үйретуде. Ұстаз-ана, коммунист Қалима Дүйсембаева төсінде жарқыраған Ленин ордені осы еңбегінің куәсі болар. Елудің өресіндегі ақ құба ренді ұстаз-ана басын шалған ақ қылау шаш — орындалған мұрат кепіліндей. Сексен жасар Әдемі әже де келін-бала тәрбиесінде өзін тым бақытты сезінеді.

Мұратқа жетер жол да осыншама мехнатты еңбектен табылса керек.

*Әдият Байтөрин.*

\*\*\*

Екі немересі Темір мен Алдан жоғарғы оқу орындарын бітірген. Қалима апай әкеден қалған жалғыз ұлы Тұяққа білім беріп, адал азамат етіп өсіруге бар өмірін сарп етті. Оған қоса азаматының анасы, Әдемі әжейді өле-өлген ше күтіп, өз анасындай сыйлап өтті. Олар көп жылдар бойы Атырауда тұрып, тек Әдемі әжей 84 жасында дүние салған соң Алматыға көшкен...

Демеу Темірәлиев туралы әңгімелерді есіне сақтағандар, құдайға шүкір, баршылық.. Ойымыз дәлелді болу үшін Демеуді кезінде көрген-білген адамдардың естеліктерінен мысал келтірелік:

**1. Сисенғали Санбайұлы — Володар ауданы, Крутое ауылының тұрғыны.**

“Мен өзім көршілес ауылдың бірі Настасино село-сында туған едім. Демеу Темірәлиевті Көрінде жетіжылдық мектепте оқығанда 1933-35 жж. таныстым.

Мен 5-класка барғанда, Демеу 6-класта оқиды екен. Ұзын бойлы, ақсары жүзі есімде қалыпты. Ол Ахметов Сейтжан атты менің танысыммен (Колки селосынан) бірге оқыды. Екеуі дос, екеуі де жақсы оқыды. Мектеп директоры Шакуова-Қансуарова Әсия деген апай болды. Ол өте қатал, талапкер адам болды. Мен екі досты жетінші кластан кейін көрмедім. Бәріміз жан-жаққа кеттік қой...



Соғыстан кейін, келген соң мен сол Колкида “9 январь” колхозында парторг болып істедім. Сонда Сейтжанның ағасы Лукпан Ахметовтан естігенім:

“Демеу Темірәлиев соғыстан жаралы боп келген соң үйленген, сосын “Қарабатаға МРС” деген жерде жұмыс істеп, сонда отбасымен тұрған. Ал, суға кеткен оқиғасы: сол кезде Сейтжан Ахметов, офицер, ұмытпасам Монголиядан демалысқа елге келген. Өзі бойдақ, ауылда анасы бар, әкесі өлген болатын. Демалысы бітіп, қайтадан жұмысына кетерде жолы Могой аулына түскен. Сонда Демеудің отбасымен тұратынын естіген. Екі дос сонда қайта кездесіп, бірге болған. Сосын Сейтжан досын үйіне қонаққа шақырған. Бұлар ат-шанамен, қастарына Қалиманы алып, Колки ауылына жүрген. Сонда бара жатып, қыстың күні Могой ауылынан екі шақырымдай төмен Соколов төбесінің тұсында қыста қатпай жататын теріс ағынды жерде, мұз ойылып екі дос суға кеткен, Қалима Алланың әмірімен аман қалған”. Осыны маған Сейтжан ағасы өңгімелеген еді...

Ал өзім армияда, соғыста артиллерияда наводчик болдым, сонда 40 кг снарядтарды тасимыз. Сол кезде Сталиннің “Артиллерия — бог войны” деген қанатты сөзі болды. Себебі шабуылды бірінші болып артиллерия бастайды. Жаяу әскерлер оны күтіп жатады. Ал самолеттер сонынан ұшады: “Артиллерияны ақ қалашпен, неміс самолеттерін ақ нанмен кормить надо” деген қанатты сөздер болды.

Артиллерияның түрлері — 150 — гаубица — 13-15 адамнан тұрады. 75 — гаубица — 6 адамнан тұрады 45 — пушка — 3-4 адамнан тұрады

“Судабеккер” деген американың машинасы тіркеп алып жүреді, ал 75 пен 45 - пушканы қос аттар тартып жүреді. (06.10.1996ж. Крутое селосы)



2. Алғашқы ұстаздарымыздың бірі - Жүсіп Ермұқанұлы Әлмұқанов әңгімесінен.

“Мен Демеу Темірәлиевпен Көрінде, кейін қалада педучелищеде бірге оқыдық.

Сабаққа жақсы болатын. Өзі күресті, төбелесті жақсы көретін. Бірде жатақканада жігіттер арасында қақтығыс болды. Тез арада басыла қоймаған бұл жұдырықтасуда жігіттердің бірі қулық жасап, есіктен: “Атас, директор келе жатыр!” деп, кіріп келгені.

Жігіттер өздерін тежеп басылғанда, орталарында сол жұдырықтасуды бастағандардың бірі Демеу болмай шықты. Сүйтсе ол екінші қабаттағы терезеден секіріп кетіпті. Сонда біз ойладық ол қирап қалған болар деп. Арғынан есіктен сап-сау Демеуді баспалдақпен көтеріліп келе жатқанын көріп таң қалдық. Оған анау-мынау биіктен қарғып кету бұйым емес-ті. Өзі төбелесті тәп-тәуір көруші еді...”

3. Арықбаев Кәрім Арықбайұлы-Лиман ауданы, Лиман ауылының тұрғыны, ардагер ұстаздың әңгімесінен.

“Мен Демеу Темірәлиевті алғаш рет ұмытпасам 1944 жылы февраль, март айларының бірінде біздің тұрған ауылымыз-Володар ауданының, Қызылор ауылында Нәуеш туысканымыздың үйінде кездесіп таныстық. Нәуештің анасын шеше дейтінбіз, туыс адам болатын. Сол кісі: Біздің үйге құда балам қыдырып келді, бірге болыңдар, — деді. Барсам Демеуді жеңгесі, біздің туыс Күнсұлу апай ертіп келіпті. Сонда көрдім. Демеудің үстінде әскери киім емес, жәй қарапайым киінген. Бір ерекшелігі аяғында солтүстік халқы киетін жылы аяқ киім унти екен, үстінде жұқа пальто, басында құлақшын.

Сол отырыста Демеу көбіне менен қайда болдың, кім болып істедің деп сұрап отырды. Сонда олар жеңгесімен Кірмалайдан келген. Демеу жаралы боп армиядан келген екен. Маған бірден ұнағаны Демеу өте әңгімешіл екен, қарапайым адам, көкіректік жоқ өзінде.

Туыстары туралы, ағалары туралы жақсы әңгімелеп отырды. Әлгі шешеміз жалғыз тұратын, Күнсұлу апайымыз оның қызы болатын, балалары армияда, соғыста еді. Бірге отырып шәй іштік, артынан тамақ жедік. Олар сол үйде қонып қалды. Сонда Демеу өзінің жайлы адам екенін танытты. Ол кезең өте қиын заман еді ғой.

Екінші рет Демеумен құдалықта кездестік. Ол кезде Нәуеш ініміз армиядан аман-сау келіп, үйленетін болды. Соған келін түсіргенде Демеу үлкен құда, мен екінші құда, Нәуеш күйеу болып үшеуіміз бардық. Володар ауылына. Келіннің аты Умаш, әкесі Қуан Есбосынов деген азамат, ауруханада завхоз болды.

Демеу құда ретінде де өзін ата дәстүрді жақсы білетін адамдай сезінді. Үлкен құдамен қыз жеңгелері әзілдесіп, біраз қаделер алды. Бір қызығы түнде жатқанда жеңгелер Демеудің киімін төсегіне тігіп тастапты. Осы бір күлкілі оқиға болды. Той қыста өтті. Келінді келесі күні Қызылорға алып келдік, онда да тойда Демеумен бірге болдық... 1944ж аудан орталығы Марфино ауылына ауысты. Сонда келіп жүргенде бір көрісіп қалдық. Мен онда Райфо да бастық болдым, ал Демеу Могойде істеді. Сонда жұмыс бабында аз-мұз әңгіме құрдық. Ал оның 1946 жыл басында суға кеткені туралы ертесінде хабар келді. Бәріміз де қайғырдық, бірақ не істейік. Демеу жерленетін күні мені облысқа курске оқуға жіберді.

Демеу менің көз алдымда ұзын бойлы, иықты, сүйекті адам ретінде сақталып қалды. Әсіресе күлкісі жақсы болатын. Армия адамды жақсы тәрбиелейді ғой. Ол өте мәдениетті адам ретінде және қазақтың дәстүрін де жақсы білетін адам ретінде сақталып қалды... (04.09.1997ж. Лиман ауылы)

...Ана мен ұлдың қазіргі көңілін алаң еткізетін-алыстағы асыл жанның күтімсіз моласы, әке ерлігінің ескерусіз қалғандығы. Не үшін соғысты, не үшін қан төкті, не үшін жаралы жанын қиып, не үшін құрбан болды. Осынау асыл азаматтың есімі неге көп уақыт аталмай келеді? Тым болмаса ауыл мен аудан





басшылары бір көшенің, бір мектептің атын беруге болмаспа? Орыстың “Никто не забыт, ничто не забыто” деген қанатты сөзі қазақ ағайындарға да даритын шығар. Лайым да солай болғай!...

“Қазақстан әйелдері” ж-лы, 1996, N 10.





## **МАХАМБЕТ, ҚҰРМАНҒАЗЫ** **мүсіндері және антрополог** **НОЭЛЬ ШАЯХМЕТОВ**

Биыл Махамбет – 200, Құрманғазы – 180, Ноэль Шаяхметов – 72 жасқа толады. Қазақтың қазіргі көрнекті жазушыларының бірі Төлен Әбдікұлы “Бассүйек” атты әңгімесін былайша өрнектейді: “Мүсінші-антрополог Хамит кешкі астан соң жұмыс бөлмесіне беймезгіл кірді. Үстел үстінен еденге дейін шашылған күл-қоқыс, сигарет қалдықтары, қағаз қиындысы, мүсін жасайтын қоңыр қошқыл сылақтың үгінділері, сөйліп бітпейтін темекі түтіні мүсіншінің жұмыс десе дүниенің бәрін ұмытатын жансебіл адам екенін байқатады. Беттері ашылған бірнеше кітаптың қатарында омап түскен асықтай шықшыты жоғары қарап, өлген адамның әбден мүжіліп опырылуға айналған бас сүйегі жатыр. Мүсінші оны әлденеге ыза болғанда домалатып атып жіберді ме, болмаса әдейі солай қойды ма, әйтеуір қасқа мандайды қиып түскен қылыштың ізі көрініп төңкеріліп жатыр.

Хамит босағадағы диванды солқ еткізе отыра кетіп, тісі ауырған адамдай бетін тыржитты. Күрсініп, диван арқалығына шалқая түсті де көзін жұмып ұзақ отырды. Ол мұнда жұмыс істеуге келген жоқ, тек ешкімге көрінбей оңаша отырайыншы деген.

“Бес жыл... Бес жыл бойына бір жеміс бермеген азабы көп шығын еңбек болды-ау бұл. Ал, осыдан бес жыл бұрын дипломға тапсырған тұңғыш еңбегін атақты Герасимовтың өзі қалай мақтап еді. “Орталық музейге экспонат етіп қойылған” деп өз қолымен жазып берген”. Хамит жылайтын адамдай екі қолымен бетін басып азкем отырды да, қалтасынан сигарет алып тұтатты. Шала



жанған сіреңке талын бей-жай ырғап, амалы таусылған шарасыз күймен стол үстінде жатқан бас сүйекке сығырайып ұзақ қарады.

Кіші жүз руларының бірінен шыққан атакты Жаубөрі батыр өткен ғасырдың бірінші жартысында жергілікті хандыққа және патша отаршыларына қарсы күресте ерлікпен қаза тапты дегенді Хамит бірде өзінің тарихшы досынан естіген болатын.

— Егер сен Жаубөрінің мүсінін жасап шығара алсаң, бұл еңбегің үшін саған ескерткіш орнатуға болады, — деген әлгі досы. — Сен өлі тарихты тірілтер едің. Ұғып тұрсың ба, бауырым. Сен өлі тарихты тірілтер едің...”  
(Т.Әбдікұлы. “Айтылмаған ақиқат”. Алматы, 1979. 208-220-66.)

Осы шығармадағы мүсінші мен оның кейіпкерінің прототиптері кімдер? Әңгіме желісін соған бұралық.

...1966 жылдың екінші жартысында республикалық баспасөз беттерінде Алматы мединститутының түлегі, біраз жыл эксперт-криминалист боп істеген, онкология және радиология институтында атқарып жүрген терең ғылыми жұмыстары, тарих пен әдебиетті, археология мен антропологияны жетік меңгерген жас маман Ноэль Шаяхметовтің есімі белгілі бола бастады. Сөйтсе ол жауынгер ақын Махамбеттің бассүйегінен оның бет-бейнесін, мүсінін жасайды екен. Сөзіміз дәлелді болу үшін бір мысал келтірейік.

“Мен оның лабораториясына кіргенімде жас мүсінші-антрополог Н.Ж.Шаяхметов Махамбет жырларын оқып отырды”, — дейді “Жас Алаш” газетінің тілшісі Р.Рақымбеков өзінің 1966 жылы желтоқсан айында Н.Шаяхметовпен болған алғашқы сұхбатында.

— Тап шыным деп айтайын, жалыннан жаратылған бұл бабамыздың сөздеріне дәл мендей ғашық болған жан жоқ сияқтанады. Құдай-ау, бұл не деген сұмдық кеңістік! — деді Ноэль қолындағы ақын томын жаппаған қалпы орнынан көтеріле беріп. — Нанасың ба, жоқ па, әр жолынан шамырқанған шеру сарынын естимін, шарт

та шүрт қағысып, найзағайдай жарқылдасқан нарқескендерді естимін, ауыздығы қан-жоса қас арғымақтардың шыңғырғаны, еңіреген ер бабалардың қарлыққан қаһарлы ұрандары келеді құлағымға. Ал бәрінен бұрын тамам осы қым-қуыт жойқындар арасынан көзіме оттай басылып, қайран дауысы саңқылдап жыр оқыған ұлы баба елесі қарсы алдымда тұрады да қояды...

Ноэль ақын томын бөлме ортасындағы ұзынша стол үстіне самсап тұрған түрлі лабораториялық аспаптар мен ежелгі адамдардың бас сүйектерінің, қаңқаларының арасына жайлап қойды. Аз үнсіздіктен соң:

— Өткен жаз, — деді ол екі қолының шынашағымен столға таяна беріп, ойлы кескінмен, — арнайы экспедициямен Жаскүс, Нарынды түгел шарлап кайттым. Бұл жердің әр азаматының бойынан Махамбет қайратын тануға, әр ұланының жанарынан Махамбет көзінде жарқылдаған нұр ұшқынын көруге тырыстым. Бәрін де тапқан сияқтымын. Ерлік мұрасы бөз-баяғы қалпында сақталған екен. Ал, мұнда Махамбет кітабын қастерлеп ұстамаған бір де бір шаңырақты көрмессің. Бүкіл өңір жалын баба жырларын жатқа біле ме деп қалдым. Міне, солардың бәрі де біздің экспедицияның қандай мақсатпен келгенін естігенде өзгеше қош алып, баршасы қол ұшын беруге асықты. “Бұл — атаның алдындағы бала парызын өтегендей іс екен. Қасиетіңнен айналайын аяулы ақындарымыздың нұр дидарын көргіміз келеді. Іске сәт”, — десіп қариялар да ризашылығын білдіріп жатты. Көрдің бе, осыдан соң адам ауыр жүк арқалағандай қаншама жауапкершілік сезінетінін...

— Мен Махамбет моласын ашпас бұрын, бар-жоғы 4-5 сағатқа созылған бұл іске он жылдай уақыт жұмсадым, — дейді Ноэль. — Архив материалдары, ақынға байланысты жазылған барша әдебиет қолымнан өтті. Ел аузында сақталған аңыз, естеліктерді жазып алумен болдым. Ақынның дұшпан қолынан қаза табу



оқиғасын әр деталіне дейін анықтау үшін, бас сүйегі бойынша бет-бейнесін жасау үшін мұның бәрі де құнды материал болмақшы. Ал, жазғы экспедиция сәтті аяқталды. 1966 жылы 9 шілдеде Гурьев (қазіргі Атырау) облысының Индер ауданындағы Жамбыл атындағы ұжымшардың қыстау өңіріндегі Махамбет моласына келіп жеттік. Халықтың ақын ұлына деген махаббат, құрметіне сонда тағы да тәнті болдық. Бір ғана мысал келтірейін. Қабірді ашуға экспедицияға өз қаржысымен адам жалдауына рұқсат етіледі. Біз де солай студі ойластырғанда жұртшылық мұнымызды қате деп тапты. Ардақты азаматтың моласын ашу ауданның таңдаулы адамдарының құрметіне тиюі керек. Сол жерде ақынның отты жырлары ұрпақтарының аузында тағы да саңқылдап естілді. Бұл бір ерекше жан тебіренерлік шақ болды. Махамбет сүйегі 1 метр қазылғаннан соң ақ шықты. Ал, бас сүйекті дененің оң жақ тұсынан 20 сантиметр жерден таптық. Орайдың тұсынан және желкеге таман, екі жерде алмас қылыш жүзінің орны бар. Ал, үшінші сермелген қылыш желкеден түсіп, жақ сүйектің төмен жағын сыдыра қиып, басты шауып түсірген.

Бұл осы кезге дейін тарих материалдарында, ел аузындағы аңыздарда айтылып келген көптеген фактілердің анықтығын дәлелдейді және бірсыпыра толықтыру, түзетулер енгізеді деп сенемін...

Ал, ендігі бір қосымша жүргізіп жатқан жұмысым – Махамбеттің өмірі мен қаза табу оқиғасы туралы кітап.

Ақын өмірі туралы соны фактілер, экспедиция, экспертиза материалдары осы еңбекке енуі тиіс. Алдынала арманым – бұл кітаптың бірінші бетінде ақынның бас сүйегі бойынша өзім жасаған скульптуралық бейнесі тұрар деймін.

*Еңселігім екі елі,*

*Егіз қоян шекелі.*

*Жараған теке мүшелі*



*Жауырыны жазық, мойны ұзын,  
Оқ тартарға қолы ұзын  
Душпанына келгенде  
Тартынбай сөйлер асылмын.  
Құла бір сұлу ат мінген,  
Құйрық, жазын шарт түйген,  
Қум сағыздай созылған,  
Дулығалы бас кескен,  
Ту түбінен ту алған,  
Жауды көріп қуанған.  
Мен Өтемістің баласы*

*Махамбет атты батырмын,* — деген ұлы баба дидарын өзім де көруге асықпын. Бұл аса жауапты да басты жұмысымды кешіктірмей аяқтармын деп ойлаймын.

— *Алдағы мақсат-жоспарларыңыз қандай?*

— Қолдағы жұмыстарды бітірісімен, өткен күз сәтсіз аяқталған экспедицияны қайта жалғастырсам. Ол Исатай моласын іздеу. Бұдан соң халқымыздың Ромеосы мен Джульеттасы — Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың кабіріне аттанбақшымын. Асыл махаббат пен жастықтың символы болған бұл екі қыршынның дидарын көрсету де басты парызым деп білемін. Еліміздің ежелгі заманда өмір кешкен басқа да белгілі адамдарының бейнесін жасау — алдағы мақсатым”.

...Атақты мүсінші-антрополог, профессор М.М.Герасимовтың ерекше үміт күткен талантты шәкірті, жас ғалым Н.Шаяхметовтің алғашқы қадамдары осылай басталған.

Ал, келесі 1967 жылы Шаяхметов қолға алған жұмысын, Махамбеттің скульптуралық бейнесін ойдағыдай орындап шықты. Сүйіншіге тұрарлық бұл жаңалықты ол өзі де “Жас Алаш” газетінде “Махамбет өмірінің соңғы күні хақында” атты мақаласын қыркүйек айында жариялап, газет оқырмандарын Махамбет бейнесімен таныстырды.



Махамбет мүсінде дулығасыз, мұнды да тұңғық терең ойда, отты көзді, шоқша сақалды түрінде бейнеленген.

Ал, Н.Шаяхметов 1968 жылы 18 мамырда Атырау қаласына іс-сапармен барады. Мақсаты – Махамбет мүсінін табыстау. Кейін облыстық газеттің редакциясында мәслихат өткізген. Содан үзінді келтірелік.

“...Мүсінші-антрополог Н.Шаяхметов қаламызда болып, облыстық музейге Махамбеттің мүсінін тапсырып кетті. Біз оған жолығып, бірнеше сұраққа жауап беруін өтінгенбіз.

*– Сіздің негізгі мамандығыңыз дәрігер екенін білеміз, ал мүсінші-антрополог болу арманы қалайша туғанын айтып бермес пе екенсіз?*

– 1950 жылы Мәскеуден келе жатып жолда қолыма бір қызық кітап түсті. Онда ертедегі Ресейдің тарихи адамдары, олардың мүсінін анықтауға болатындығы туралы айтылған екен. Ол кітап мені қатты қызықтырды. Кітап авторы атақты мүсінші-антрополог М.М.Герасимов болып шықты. Содан бастап, менің көкірегімде осы кісімен танысу, қолдан келсе, сонау атам заманғы бабалар бейнесін айнытпай жасау сияқты қызықты мамандықты меңгеру арманы туды.

Ол кезде мен медицина институтының екінші курсында оқитын едім. Бірақ, бұл күнде өзіме қадірмен ұстаз санайтын Герасимовқа медицина институтын бітірген соң, 1956 жылы кездестім. Ол кісі менің ниетімді қолдады. Бірақ, бұл бірден меңгеріле кететін мамандық болмады. Ол үшін адам анатомиясын, сүйек құрылысын өте жақсы білу қажет болды. Сондықтан да менің институттан кейін он жылдай уақытым судмедэкспертте жұмыс істеуге кетті. Міне, соңғы үш жылдан бері мүсінші-антропологтың михнаты көп еңбегіне тығыз араласып келемін. Бұл жолдағы тұңғыш ауызға аларлық табысым – сіздердің жерлесіңіз әрі батыр, әрі ақын

Махамбет Өтемісұлының мүсінін жасау болды. Оны қазір сіздің облыстық музейге тапсырып келіп отырмын.

Әрине, бұдан жүздеген жылдар бұрын болған, ешқандай суреті сақталмаған, танитын адамдар жоқ кісінің мүсінін жасау оңай шаруа емес. Бірақ, бұл жолда біз өте сыналған Герасимовтың әдісіне сүйенеміз. Маған тұңғыш рет бір адамның бас сүйегін әкеліп берді. Кейін, оның мүсінін жасағанда, танитын адамдар ол кісіден айнымайтындығын мойындады. Сондай-ақ, М.Герасимовқа бір де бір адамның бас сүйегін әкеліп, мынау бір жазушының туысы деген, кейін бас сүйекті мүсіндей келгенде, ол Достоевскийдің анасы болып шыққан. Ал, Азамат соғысының батыры деп әкелген сүйектің иесі Пархоменко болып шығуы мүсіншінің өзін де таң қалдырды. Кейін Пархоменконың әйелі Герасимов жасаған мүсіннің өмірде болған батырдан онша көп айырмашылығы болмағандығына сендірді.

*— Махамбет бейнесін мүсіндеуде қиындықтар кездесті ме?*

— Әуелі Махамбеттің сүйегін қазып алдым. Батырдың бет-әлпетін мүсіндеу үшін оның әрбір сүйегі өте дәлдікпен өлшенуі тиіс. Тек бір ғана бас сүйектің өзінде бес жүз өлшем бар екенін айтсақ, мүсінші-антрополог болудың қаншалықты қиын екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Іске кіріспес бұрын Махамбеттің бас сүйегі жеткілікті зерттелді. Рентген сәулесін де пайдаландық. Бұл іске КСРО Ғылым академиясының этнография институты жанындағы пластикалық реконструкция жасау лабораториясы үлкен көмек көрсетті. Бұл тұста, әрине, ұстазым Герасимовтың, тарихшылар, этнографтардың пікіріне құлақ асып отырдық. Сөйтіп, 4 айдың ішінде Махамбеттің көріп отырған мүсіні жиналды. Егер бұл бейне жердестердің жылы қошеметіне ие болса, маған бұдан артық бақыттың керегі жоқ.

*— Махамбет өліміне байланысты тарихи дерек туралы не айтар едіңіз?*





— Алдымен айтарым, Махамбеттің басы шабылып өлтірілгені рас болды. Қабірді қазғанда, Махамбеттің басы орнында жоқ екенін байқадық. Ол бөлек, қолының жанынан шықты. Махамбеттің 1846 жылы 20 қазанда өлтірілгені жайлы Орынбор шекаралық комиссиясының құжаты архивте сақталған. Сол жылы 21 қарашада Махамбет өлімін тексеру туралы арнаулы комиссия шыққан. Бірақ, комиссияның деректерін кездейсоқ Махамбет өлімінің үстінен шыққан орыс шенеунігі Редкиннің рапорты жоққа шығарады. Бұл рапорттан Б.Айшуақов берген рапорт тіпті басқаша. Шындыққа біртабан жуық Редкин рапортында былай делінген: “Бір топ қырғыздар келді. Олар Махамбетті басынан ұрып өлтірді”. Махамбеттің басына жеті жерден түскен таңба бар екендігі қазғанда анықталды. Баста шоқпармен ұрған төрт таңба бар. Шекеден екі соққаннан кейін, ол етпетінен құлаған. Өйткені, желкеден ұрған екі таңба осыны дәлелдейді. Сондай-ақ, басты қылышпен екі ұрып кесе алмай жарақаттаған. Желкеден тиген үшінші қылыш бір соққанда көп қиындықсыз кесіп түскен. Бірақ, осы соңғы соққының иесі кім екенін анықтау қиынға түсіп жүр.

Батыр қапылыста өлген...

Әзірге Махамбет өлімі жайлы айтарым осы ғана. Ал, бұдан тереңдеу менің Махамбет жайлы баспадан шыққалы жатқан кітабымнан оқырсыз. Кітап 1969 жылы жарық көрмек.

— *Алдағы жоспарыңыз қандай?*

— 1967 жылы 13 шілдеде Астрахань облысының Володар ауданының Алтынжар деген ауылдың маңынан Құрманғазының сүйегін қазып алуға бардық”.

Осы жерде аз-кем шегініс жасап, сол ауылдың тұрғыны әрі уақиғаның куәгеріне сөз берелік.

*Хамза Наурызғалиевтің сөзі:*

“1959 жылы Алтынжар ауылының жанындағы төбеде жатқан Құрманғазы бабамызға Гурьев еңбекшілерінің

атынан ескерткіш қойылған болатын. Ескерткіш цементтен құйылған, биіктігі 6,5 метр, салмағы 60 тонна шамасында, осы салмақты көтеру үшін астына 25 шаршы метр фундамент құйып, соған орналастырған еді.

Артынан, 1960 жылдардың аяғына таман Қазақ Мәдениет министрлігінің жолдамасымен, Астрахань облысының Володар аудандық Советінің келісімі бойынша Алматыдан қасында Атырау облысы Теңіз аудандық партия комитетінің қызметкері (менің бажам) Даулеталиев Қасым бар, антрополог Шаяхметов Ноэль Алтынжарға келді. Ноэль Герасимовтың әдісімен бас сүйектен кісінің мүсінін жасайды екен. Мен ол кезде ауыл Советінің төрағасы болып істейтінмін, олар бірден маған келді.

Ертеңіне колхоз төрағасы Жұмамұхамбетов Валитқанға барып жағдайды түсіндіріп, сүйекті қазуға адам сұрадық. Ол кісі үш кісіні шақырып, олардың еңбекақысы туралы айтып бұйрық берді. Олар атаның аруағынан қорқамыз деп барғылары келмеп еді, басқарма зорлап жіберді. Барған соң қалай қазу керек екендігін ақылдасып алдық. Әуелі тереңдігі 1,5-2 метр шұңқыр қазып, сол арқылы подкоп жасап, жанама қазып сүйекке бару керек болды. Қазушылар жарты метр қазған соң демалыс беріп, әрбіреуіне 100 гр. арак құйып ішкізді, қарсылық болмады. Осыдан кейін жұмыс қыза бастады. Енді бабаның аруағы туралы әңгіме болған жоқ. Қазушылар жұмысқа шұғыл кірісіп, шұңқырдың астыңғы жағынан терістік-шығысқа қарай үңгіп қазды. Сол арқылы сүйекке шығу керек болды. Біреуі қазып, біреуі топырақты жоғарыға көтеріп беріп, бірі жоғарыда *алып тұрды*. Топырақпен бірге қамыстың, қарамайланған ағаштың сынықтары шығып жатты. Сүйекке жеткен соң қазушыларды жоғары шығарып, Ноэльдің өзі фонарик, шөтке алып, ішке түсіп, басынан бастап бір-бірлеп сүйектерді жоғары бере бастады, қатарлап топырақтың үстіне қойдық. Бір таң қалдыратыны, бастың ішіндегі топырақ тастай болып



қатып қалған. Омыртқаның жұлын жүретін орнының бәріне де топырақ толып қатқан, таякпен шұқылап азер тазаладық. Мәйіт басында халық көп. Кейбіреулері бас сүйекке қалпақтарын кигізіп қарап, өлшеп жатыр. Құр басына 56 размер қалпақ шақ келді. Қара жілігі де үлкен екен. Соған қарағанда ірі адам-ау деп ойладық. Басын алып шыққанда Ноэль бұл кісінің жасы 73-ке дұрыс келеді екен деді.

Бір ғажабы, жұтқыншақ шеміршегі тұтас екен, соған Ноэль таң қалып бөлек орап алды. Сүйекті жинап, рюкзакқа салып, үйге әкелдік. Ертеңіне олар Атырауға аттанды. Сол кеткеннен тек 1978 жылы Гурьев музейінің директоры Алматыдан Махамбет пен Құрманғазының сүйегін алып келіп, бізге хабар берді.

Ақын Мәжіліс Өтежанов екеуміз сүйекті алып келуге барғанымызда Мұқашев Саламат (облыстың бірінші хатшысы) бізге бермеді. “Өздерінің жерінде туған атақты адамдарды бірге жерлеп, үстеріне ескерткіш қойғымыз келеді. Үкіметтен сондай ұсыныс бар”, — деді. “Сіз қазір оны алып кетпеңіз, мен өзім Астрахань облысының бірінші хатшысы Бородинмен сөйлесіп, олардың рұқсатын аламын деді. Егер облыс басшылары рұқсат етпей жатса, өзіміз апарып Алтынжарға, орнына жерлейміз деген. Облыс басшылары халыққа салды, Алтынжардағы халық рұқсатын бермеді. Сол себепті 1979 жылы, бір жыл өткен соң, сүйек өзінің орнына жерленді. Қазір Құрманғазы бабамызға арнап Алтынжар ауылынан көп жерге көрінетін өте әдемі ақ кесене орнатылды”.

(26.06.1997ж. Алматы қаласы)

#### *Сұхбаттың жалғасы:*

— Ендігі мақсат атақты күйшінің ұрпағымен диалог. Бұл жолы Махамбет сияқты бас бейнесін емес, алып күйшінің шабыт үстінде күй тартып отырғанын мүсіндемекпін. Бұл, әрине, көп еңбекті қажет етеді. Әйтсе де, Құрманғазы бейнесін осы жылдың аяғына дейін бітірмек ой да бар. Бұдан кейін

Қарақыпшақ Қобыланды бейнесін қолға алмақпын. Сосын Волгоград облысындағы Ер Тарғын бейітіне де барамын.

— *Қобыланды мен Ер Тарғынның өзіңіз айтқан аудандарға жерленгенін қайдан білесіз. Оған қандай деректер бар?*

— Нендей де болса зерттеу жұмысын жүргізуден бұрын ғалымдармен пікірлесемін. Мысалы, Қобыланды туралы маған Ә.Марғұлан, М.Фабдуллин сияқты білімпаздар көп көмек көрсетті. Фабдуллин докторлық диссертациясын Қобыланды тақырыбына арнады. Батырлық жырлардағы оқиғалар көбіне Кіші жүзде — Қазақстанның батыс аудандарында болып келеді. Бұл — бір. Екіншіден, тарихшылардың айтуынша, Қобыланды Ақтөбе облысының Қобда ауданында Жиренқопа ұжымшарының қасында жерленген. Сонымен бірге олар Қобыланды бұдан 800 жылдай бұрын өткен адам дегенді айтады. Жергілікті ел де осылай дейді. Батырдың мавзолейі сан ғасырлар бойы жақсы сақталып келген. Бірақ, 1937 жылы бір “шаруақор” белсенді мавзолейді трактормен бұздырып, сол маңнан салынып жатқан сүт зауытына кірпіштерін тасып алады. Бүгінде сүт зауытының орны ғана бар. Мавзолейдің тек іргетасы қалған. Ә.Марғұланның айтуынша, Қобыланды алпыстар шамасына келіп, өз ажалынан өлген. Мұсылманша жерленген. Қазып карағанда екі метр тереңдіктен мұсылман ғұрпымен жерленген қарт адамның сүйегі шықты (қабірде қару-жарақ не басқа дүние жоқ). Қарт адам дегенді мына салыстырумен түсіндіруге болады. Бұдан мың жыл, болмаса 800 жыл бұрын алпысқа келу — біздің заманымызда 120 жасқа келгенмен бірдей.

Ер Тарғын туралы. Оның бейіті көп. Волгоград облысындағы соның бірі. Мұнда Торгун (Тарғын) деген өзен бар. Деректер бойынша, Тарғын осы өзен бойында ұрыста қаза тапқан жас батыр. Бұл — мұсылман діні бұл өңірге тарамыстан бұрынғы дәуір. Сондықтан,



Тарғын өзінің қару-жарағымен жерленуі тиіс. Егер қазу кезінде мұндай дүниелер табыла қалса, жұмысымыздың сәтті болғаны.

Әзірге алдағы істердің жоспары осындай. Қалғанын уақыт, мезгіл көрсетеді. Әйтеуір бабалар бейнесін қазіргі ұрпақтарымен дидарластыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысамын”.

Біз сөз етіп отырған Н.Шаяхметов жауынгер ақын Махамбет пен күй атасы Құрманғазы мүсіндерін өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында ойдағыдай орындап шықты.

Одан кейін Н.Шаяхметовті қазақстандық ағайындар он жылдай “жоғалтып” алды. Оның себебі, Н.Шаяхметов 1971 жылы отбасымен Мәскеу қаласына көшіп кеткен. Міне, осының салдарынан Махамбет сүйегі 17 жыл, Құрманғазы сүйегі 12 жыл өз мекендеріне қайтарылмады. Бұл үшін Н.Шаяхметовті кінәлауға болмас. Себебі, “Үлкен үйден” сондай ұсыныс болған. Бұл туралы профессор, дәрігер Қ.Әбисатов “Махамбет ғұмырнамасының беймәлім беттері” атты еңбегінде жазды. Ал, Исатай, Қобыланды, Тарғын батырлар мүсіндері сомдалмай қалды.

Тек 1980 жылы көрнекті журналист Жанболат Аупбаев өзінің “Антрополог” атты очеркінде Н.Шаяхметовпен кездескенін былай суреттейді:

“...Исатай, Қобыланды бейнелерін өмірге келтіру жолындағы сәтсіздіктер антрополог Ноэльді жасыта алмады. Өз мамандығына деген шексіз сүйіспеншілік оны жаңа жұмыс жоспарларына жетелей берді. Соның нәтижесінде ол кейінгі кезде тағы бір игілікті іс тындырды. Бұл отызыншы жылдары тап жауларының қолынан қаза тапқан, тұңғыш қазақ пионері Болатбек Омаров бейнесінің бүгінгі ұрпақпен қайта жүздесуі.

— Антропология ғылымы — тарих тұңғығындағы тұлғалардың бейнесін бүгінгі ұрпаққа жүздестіріп, археология және этнографияға қажет фактілерді тірілтумен қатар алдағы уақытта халық шаруашылығына



да аса қажет болып отыр. Олай дейтініміз, Венгрия, Чехословакияның киім тігу фирмаларында антрополог мамандарының жұмысқа тартыла бастауы. Мұнда олар тұтынушыларға қажет киімдердің сапалы, қонымды, шақ тігілуі үшін адам денесінің сәйкестігі жөнінде социологиялық зерттеулер жүргізеді, фирмаларға ұсыныс енгізеді.

Кейіпкеріміз өз сөзін осылай қорытты.

...Таяуда мен Ноэльді астанамыздағы археология музейінің көрме залынан кездестіріп қалдым. Ақжарқын қалпымен аңқылдай амандасты. Сөз арасында оның Мәскеуден, кезекті еңбек демалысын алып, елге келгенін аңғардым.

— Тағы сол баяғы тіршілік қой. Бұл жолғы ізденісім — “Алтын адам” жайында болмақ, — делі ол.

Антрополог қазір осыдан сегіз жыл бұрын Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Есік көлі маңынан табылған Сақ жауынгерінің бас сүйегін қалпына келтірудің үстінде екен. Өз басым көп ұзамай “Алтын адамның” ортамызға ораларына кәміл сендім. Бұл халқымыздың ежелгі тарихын зерттеу ісінде елеулі орны бар, мәдени қазынамызға қосылар үлкен үлес болары сөзсіз”.

\*\*\*

...Бірақ Н.Шаяхметовтің көп армандары әлі орындалған жоқ. Ол орыс тілді бір газетке берген сұхбатында Қазақ елінің бұрынғы өткен қаһармандары — 50-ге тарта адамдардың мүсіндерін жасауды арман еткенін айтады. Солардың тек екеуінің — Махамбет пен Құрманғазының бейнелерін ғана жасады. Демек, алда әлі үлкен үміт пен жоспарлар бар.

Бір өкінішті нәрсе — Ноэль Шаяхметов Мәскеуге көшкелі басқасын былай қойғанда, өзі еңбегі сінген Махамбет пен Құрманғазының талай өткен мерейтойларына қатыстырылмаған, яғни шақырылмаған. Міне, биыл да солай. Бірер айдан кейін



ЮНЕСКО денгейінде өткелі жатқан Махамбет бабамыздың 200 жылдық мерейтойына жан-жақтан, тіпті шет елдерден де келетін қонақтар ұлы ақынымыздың бет-бейнесі, мүсінін көргенде оның көзі тірі авторы Н.Шаяхметовті сұраулары мүмкін ғой.

Осы жолы Н.Ж.Шаяхметов бір Махамбет мүсіні үшін тойға шақырылса, мерейтой иелерінің тақияларына тар келе қоймас. Оған қоса Мәскеу мен Атыраудың арасы Астанадан екі есе жақын тұр.

Сонымен бірге, Алматыда Махамбет көшесі әлі күнге шейін жоқ екендігін ескеру керек. Біздіңше, Махамбеттің атына ең лайықты көше – Фурманов даңғылы. Бұл бар қазақтың ары мен абыройына зор мәртебе болары хақ. Тек бұған Елбасшысының батыл шешімі керек.

Жиырма жылдан кейін Құрманғазы да 200-ге толады. Оның да мерейтойы ЮНЕСКО денгейінде өтер. Алматыда жоғарыдан төмен қарай орналасқан төрт көше – Абай, Құрманғазы, Шевченко, Жамбыл көшесі бар. Олардың арасында Құрманғазыға ескерткіш орнату әлі бұйырмай тұр. Құрманғазыға арналған ескерткіштің орны, бұл – “Қазақстан” қонақ үйінің жанындағы алаң. Қазір ол жерге автотұрақ орналасқан. Оның есесіне Құрманғазы көшесінің бел ортасына қасақана істегендей Фурмановтың ескерткішін қойған. Бұдан асқан сорақылық болар ма?

Бізде американдық кинематографистерді шақырып, ұлттық киноны дамытамыз деп құлшынушылық бар. Бірақ, одан ұлттық дәстүріміз ұтылмаса, ұтпайтыны хақ. Халқымыздың психологиясын, дүниетанымын, ұлттық менталитетін дұрыс аша алар ма?

Сондай-ақ, өмірден озған, бірақ бет-бейнелері сақталмаған ата-бабаларымыздың айнымас мүсіндерін тек қана өз ұлтымыздан шыққан Н.Шаяхметовтей антрополог-мүсінші немесе оның қаракөз шәкірттері ғана дұрыс жасап шығаруы мүмкін. Сондықтан, өнердің бұл саласын міндетті түрде уағыздау керек, жалғастыру

керек, дамыту керек, антрополог Н.Шаяхметовты өз Отанына шақыру керек.

Сөз соңында айтарымыз, осы мақалада көрсетілген баспасөз материалдары ұлы бабамыздың 200 жылдық мерейтойына арнап республикалық ғылыми “Арыс” қоры баспасы даярлап жатқан “Махамбет әлемі” атты 20 томдық серияның “Ақын қазасы” атты кітабына енді. Сол кітап жарыққа шықты.

*“Жас алаш”, 26 тамыз, 2003*







## БЕЛСІЗДІК

— Қайтерімді білмей, басым әбден қатты. Жылдан асты өзіммен-өзім арпалысудамын! Еркінбекпен ажырасып басқа күйеуге шығайын десем, әлі қыз екенім есіме түсіп, оны аяймын, намысын таптағандай болам, Жәмилю!

— О, бейбақ, өйткеніңше көңіліңді табар біреуді қарастырмайсың ба, Жәния!

— Оны айта көрме! Еркінбек те маған күйеуқосшы досын айтқан. “Тек үшеуіміз ғана білеміз. Менің намысымды ойласаң, ең болмаса бір бөпе тауып берші!” деген-ді.

— Сонда қалай, сен бедеусің бе, әлде ол ма?!

— Еркінбек белсіз болып тұр ғой...

— ??..

(Н. полигоны тұрғындары, екі құрбының әңгімесінен)

Өмірде, тіршілік бар жерде бәрі де болады екен...

Ақ пейілді, адал ниетті ата-ененің тәрбиелі жердің қызы атанған келіндері Жәнияның шеккен таксіретін, жан азабын, тән жарасын кім дұрыс ұғар, оны кім жазар?

Келіндерінің осынау алмағайып заманда нені ішіп, нені киер екем дейтіндей уайым-қайғыны ойламай, сырт көзге айрандай ұйып отырған жанұяның ішкі сырын ата-енесі қайдан ұқсын! Тек қариялар күндіз-түні жасаған иемге жалбарынып, ерлі-зайыптылырға дәнекер боларлықтай, бір сәбиді бере гөр деп тілеуін тілеп отырғандары анық...

Екі айналып сірә келмес, қайран, жиырма бестегі іскер азамат Еркінбек жан-жарын үлде мен бүлдеге бөлеп отырса да бойына біткен осынау дертіне дауа таба алмай іштей әлек. Тек осы дертінен жынданып кетпесе болғаны...



Сонда Еркінбек дертінің түп негізі неде? Оның емін тапқан жан бар ма? Ендігі әңгімеміз осы турасында болмақ.

\* \* \*

Жалпы, санақ мамандарының пайымдауынша сонау Адам-Ата мен Хауа-Ана заманынан бері жер бетіне келген адам саны тоқсан миллиардқа толды. Әрине, жасыратыны жоқ, бұл тек қана еркек пен әйелдің жыныстық қатынасынан пайда болған ұрпақ екендігі өркімге аян. Шығыстың емшісі Әбуғали ибн Сина (Авиценна) былай деген: “Еркек пен әйелдің жұптасып ләзаттануы жайында сөз қозғаудың еш бір әбестігі жоқ, өйткені ол артында ұрпақ қалдырудың бір-ақ жолы”. Иә, артынан ұрпақ қалдыру ата-ананың да асыл арманы.

Ғасырымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың Қиыр Шығыстағы нихви халқының өмірінен алып жазған “Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет” повесінде анасының ашу үстінде айтып салған бір ауыз сөзін түсіне алмаған бала соңынан әкесінен былай сұрайды:

— Әке, мен әлі туылмаған кезде, анамның құрсағынан бұрын, мен қайда болдым?! — дейді.

Сонда сасып қалған әкесі бірден жауап таба алмай:

— Онда сен менің қаныммен бірге, ...менің белімде болдың. Одан сен ана құрсағына құйылдың, — дейді.

“Бала белде, әйелде жолда” дегенді қазекем де айтқан. Міне, бар гәп осы белде, дұрысын айтсақ, белсіздікте болып тұр.

Еркек пен әйелдің жыныстық қатынасын қытайлықтар “ян” мен “иннің” қосылуы десе, батыстықтар “пенис”, “фаллос” деп, ал ресейліктер “молот”, “ұрғыш балға” деген, ал қазекем еркектің жыныс мүшесін, сыпайылап қана “құралы, сайманы” дегендей тенеулерді айтады.



Бұны әдейілеп айтып отырғанымыз халқымызға танымал дәрігерлердің бірі республикамыздың бас ортопед — травматологі (сынықшы) ғалым, профессор, медицина ғылымдарының докторы Ораз Әбдіразақов мырзамен қонақжай қазекемнің бір отбасында пікір алысу әңгімемізден басталды. Сөзге де, мінезге де сырбаз Орекең сол бір сәтте сырқатқа ем жасаудың талай сырларын айта келіп өзінің жақында тағы бір жаңалық ашқанын әңгіме етті. Құлақты елең еткізген сол жаңалығы, ер адамның белсіздігін емдеу жолдарын тапқаны туралы еді.

— Бұл қатерлі сырқаттың еліміздің кез келген аймағында барын бұрыннан-ақ білетінмін, — деді бізбен әңгімесінде ол. — Әсіресе полигон болған жерлерде, айталық Семей, Арал өңірі, Нарын, Тайсойған құмында, Орталық Қазақстан жерінде. Енді оған республикамыздағы ауыр химиялық өндірістері бар қалаларды қосыңыз, Чернобыль жарлысына қатысы болған қандастарымыздың арасында да бұл кесел баршылық. Ең бастысы экологиялық ауыр аймақтардағы тұрғындардың 85 пайызы өзіміздің қазақ ағайындар. Бүгінде сол ағайындардың арасында тараған қауіпті сырқаттың бірі — белсіздік болып отыр. Бұл өзі ғасыр қасіреті атанған рак, жүрек, туберкулез, аллергиядан кейінгі ұлтымызға қатер тіккен, жәй да болса да жайылып бара жатқан дерт.

Бұл ауру тоқсаныншы жылдарға дейін коммунистік идеологияның салдарынан “бізде ондай сырқат жоқ” дегендей, айтылмайтын жабық тақырып болды.

Бізде ер адамдардың белсіздігі туралы үлкендерді былай қойып, тіпті жастар арасында айтылатын тәлім-тәрбие де, тіртіп те, мәдениет те жоқтың қасы. Әркім өзінше күй кешуде. Осындай ниетпен, салғырт-салақ көзқараспен, немқұрайлық, енжарлық мінезбен жүре берсек — бұл дерттің тіпті ұлттық қасіретке айналып кету қаупі бар екен. Бұл және барлық дәрігер қауымын да ойландырып жүрген күрделі мәселе. Міне, осы ауру

турасында Орекең негізгі мамандығы бойынша еңбектене жүріп, осы сырқаттың шығу салдары неде деген сұраққа жауап іздеу үстінде оны емдеудің жолдарын да қарастырған. Сөйтіп, ТМД елдері мен шет ел мамандарымен болған тәжірбие алмасу барысында, хирургиялық операциялар жасау кезінде ерлердің белсіздігін жою тәсілін өз елімізде іске асыруға толықтай мүмкіндікке қол жеткізеді. Қазір бізде аспаптар да, күрделі аппаратуралар да, емдейтін орын да бар. Ол Алматыдағы қалалық клиникалық ауруханада орналасқан. Бірақ осы мәселені мемлекет өз қамқорлығына алып, қолдау көрсетсе дейміз. Әрине, республикада медицинаның барлық саласында мамандарымыз жеткілікті. Мысалы, хирург, сексопатолог, урологтар... “Ортопедия” — латын сөзі “адам мүшесін тік тұрғызу” деген ұғымды білдіреді. Әзірге бұл саладағы жалғыз маман Орекең болып тұр. Әрине, ол кісінің өзі тәрбиелеп жатқан шәкірттері, көмекшілері баршылық.

Бұл өзі ер адамның жыныс мүшесіне, медицина тілімен айтсақ фаллопастинка (этектор) орнату арқылы іске асырылады және оның белсіздіктен құлан таза емделетініне бірден-бір кепілдік береді.

— Сонда бұл әдістің негізі қандай? — деп Орекенді сөзге тарттық.

— Күдіреті күшті жасаған иемнің ісі шебер ғой. Еркек құралының ішкі құрлысының өзі ғажап қуыстардан тұрады. Оның адам денесінің барлық мүшелерін аралап жүретін қанның жаңағы қуыстарға тамырлар (өзектер) арқылы ауық-ауық күйылуы бірден-бір шартты нәрсе. “Қан бар жерде жан бар” дегенді қазақ бекер айтпаған. Міне, осы қанның келуі, бір ортаға жиналуы еркек құралының оянуына әсерін тигізеді. Ал еркектің белсіз болуы сол өзектердің, қуыстардың аузына, бас жағына бөлек ет бітуінен ол жолдар не бітеліп, не тарылып, қан жүрмей қалуынан. Қан жүретін қуыстарға, сондай-ақ сыртқы әсерлер, экология, арақ ішу, темекі тарту, нашақорлық тағы басқа сырқаттың түрлері ықпал етеді.



Біздің негізгі жұмысымыз фаллопластинканы хирургиялық әдіспен орналастырған соң, жаңағы қуыстарға қан ешбір кедергісіз құйылады да еркек өз белсіздігінен біржола арылады. Ал ол біркелкі қалыпқа түскен соң, фаллопластинканы алып тастауға, әйтпесе қалдыра беруге әбден болады. Емдеу жолын әрбір сырқат адаммен жеке сөйлесу арқылы оған бәрін айтып түсіндіреміз, оның бар мүмкіндігіне қараймыз. Әрбір сырқаттың жағдайына қарай ем жасаймыз. Мұның өзі, шынтуайтына келгенде, мемлекеттік деңгейде көтеретін мәселе. Жетілдіретін, болашақта бірден-бір керек шара болғандықтан тәжірбиелі мамандар дайындауды қолға алуға жоғары лауазым иелері қолдау жасаса дейміз. Егер бұл істі мемлекет халықтың болашақ мүддесі үшін қамқорлыққа алып, жеке емделу орталығын ашуды жоспарласа, біз дәрігерлер тегін емдеуге дайынбыз.

— Сіз емдеудің бұл түріне қалай қол жеткіздіңіз?

— Емдеудің бұл тәсілімен менің айналысқаныма он-он бес жылдай болды. Бұл әрине, дамылсыз ізденудің арқасы. 1996 жылы Балтық елдерінің ортопед хирургтары ассоциясының жиынына барып, әр елдің ортопедтері баяндама жасадық. Сонда сол елдің үлкен ғалымы академик Калининнің ашқан жаңалығы талқыға түсті. Мен фаллопластинканы қолдануды сол кезден бастап жүзеге асыра бастадым.

Емделуге әртүрлі жастағы адамдар келеді. Мысалы, жасы алпыс тоғыздағы бір адам емделді. Бір ғажабы операциядан кейін ол кісі қосалқы сырқаттарынан да айыққан. Сосын белсіздікке ұшыраған жас жігіттің операция жасатқан соң үйінде жиі қонбайтынын да естідік. Демек, өмірге деген құштарлық осындайдан басталса керек. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Тек емделушілердің көңілін бұзбас үшін олардың аты-жөндерін құпияда сақтауға міндеттіміз.

— Бұл емделудің тағы басқа түрлері бар ма?



— Негізгі жұмысымыз — ер адамдардың белсіздігін емдеу. Жалпы бізге емделуге келетін науқастар екі топқа бөлінеді. Бірі өлгідей белсіздікті хирургиялық жолмен емдеу, яғни ер адамдардың еркектік мәртебесін көтеру, оның денсаулығын жақсарту, екінші топ — еркек құралдарының шамадан тыс кішкентайлығына шағымданушыларға мүшесін ұзартып беру. Сосын тағы бір ойымызда бар нәрсе — бала күндері сүндетке отырғызғанда, ауыл молдаларының көз көрудің нашарлығынан сәби насыбайының бас терісін байқамай мөлшерден тым артық қағып жібергендіктен жасалынған ағаттықтарды емдеу.

— Құралды ұзарту дегеніңіз бір қызық нәрсе екен. Оны қалай түсінуге болады?

— Жалпы еркек құралының алпыс пайыз сыртта болса, оның қырық пайызы іште, кіндіктен төмен қарынның астында бұғып жатады. Бейнелеп айтсақ кәдімгі айсберг сияқты. Бұл бастаманы Оңтүстік Африка Республикасы дәрігерлері хирургиялық әдіспен іске асырған. Одан бұрын Қытайдың Хубэй провинциясында тұратын Дао Чжоу-Лун деген әріптесінің еңбегінен тапқан. Сөйтсе ол сол кездің өзінде 800-ден астам адамға жақсылық жасап олардың алғысына бөленген екен. Ал қазір бұл тәсіл Батыс Еуропа елдерінде, АҚШ клиникаларында қалыптасқан әдіспен іс жүзінде асып жатыр...

— Ал енді ер адамға белсіздікті болдырмау жолдары, оны алдын-ала емдеу жолдары бар ма?

— Ол үшін сырқат адам алдын-ала урологқа, сексопатологқа, хирургке қаралғаны жөн. Бұлардың қолдарынан келмеген жағдайда іске біз араласамыз. Негізі — қандай жағдайда да сырқатты асқындырмаған абзал.

\*\*\*

“Белің түгіл, белдігіңді ешкімге берме, беліндегің кетеді!” деп ырымшыл халқымыз бекерге айтпаған. Ер



скенсің, еркектігіңді көрсет! Бойыңа біткен дертіңнің дауасын іздеп емдел, сырқатыңнан жазыл!

— Ер адам: “Еркекпін! Қалай жүрем, қалай тұрам, өз еркім!” деп, ал әйел: “Маған қарамайтын, мені керек етпейтін ол қандай еркек, мен де еріктімін!” десе де еркек құралының иесі оның әйелі, ал әйелінікінің иесі сол үйдің отағасы ғой. Себебі иемденуші сол қарама қарсы жыныстағы адам. Сондықтан әйел өз күйеуінің әр кез бабын тауып, жағдайын жасап, жүрегі қалаған азаматы болған соң төсек ләззатын да, рахатын да өзі көруші болу керек. Еркек те солай. Ал енді осы жарасымдық болмаған кезде, өмірдің де қызығы кетіп олар төсектен суып, еркекке жабысқан сырқаттай, ал әйелге қасіреттей, отбасы ажырасып тынады. Осыны болашақ отбасы адамдары мықтап көкіректерінде сақтауы керек”, — дейді Орекен.

Халық бар жерде ұстаз да керек, оның ісін алға жалғастыратын шәкірттер де керек. Демек, бұл істі мемлекет өз қамқорлығына алғаны абзал.

*“Атамекен” газеті.  
10 тамыз 2000 жыл.*



## ЕРҒАЛИ мен АМАНҒАЛИ

*Ерғали туралы жазушы Хамза Есенжанов “Ақ Жайық” романында аз ғана жазды, ал Аманғалиды композитор, жазушы Ілия Жақанов “Қазақ әдебиетінде” “Мен өзім Аманғали атанамын” деп жариялады. Ерғали да, Аманғали да әнші, екеуі де Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында банды атанды, екеуі де ұрпақ үшін күйді, жер құшты. Аманғали 1928 жылы 11 қаңтарда қуғыншылар қолынан Атыраудың Нарын құмында қаза тапты, ал Ерғали бір жылдан соң Орал ОГПУ сот коллегиясы Үштігінің үкімі бойынша екі ұлымен (Жұмабай, Ахмет) қоса атылды. Сүйектері Орал қаласының сыртында көмүлі жатыр.*

*Бұл еңбек екі әншінің ғұмыры мен іс-әрекеттері “Қазақ әдебиетінде” 1999 жылы желтоқсанда жарияланған “Архив бар жерде, ақиқат бар” атты мақалаға орай мұрағаттық деректерге негізделіп жазылды.*

*Автор*

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы Хамза Есенжановтың “Ақ Жайық” романында мынадай бір үзінді бар:

— Ұйқы келгеннен кейін бой сергітейін деп едім... Ұйқыны шайдай ашатын Мұхиттың “Айдайы” сияқты бір айқайлап салатын ән болса, шіркін! Қара түнді қақ жарып жіберер еді! Осындайда сондай әндерді білмеген де бір қорлық екен. Сіз, отағасы, Ерғали Аязбайұлының өнін білесіз бе? Білсеңіз салып жіберсеңіз қайтеді, ө? Мен салар едім, бірақ сөзін білмеймін, бар болғырдың, — деді ол оң қол жақтағы қазаққа.

— Сонымен, отағасы, Ерғалидың өнін естіген жоқ па едіңіз? — деді Хакім қайталап.





— Ерғалиің қай Ерғали?

— Аязбайдың!

— Жоқ. Ондай адамыңды естігенім жоқ. Әнін де, өзін де білмеймін.

— Ерғали дейтін өр көңілді батыр жігіт еді деседі. Ерегескен жауының жылқысын қуып ала ма қалай? Өзі кім болса о болсын, әнін айтсаңызшы! Жылқы алып, шаттанып, ат үстінде келе жатқанда таң ата аспандата салатын әні көрінеді сабаздың! Бір ауызын ғана білемін өлеңінін:

*Астыма атым мінген “Шайтанқара”,*

*Жайықтан жылқы айдадым өңшең ала.*

*Осыдан осы жылқы бойға сіңсе,*

*Тағысын, тағы айдармыз, қосшы бала!*

Хақім дуда делебесі қозып, қызып алған өншідей-ақ өршеленіп өлеңнің екінші шумағын жалғастырып жіберді. Еркін далада бөгеусіз шалқитын ер көңілді тентек ән түңгі дыбыссыз тұнық әуені шарқ ұрып өресі өрлей берді де:

*Қай қала, мына қала Теке қала,*

*Текемет түр салдырдым теңбіл ала.*

*Түн жортып, таңмен салдым тентек әнді,*

*Жаратсаң ақ боз үйден шық та қара! — деп*

көтерді... (Х.Есенжанов “Ақ Жайық”. II-кітап, 160-162 бб.)

Х.Есенжанов келтіріп отырған осы дерекке қоса әрі-бергі уақытта шығып жүрген қазақ ән кітаптарының көбінде бұл әннің тағы бір шумағы бар:

*Оралдың тауы биік, сырты дала,*

*Ат міндім күрең төбел “Шайтанқара”.*

*Сырымнан жамандаған дұшпанымды,*

*Құдайым кез келтірген айдалада!*

Бұл ән толықтай “Ерғали әні” деп атанады. Бірақ, таң қаларлығы Аязбайұлысы айтылмайды. Неге?..

Иә, сонымен Ерғали Аязбайұлы кім? 1928 жыл 9 ақпан. Орал қаласының ГПУ тергеушісі Тюменов (мүмкін Төменов) айыпкер ретінде қамауда отырған

Ергали Аязбайұлынан жауап алады. Сонда Ергали өзінің ғұмырбаяны мен іс әрекеттері туралы былай баяндайды. “...Туған жерім— Орал губерниясы, Бөкей уезі, Таловка ауданы, Бостандық ауылы. Жасым — 59-да, руым Алаша, шала сауатым бар, қара шаруамын, отбасымызда сегіз адам бар...”

Бұдан бұрын, яғни патша үкіметі кезінде мен жиырма екі жасымнан бастап қашқын атанып жат жерде бас сауғаладым. Оның себебі мынау. Ескі танысым Овчинников деген бай казак-орыстың жылқысынан бір аты жоғалған, соны ол менен көрді. Сүйтіп оның табынында жүрген менің бір атымды бермей қойғаны. Осыған ерегескен мен керісінше оның үш атын жетегіме алдым да Астрахань губерниясына асып кеттім. Сондықтан ол мені барымташы, қарақшы деп соңыма адамдарын салып қойды. Шамамен 1891 жылдан Ақпан төңкерісіне шейін бой тасалап со жақта болдым. Таловка ауданында тұратын үйіме тек 15-20 күнде түнделетіп қана қатынап тұрдым. Шаруамда екі бұзаулы сиыр, бір ат, бір түйе болды, үй-ішім сонымен күнелтті. Ақпан төңкерісінен кейін мен үйіме оралдым да өз шаруаммен айналыстым... (ҚР Бас Прокуратурасының архиві; Іс 67118/192, т. 12, 60-110 бб.)

1918 жылы қаңтар айында Орда қаласынан біздің Таловкаға Панасюк деген орыс (атын білмеймін) Кеңес өкіметін ұйымдастырушы ретінде келіп, өзіне мені, Иван Панченконы, Новиков, Андриянов деген ауылдастарды жасырын жинап, бізге негізгі мақсатын айтты. “Кеңес өкіметін орнатуға көмектесіңдер” деді. Біз келістік. Бұл кезде Таловкада ақ гвардияшылар үкіметі билік құрып тұрған. Олардың бастығы “Щедр” деген бүркеншік атты кулак (фамилиясын білмеймін), қазір де тірі, сол Таловкада тұрады. Мен жиналысқа танысым Қажымұрат Тұржановты, ағайыным Бисен Тілеповты ертіп бардым. Әлгі Панасюк өзі тұрған қыстауда жиналыс ашып, Кеңес өкіметін қалай ұйымдастыру керектігін айтып, түсіндірген кезде Щедр бастаған



кулактар біліп қалып бізді қарудың күшімен қуып таратты. Біз тек қарауылдың көмегімен әрең қашып құтылдык. Бірақ соңынан үгіттеп біраз жарлы-жақыбайларды жинап жиналыс өткіздік. Сол жиналыста олап мені ақ гвардияшыларға қарсы күресетін ерікті отрядтың комиссары етіп сайлады, ал, Панченко ревком төрағасы болды. Ертесінде бәріміз аудан аралап ауыл кеңестерін ұйымдастыруға жолсапарға шығып кеттік.

Араға бес күн салып оралғанда естігенім: баяғы Щедр Джудаевич бастаған ақтар тобы, ішінде Иван Докерев, Фатғулла Тұхватуллин тағы басқалар бар Пансюкті өз пәтерінде ұстап өлтіріп, ал ревком Панченко әрең қашып құтылған. Сөйтіп Таловкада қайта ақтар үкіметі құралған...

\*\*\*

Енді Ергали туралы әңгімені тоқтата тұрып, екінші кейіпкеріміз Аманғалидан хабар берелік. Қазақ оқырмандарына аты мәшһүр белгілі композитор, жазушы Ілия Жақанов Аманғали туралы, оның қымқиғаш қайғыға толы өмірін, алғаш рет 1990 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінде жазды:

*Мен өзім Аманғали атанамын,*

*Байлардан таңдап-таңдап ат аламын.*

*Кешегі көрген түсім рас болса,*

*Асылы осы күзде шаталамын...*

Ілекең өзінің Атырау елінде болған бір сапарынан Аманғали өндерін естіп, алған әсерлерін баяндап, Аманғали туралы өңші Қуанғали Жұмалиевпен, Аманғалидың інісі Мұқанғалидың баласы Мүсен ақсақалмен әңгімелескенін айтып, Қазақстан халық жазушысы Хамит Ергалиевтің ой-толғанысын, сол сияқты Аманғали туралы ел әңгімесінен мысалдар келтіреді. Аманғали өндерінің қандай кезеңдерде туындағанын, қандай сәттерде шыққаны туралы сыр шертеді:



“... Ұзақ жылдар бойы Аманғали есімін атаудан жұрт жасқанды... Аманғали әні ең жоғарғы регистрде сабырмен шымырлап, қапалы, жаралы жанның зарын төгеді. Жылайды. Ол аза күйі секілді төбеден қара аспанды төңкеріп, реквиемше өксіп жүреді де отырады... Иә, бір беймаза мезгілде туып, беймаза хал кешкен өр мінезді әншінің автопортретіндей ғажайып ән...” Композитор Ілия Жақанов Аманғали әндерін осылай бағалаған.

Таяуда Ілия Жақанов ағамызбен хабарласып, Аманғали туралы есіне салғанымызда Ілекен былай деді:

— Иә, оған да он жыл бопты... Соңғы бір барған сапарымда елден Аманғалидың жаңадан табылған өлеңдерін алып келдім. Мен сол жазған пікірімнен бас тартпаймын. Ал өзім сол жазғаныма ешкімнен реніш естіген емеспін. Менің Аманғалиға деген позициям баяғыша берік, сол қалпында... Жазғыштар жаза берсін. Оған баға беруші халық. Халық керегін алады, керек емесін санасында сақтамайды.

Аманғали туралы сен де жазып жүрсін. Ұрпақтарымен көрістің, сосын сен де архив те бар. Сен ашығын айтып, бар шындықты жаз, тайсалма!.. Ауылды жерде қисынды-қисынсыз әңгімелер болады. Ал сенің жазғаның соның ақиқаты болу керек. Түптің-түбінде халық бар, ел бар ақиқатын білу керек қой. Тіпті банды болды десе, оған қалай мәжбүр болғанын көрсет. Тек бір ақиқаты Аманғалидың әнін де, оның өлеңдерін де ешкім тартып ала алмайды, оны басқаға тели алмайды да. Халық кімнің кім екенін, қалай болғанын білсін. Дұрыс-бұрысын оқырман өзі ажыратып алады. Жазғаныңды кітап етіп шығар... Бұрынғыдай анадан қысылып, мынадан именіп, арты қалай болады дейтін заман келмеске кетті. Дәл шындықты айтатын заман енді жетті. Ағын ақтай, қарасын қара деп, ақиқатын айт!

Біз осы қағиданы ұстандық. Мақсатымыз Ілия Жақановтың сол пікірін соны мұрағаттық деректермен толықтыру.



Енді Ерғалидің әңгімесін одан әрі жалғастырайық.

\*\*\*

— Сонынан ж. Нестеренко Ново-Узен отрядын 45 адамды бастап келді, бізге ағайынды Сәбитовтар: Салық, Бұқай, Фатых дегендер қосылды. Тобымыз саны 25 адам болды. Содан наурыз айының бесіне қараған түнде шабул бастап, таң ата Талковқаға ие болдық. Сол күні ж. Нестеренко халықты жинап жиналыс ашты. Біз Панченко екеуіміз баяғыша қайта сайландық. Осылайша Таловка үш рет қолдан-қолға көшті. Талай жанның мойындары қылышқа қырқылды, жүректері қанға бөктірілді. Сонынан 1 қазан 1918 ж. Лысаков отряды (800 адам) Ново-Узен уезінен Таловқаға қайта бет алды. Мен оларды “Ақбұлақ” деген жерде қарсы алып Таловқаға бастап келдім. Сол күні үлкен жиналыста мені Таловка ауданының төрағасы етіп сайлады. Ағайынды Сәбитовтер Лысаков тобына қайта қосылды”.

Бұдан кейін біз Ерғалидың көрсетуінен төмендегі жайларды аңғарамыз. Сол жылы желтоқсан айында оны Орда губерниялық әскери комиссариаты шақырып сонда барады. “Орныма орынбасарым Тимофей Қанабаевты тағайындадым (ол қазір де Таловқада тұрады). Онда әскери комиссарлар Мұхамедияр Тұнғашин мен Владимир Лукашов маған өз ауданымызда ақтармен күресу үшін жас қазақ жігіттерінен әскери атты полк құруды жүктеді. Таловқаға оралып бір айдың ішінде (18 қаңтар 1919 ж) 313 адамды Ордаға бастап барып әскери қабылдау комиссиясына табыстадым. 308 адам қабылданды. Сол жерде жігіттерді ат үстінде, ал мені жаяу солардың жанында суретке түсірді. Содан үш ай Ордада дайындықтан өтіп мамыр айында 400 атты әскермен Таловқаға келдік...”

Олар осы аймақта қыркүйек айының ортасына шейін болған. Сырқатына байланысты Ерғали үш айда демалысқа шығып, оны ж Хвалдин алмастырды. Қараша айында Орда уездік әскери комиссариаттың



ұсынысымен Саратов губерниясы Ново-Узен уезінде қайта ұйымдастырылған IV Армияның кавалерия полкіне керекті аттарды дайындаушы-агенті етіп тағайындайды. Ол науқан 1920 ж сәуір айында аяқталған соң үйге оралып мамыр-шілде айларында Таловкаға аудандық милиция бастығы болып істейді. Кейін өз үйінің шаруасымен айналысады... (Сонда)

Енді Аманғали туралы.

Аманғалидің өмірбаянын зерттеп жүрген бізге өзі де сол өлкеде туып-өскен, Аманғали хикаясы туралы талай әңгімелерді өзі де естіген Хамит Ерғали ағамыз былай деген еді:

— “Саф алтындай саз бен сөздің майталманы Аманғали қалайша банды атанды? Немесе Аманғалиды ашындырған қандай трагедия?.. Соны ғана сөз етейін.

Аманғалидың Нағымжан деген ұлы болған. Осы Нағымжанға сәби күнінде атастырған қыздың әкесі Қайыр Қарымбаев әрі бата бұзып, әрі алған қалыңмалды қайтармаған. Ардан жаратылған Аманғали Қайыр ауылын шапқан.

Судья Жұмағали Жанғожин серіні соттамасқа шарасыз. Ауыл төрағасы Отарғали да осылай шешкен. Ақсақалдар бітістіре салатын заман емес. Өз аулынан үкім арқалап сытылып келген Аманғалиды көріп отырып, ұстап бермесе адайдың правителі Тобанияз да өз басына пәле тілеп алады.

Ал, Орал түрмесінен қашып шыққан Аманғали жан сақтау үшін енді жалғыз жүрмей, жасақтанып бой тасалады. Бірақ іс насырға шапты. Елдің бетке ұстар беделін бір-біріне айдап салып құрту үшін ГПУ-ға керегі де осы еді. Ол Аманғалидың соңына атты әскер салды, елдегі туыстарын түгелдей қуғынға ұшыратты, бір орайда орыс әскері Аманғали тобынан Нағымды қолға түсірді. Қаскөйлік онымен тынған жоқ. Жұмағалидың інісі мен баласын Аманғали өлтірді деп келдік. Бұдан кейін ол банды атанбағанда қайтеді? Бірақ кейін аузы ашыла бастаған елден естігенім: әлгілерді Аманғали



тобына кірген чекистер жансызы өлтірген. Осы расқа келеді. Бәсе, бәсе өйткені: “Үйіне Отарғали екі барып, Хайуанды өлтіруге қия алмадым”, — деп кісі қанын төгуге қолы бармайтынын ол өзінің өлеңінде де айтады. Қас дұшпаныңа соншалық қимастық жасаған адам бейкүнә балалар обалын арқаламайды... Сол жансыздың бірі соңынан Аманғалидың жансерігі, әйелі Мұхсинаны ұстап береді...

Ел іші Аманғалиды қанша жасырса да үш жылдан артық сақтай алған жоқ. Оған қоса талай боздақ қыршыннан қиылды. Ал соның артынша Аманғалиға қарсы жұмсалған Жұмағалиды да, Отарғалиды да, Тобаниязды да сол ГПУ, сол НКВД өз қолынан о дүниеге аттандырды.

Бұл трагедия құрбандарының, яғни бейкүнә төгілген қанның өтеуі — Аманғалидың осынау саздары мен сөздері. Оны халық жетпіс жылдай жең ішінде сақтады... Иә, бұл аяулы азаматтың аса қымбатқа түскен асыл аманаты еді-ау...”

Хаманның осынау сипаттамасын, парасатты ой-пайымдауларын қалай жоққа шығарсын?!

Ал Аманғалидың өзі осыны қалай түсіндіреді, оның көз қарасы, пікірі қалай? Шынында да осы шатақ қалай басталды, оған Аманғалидың өзі не дейді. Жалпы Аманғалиді білетін замандастары, кейінгі ұрпақ оның бір беткейлігін, өтірік айтпайтынын, бір сөзділігін, қара күштің керемет иесі екендігін шынайы әңгіме етеді. Осы тұрғыдан қарағанда Аманғали өзі қарсыласқан үш адамы — құдасы Қайыр Қарымбаев, сот Жұмағали Жанғозин, руласы Отарғали Мұқышев туралы 1926 жылы желтоқсан айында Гурьев уездік милиция бастығы Куляшовқа жауабы ретінде жазған хатында шындықты ашық айтады. Архивтік істе Аманғалидың екі хаты сақталған. Енді сол хатының бірінен үзінді келтірейік. “Бұдан еретеректе, яғни патша заманында мен өзімнің үлкен ұлыма, сәби кезінде, Қайыр Қарымбаевтің кішкентай қызын айттырып, бесік құда



болғанбыз. Ата салтымен сұраған қалың малын беріп, баталасқанбыз. Сонымен біз құдалар боп біраз уақыт тату-тәтті өмір сүрдік. Соңғы кездері мен біраз кедейленіп қалдым және сөйтіп жүргенде Кеңес өкіметі кеп орнады. Сондықтан сәтті күндердің бірінде мен өзімнің құдам Қарымбаевқа қызын, яғни менің келінімді өз қолыма түсірейін деп өтініш жасадым. Бірақ құдам Қарымбаев бұған қарсы болды, менің сөзім оған ұнамады. Сонда айтқаны: Кеңес өкіметі кәмілетті жасқа жетпеген қызды ұзатуға рұқсат етпейді деп, жалтарғаны. Бұны естіген соң мен мәселені турасынан қойдым. Олай болса, бірінші тойға деп алған қалыңмалды қайтар дедім. Бірақ ол ұсынысыма да көнбеді, айтқанымның бірін де орындамады. Бұнысы менің намысыма тигені соншалық, мен өз кезегімде, ақ-адал малым тек босқа кете ме деп, мені еш нәрсемен ризаламаған Қарымбаевтың бұл әрекетіне өкпеледім. Содан есемді алмақ боп, оның малын барымталадым. Бұдан кейін Қайыр өзі бастап он төрт адам келіп, оның жетеуі қаруланған, менің он екі бас ірі қара малымды айдап өкетті. Сосын мен қайта барымталап, оның тоғыз жылқысын алдым.

Міне, содан кейін Қайыр Теңіз уезіне арызданып, қасына әгірет (қосын) ертіп барымташы ретінде ұстамақ боп, ауылыма келді. Мен олардың қолдарына түспеу үшін қарумен қарсы тұрдым. Екі жақты атыс болды. Бірақ мені ұстай алмады, сөйтіп қайтып кетті.

Екіншіден сол бір жылдары біздің екі-үш болысқа сот болып Жұмағали Жанғожин істеді. Жоғарыдағы айтылған қақтығыстан кейін мен Жұмағалиға барып жағдайымды айттым. Қайыр екеуміздің арадағы келеңсіздікті қарап, реттеуін өтіндім, мені дұрыс түсініп қолдауын сұрадым. Жанғожиннің сонда маған айтқаны — ол сот ретінде бұның бәрін жөндей алады және пара ретінде бір ат беруімді сұрады. Мен оның бұл пікірімен келісіп, сұраған атты беретін болдым. Бұған қоса, ол маған қолындағы қаруынды алда-жалда тастама деп





уағыздады. Себебі деді ол, менен басқа еш бір жан қаруынды алмайды, ал қаруың бар саған тұрғындар керегінің бәрін береді, сондықтан сен алғандарыңнан маған да беріп тұр дегені.

Арада біраз уақыт өткен соң сот Жұмағали Жанғожин бұрынғы Шолан, Бает облыстарының ел азаматтарын, ақсақалдарын жинап аталмыш болыстардың шекаралығы “Байжаншағыл” деген жерде солардың көзінше өз үкімін шығарды. Үкім бойынша мені Қарымбаевпен татуластырды, барымталаған малдарын қайтарғызды, сүйтіп істі бітіргендей болды. Үкімде көрсетілгендей, сол шешімнің бір данасын және өзімді Теңіз уездік бастықтарға ертіп барып табыстырмақ болды. Бірақ Жұмағали Жанғожин сот үкімінде өзі көрсеткендерді істемеді. Маған түсініксіздігі сол, ол артынан “уезд орталығына үкімнің бір данасын өзім апарып, сенің ісіңе байланысты шаруаны өзім жайғастырамын” деді. Осы уәдемен мені қалдырып, о жақтан іс тындырып келген соң, атты алатын боп уезге бір өзі кетті. Мен құралақан қала бердім.

О жақтан қайтып келген соң, ол маған атты сұрата бір адамды жіберіпті. Мен атты оған бермедім, бірақ шарт қойдым, сосын атты он күннен кейін берем дедім. Бұдан соң Теңізден бір уәкіл келіп Жанғожиннен біздің ісімізді уезге алып кеткен. Сондықтан мен атты Жұмағалиға бермей қалдым.

Осының салдарынан Жанғожин әлі өкпелеп, әрі Қарымбаевты азғырып, маған қарсы қойып, енді екеулеп неше түрлі әрекеттер жасады.

Мен бірде Жұмағали Жанғожинді қолға түсіріп, мені алдап, ал өзі Қайыр Қарымбаевтың жағына шыққан үшін, оны сабап та алдым.

1924 жылы олар тағы бірлесіп, өтіретпен кеп ауылымды шапты, бар малымды сыпырып айдап әкетті. Оған қоса әйелімді де ертіп кетті. Ал Қайыр Қарымбаев қызын-баяғы менің келінімді, маған қарсы өтіретпен шыққан, милиция бастығы Көпжановқа қалың малға әйелдікке беріп жіберген.



1925 жылы мен өз болысымның азаматтарына өтініш жасадым. Мына жүрісім мені де әбден қажытты, сондықтан бар қаруымды тапсырып, үкімет орындарына берілемін дедім. Сондықтан мен ВИК-ке бар қаруымды тапсырдым, тек өзімде бір винтовканы қалдырып, Оралға барып үкімет орындарына өз әрекетім туралы айтып, кінәм болса мойныма алайын дедім.

Жол-жөнекей қонған жерде Қарымбаев, Мұқышев және басқалар мені ұстап үкімет орындарына өздері тапсырмақшы боп әрекет жасады. Сөйтсе олар осының алдында мені бандитизімге қатысы бар деп, неше түрлі құжаттар даярлап, Теңіз уезіне хабарлап, одан 8-9 адамы бар әгірет шақыртып, мені қарусыз, Оралға бара жатыр деп, ұстамақшы болды. Мен бір винтовкамен қарсы тұрдым, берілмедім. Себебі менің қарсыластарым — Қарымбаев, Мұқышев, Жанғожин қолдарына осылай түсуім намысыма тиді, жаныма батты. Олар үкімет алдында бар пәлені менің басыма үйіп төгетін еді.

Мен олардан құтылып шығып, жолда Отарғали Мұқышев ауылына барып, оның әйелін ертіп өкеттім, ал қарсыластарым Жанғожин мен Қарымбаев кездеспеді. Содан Адай уезіне бардым, бірақ мені капияда ұстап, өткен қыста Орал губерниялық еңбекпен түзеу үйінде қамауда болдым.

Сонымен айтарым, менің өкіметке ешқандай қарсылығым жоқ, бар іс-әрекетім Қарымбаев, Мұқышев, Жанғожин дегендерге қарсы наразылықтан туындады, сүйтіп ақырында олар мені банды атандырды.

Тек осыған қосарым, егер өкімет адамдары менің қарсыластарымды қарусыздандырып, оларды тұтқынға алса, мен өз аяғыммен сіздерге барып, істеген әрекеттерімді мойындап, өкімет алдында жауап беруге дайынмын.

*Аманғали Кенжахметов*  
(Іс 67118/192, 4-т, 1376-1378-66.)



Ерғали:

1922 жылы маусым айында Орда қаласынан екі адам келіп (аты-жөндерін білмеймін) мені тұтқындаған боп алып кетті. Ордаға барғанмен милиция бастығы еш нәрсе сұрамастан сол күні босатты. Ол керісінше Таловка ауданы бойынша мал ұрлаушылармен күресу үшін аудандық милиция жанындағы арнайы бөлімге жұмыс істеу үшін қолыма тиісті документ берді. Мен қайта оралып милиция бастығының тапсырмасын орындауға кірістім. Сол 1922 жылы маусым айында Боқай Сәбитов те тұтқындалған болатын, бірақ ол жол-жөнекей қашып кетті. Желтоқсан айында мені жұмыста Бөкей уездік ГПУ қызметкері кеп тұтқындап мені Жанақалаға жеткізді. Онда он жеті күндей болған соң, ешбір сұрақ-жауап алмастан мені тағы босатты. Мені жалған көрсетумен ұстаған болды. Олар бұрынғы ақтардың құйыршықтары — Қанзада Жаленов, Қабдеш Бұлқанов дегендер. Олар қазір сол Бостандық аулында тұрып жатыр. Менің 1918-22 ж ревалюцияға қатысқан істерім үшін өздерінше өш алмақшы болғандар.

1924 ж мамыр айында Ново-Узен милициясы менің кіші ұлым Ахметті сол ауданның “Дергач” деген жерінде (Саратов губерниясы) 18 бас жылқы ұрлады деген желеумен оны тұтқындаған. Жылқы ұрлағанды маған милиция бастығы Хафиз Абетов пен Ефим Панченко айтқан болатын. Олар сол малды іздеп табуды өтінгенді. Іздедік те, бірақ мал таптырмады. Бұдан кейін мен өз шаруаммен Жанақала жаққа кеткем, келсем балам Ахметті қамап қойыпты. Е.Панченко бәйбішемнен 50 сом алып Ново-Узенге кетіпті, мақсаты Ахметті біржола бостып алу. Ол үш күннен кейін кеп, енді 200 сом берсең Ахметті біржола босатып алам дейді, әйтпесе олар сені және ұлың Жұмабайды қоса тұтқындайды дегені. Ал менің естігенім, ол әлгі малдың иесінен “жылқыңды тауып берем” деп біраз бидай алыпты, енді келіп менен тағы ақша алып, мені кінәлі етпекші. Мен ақша бере алмадым, өйткені сонша қаражатты ешқашан таба алар



емеспін. Ал әйелім алдында бір сиырды сатып 50 сом ақша берген, ол кезде шаруамда екі сиыр, бір ат қана болатын. Әбиер болғанда Жұмабай екеумізді ешкім тұтқындамады, ал ұлым Ахмет үш ай отырып, екі адамның кепілдігімен үйге оралды. Қуанышқа ауылдастарымды шақырып, қой сойып, садақа бердік.

\* \* \*

### Ерғали:

Келер күні түнде Таловкадан милиция өтіреті кеп (кімдер екенін білмеймін) үйді қоршап есікті ашуды талап етті. Үйде екі ұлым және Ғұсман Бияқаев деген қонақ бар еді, мен келгендерге: — “Егер өкімет адамдары болсаңдар, ертең күндіз келіңдер. Ал түнде келгендерге есік ашылмайды!” — дедім. Олардан ешқандай жауап болмады, бірақ үйімізге өрт жіберді. Өздері елу қадам жер кейін тұрып үйімізді қоршады. Тек Таловка жағы ашық болды. Әйелдеріміз бен Ахмет жалаң аяқ, терезеден қашып шықты. Біз Жұмабай, Ғұсман үшеуміз атпен ашық жақтан қашып, өрттен өрең құтылдык.

Қыркүйек-қараша айлары (1924 ж) біз жасырынып жүруге мәжбүр болдық. Ал қараша айында Орынборға, КазЦИК-ке барып, кінәміз болса мойындап, өтініш айтуға бел байладым. Біз 6 қараша 1924 жылы Орал губерниясының Жымпиты ауданын бетке алып жолға шықтық. Екі күннен кейін қатты боран болып ұлым Ахмет және үш адам кері қайтты. Боран ілгері жүруге мүмкіндік бермеді. Сосын Жұмабай екеуміз әйелдерімізбен біреудің үйінде қалдық. Мақсатымыз боран ашылған соң қалайда Орынборға жету. Біз сол үйде 15-20 күндей болдық. Сол кезде Орал ГО ОГПУ Жымпиты уезінің өкілі Титов Жұмабай екеумізді тұтқындап, Оралға (5 ақпан 1925 ж) жөнелтті. Әйелдеріміз сол үйде қалды. Тек бір жылдан кейін (5 ақпан 1926 ж) бізді Орал губсотының аға тергеушісі ж. Тасымов жерлестеріміз Сары Даулетьяров, Жүнісбек Сарқойшинов, Дәулет Бекбатыровтардың кепілдіктері-



мен Орал түрмесінен босатып үйімізге жіберді. Содан мен үйде боп өз шаруаммен айналыстым. Осы кезде бізге баяғы Боқай Сәбитов өз адамдарымен келген-ді. Мақсаты менімен достасу. Себебі революция кезінде Е.Паченко өтірәтінде жүргенде мен онымен ренжісіп қалғанмын. Олар сол кезде қарапайым адамдардың мал-мүлкін талан-таражға салған. Сондықтан мен оларға қарсы болдым, Москва ОК-ке арыз жібердім. Сосын Бөкей губисполкомның тапсырмасымен ресми түрде Москваға барып екеуінің қарекеттерін баяндағам. Енді сол Б.Сәбитов менімен достасуға келген... Бірақ Б.Сәбитов өз тобымен 1926 ж наурыз айында тұтқындалды...” (Сонда)

#### Ерғали:

— “Қыркүйек айында Сломыхин базарында мен ескі танысым Мұхамбетқали Қашқынбаевты кездестіріп:

— Егер мүмкін болса маған Атырау өңірінен Аманғали Кенжахметовты қонаққа шақырып алып келсең, мен қару-жарақ оқ-дәрі де табамын” — дедім. Ол келісті. Бірақ менің негізгі мақсатым бұрыннан өкімет адамдарымен келісім бойынша Аманғалиды ұстап беру керек еді. Сүйтіп М.Қашқынбаев 13 қараша 1926 жылы таңертеңгілік маған Аманғалидың төрт адамын — Мұхамбетберлі Орынбаевты, әйелі Балқан мен екі адамды, қару-жарақтары мен жиырмадай бас жылқы айдап әкелді. Аманғали өзі келмей қалған. Мен М.Орынбаевты адамдарымен бірден тұтқындап, бар қару-жарақты, малды милицияға табыстадым. Мені осы кезден бастап 1927 жылы наурыз айына шейін мал ұрлаушылар тобын ұстауға жұмсады. Сол кезде Оралдан баяғы тергеуші ж.Тасымов кеп балам екеумізді Таловка милиция бастығы Хафиз Ыдырысовқа тапсырды. Камераға кірсек, Боқай Сәбитов және Аманша Қиясов деген отыр екен. Алдарында шарап, бізді шақырды. Сүйтсе шарап Х.Ыдырысовтың рұқсатымен әкелінген. Сол күні түс ауа тоғыз адамды түйеге жеккен шанамен



Алғай стансасына алып жүрді. Үш конвой-милиционер Тайшым, сот орындаушысы Зұлхарнайын Бисалиев және кезекші Ионов. Екеуі аттылы, бірі шанада. Адамдардың көбі мас, шанада шараптың тағы 5-6 бөтелкесі бар. Таловка тұрғыны Т. Дәулетханов пен ауылдасым Б. Мұхаметъяров ат жеккен шанамен бірге жүрді. Жол-жөнекей менің бір танысым Құспан Сабыров қарсы жолықты. Біз тоқтап аз-мүз әңгімелестік. Конвой қарсы болған жоқ, олар да ішіп алғандар еді. Сол сәтте: — “Таста қаруыңды!” — деген дауыс шықты да мылтық атылды. Сүйтсе әлгі Дәулетхановтың қолында винтовка, атқан сол екен. Конвойдағылар винтовкаларын лақтырып тастады, ал милиционер Тайшым тұра қашты. Мен атқа міне сап артынан құдым, қолымда қару бар ма, қазір есімде жоқ. Оны қайтарып әкелгенде ол маған нағанын тапсырды. Тағы екі винтовка, бір қылыш қолға түсті. Сосын біз екі топқа бөлініп ауыл-ауылымызға қайттық. Содан кейін тобымда алты адам Жанақала ауданынан жылқы алуға бардық. Осындай жүрістің бірінде, маусым айының екісінде бізге Аманғали мен Мұхсина келіп қосылды...” (Сонда)

Біз енді Мұхсина туралы аз-мүз мағлұмат берелік. Аманғалидің үлкен қызы Рахила әжейден естігеніміз: “Көкем Мұхсина шешемізге Орал түрмесінен қашып келген 1926 жылы жазда үйленді. Мұхсина Нарын құмының “Айбас” деген жерін қоныстанған Айбас-Жайық Беріштен тарайтын Әлімтай деген кісінің қызы. Естуімізше Мұхсина үйінде отырыңқырап қалған қыз екен”. “Отырған қыз орнын табады” демекші, байғұстың қайғы-қасіретте жүрген әкемізді ұнатып, соған тап болғанын қараңызшы. Мұхсина бұрын нағашы жұрт болып келетін бір жігітке айттырып қойған екен, оған өзі көнбеген деседі. Бір жеңгесінен көкеміз келгенде хат беріп, оның оңаша келіп кетуін өтініп, өзінің тұрмысқа шықпақ ойы барын білдіріпті.

— Мұхсина шешеміз біздің үйге келін болып түскенде мен өзім де бойжеткен қызбын. Әлі бәрі де көз алдымда,



бәрі де есімде. Ауылымыз Халидолла ақын-хазірет атамыздың “Шошоқ үйі” деген (бұл балалар оқитын үй) жерден он шақырымдай аралықта жеті-сегіз үй жаз жайлауда отырмыз. Бір күні әкеміз үйге кіріп келіп: “Ал, Мұхсина шешелеріңізді алып келдім, қарсы алуға шығындар!” — дегені. Бәріміз үйден жүгіре-жүгіре шықтық. Ауыл жанындағы Көкаласағыл етегінде қасында екі-үш жігіт бар, олар аттарынан түсіп күтіп тұр екен. Біз алдарынан шықтық. Мұхсинаның үстінде алтын өркештеп зер салған қызыл мақпал мол бешпеті бар. Көк жібек кең етекті көйлектің астыңғы жиегінен көкшіл етігінің басы анда-санда бір көрінеді. Басында сауырлы күрен шашақты шарқаты бар. Шарқаттың маңдайына төрт елі қатырма етіп қатты қағаз қаптаған, ал, мойнына жан-жағы құлаштай қызыл орамал бос орай салған. Бет жүзіне дәлдеп қарауға дәтім бармады. Өткір көздері өзіне тіктеп қараған адамды шыдатпай тайдыра береді. Тек байқап үлгергенім шешеміз өте ажарлы адам екен. Өзімде бойжеткен болған соң оның киіміне зер сала қарадым. Қызыл мақпал бешпетінің сыртынан салған қапсырма белбеу бар мүсінінің сәнін келтіріп, кең иығы мен омырауын айқындап тұрды. Оған қоса жуандығы ірі кісінің білегіндей қос бұрымы саурыны түсіп, шолпысы сынғыр-сынғыр етеді. Бәріміздің бетімізден сүйгеніне риза болдық. Шешемізді ертіп үйге әкелдік, той жасадық.

Тойдан кейін көп болған жоқ, екі-үш күннен соң, қасында үш-төрт адам бар әкеміз Мұхсинаны ертіп ауылдан кетіп қалды. Осы кеткенде шешеміз өз киімімен кеткен болатын, ал келесі бір келгенде шашын түйіп, басында алшы бөрік бар, ер адамша киініп алыпты. Көк жорғамен ағызып келгенде қайсысы әкем, қайсысы Мұхсина екенін танымай да қалдық. Мұхсина әкеміздің салтанатын асырып жіберіпті. Осындай сәнімен бұл шешеміз өзімізге қатты ұнап қалды,” — деген-ді.

Ал, бұдан бұрын қыс бойы Орал түрмесінде отырған



Аманғалидың қасына 1926 жылы 9 сәуір күні Мұхамбетберлі Орынбаев дегенді әкеп отырғызған. Тура бір айдан соң, яғни 9 мамырда Аманғалилар М.Орынбаевтың басқаруымен үш адам боп түрмеден қашып, казак-орыстардың үш атын ұрлап мініп, еш адамды өлімге шығындырмай-ақ, жол-жөнекей қаруланып, жауласқан адамдардан кек қайтаруға Тумадағы ауылына келеді. Ертесінде бірден Қайыр аулына аттанады. Сол кезде үйден ілесе шыққан анасы Тағыжан: “Қарағым, Аман, сен қаһарыңнан қайт! Аналық ақ сүтімді кешіп, өтінемін: аман-есен оралдың ғой, енді тыныш жүрші!”— депті. Бірақ бірбеткей Аманғали алған бағытынан қайтпаған. Қасындағы екеуде бұған ләм-мим тоқтау айтпаған. Қайырға барғанмен ол ауылында болмай шығады, сосын келесі бір ала таңда Жұмағали Жанғожинге аттанады. Ол да жоқ болды. Олар Аманғалидің ауылға келгенінен хабардар еді, сондықтан бой тасалады. Іздеп келген адамдарын кездестірмеген соң Аманғали енді ызаға бой алдырады. Жұмағали ауылындағы сол қарбаласта оның туысы Қанатқали қапияда оққа ұшады. Оны атқан М.Орынбаев болатын. Бұл оқиғаны Т.Тнәлиев деректі повесінде шынайы жазды. Осыдан кейін Аманғалилар Отарғали Мұқышевтың ауылына бет алды. Бірақ онын да орнын сипап қалады, өйткені Отарғали көшіп кеткен. Оны біраз күн іздеп, ақыры 24 мамыр күні түнде Отарғали ауылында екі жақты атыс боп, Аманғалидың жанындағы Сүмбет Қалиев деген басынан жаралы болады, 4-5 бас мал оққа ұшады.

#### Ерғали:

— “Маусым айының аяғында Аманғали бізді Қамыс-Самар және Сарытөбе болысына баруды өтінді. Біз 17 адам боп аттандық. Өз басым ұрлық жасағам жоқ. Алғандары — отызға тарта жылқы, ақшалай 180 сом бар. Жылқыны иелеріне қайтаратын боп алыпты, ал ақшаны адамдар темекі алуға өздері берген. Қайтарда





біз тағы екі топқа бөліндік. Себебі мен адамдардың былай ұрлық жасауларына қарсы болдым. Кешікпей Аманғали бізден бөлініп кетті... Арада екі күн өткен соң “Өзен” төңірегінде біз райком ВКП(б) тобына кездесіп қалдық. Олар бізге оқ атты, ал біз атпадық. Осы жолы Жұмабай ұлым қолынан жарақаттанды. Бұдан кейін ол бізден бір жола қалды. Артынан ұлым Ахмет те солай болды. Өкіметке берілем деді, мен қарсы болмадым. Ал өзім ССРО-ның он жылдығы қарсаңында берілмекші болдым...

Бұдан ертеректе, 2 маусым 1927 жылы Орал ОГПУ өкілі Шалимов маған Қамыс-Самар ауданының адамы (ауылын білмеймін) Ғылымды ( фамилиясын белмеймін) жіберіпті. Онымен таныстығым да, байланысым да жоқ. Қолында орысша жазылған қолхаты бар, онда Аманғалиды ұстап бер депті. Мен оған еш нәрсе айтпадым. Себебі Шалимовтың жіберген адамын танымаймын, екіншіден мен орысша оқи алмадым. Бірақ Ғылымға: — “Екі күн күтем, Шалимов маған Таловка ауданының адамын жіберсін!” — дедім. Бұдан кейін олардан ешқандай жауап болмады...

1928 жылдың 11 қаңтарында таңертең Ғұсман Бияқаев екеуіміз Бостандық ауылында Бағыстың (фамилиясын білмеймін) үйінде болғанымзда аудан милиция бастығы Әліпқали Мұқышев тобымен келді. Атыс болды. Сосын Әліпқали маған бір баладан қолхат беріп жіберіпті. “Өз еркіңмен беріл, жаныңды сақтаймыз” депті. Мен Әліпқалидың өзін қарусыз келіссөзге келуін шақырдым. Ол келді, екеуара біраз сөйлестік. Жеті күннен кейін өзім келем. Антым осы. Қазір тобыңды әкет!” дедім. Жеті күннен кейін екеуіміз келіп берілдік... 1924-1927 жылдар арасында топ құрып жүргенімді мойындаймын, оған шала сауатым себепші. Халықты жәбірлегем жоқ...” (Бұл да сонда).

Не керек, Ерғали Аязбайұлынан тоғыз күн жауап алған. Бұған кейін Ерғали сот үкімін күтіп Орал түрмесінде бір жылға тарта қамауда отырады. Бұлардың ісін тек 1929 жылдың 19 қаңтарында сот коллегиясының



Үштігі қарап, Е.Аязбайұлын екі баласымен (Жұмабай, Ахмет) он екі адамды ату жазасын бұйырды. Үкімді 7 ақпанда орындап та жіберді. Архивтік істе Үштіктің үкімі мен өлім акті сақталған.

Осы үкім бойынша Аманғалидің екі інісі Сүндетқали мен Үмбетқали, әйелі Мұхсина Әлімтайқызы — 5 жылға, құдасы Әбдірахман Жүсіпов — 3 жылға сотталып СЛОҢ-ға (Мурманскіге) жіберіледі. Нағашысы Сейбаттал Есениязов, Бисен Жұмағалиев, Иәуда Бишеков дегендерді әр қайсысын бес жылға соттап Сібірге айдалады.

Е.Аязбайұлы туралы біздің қосымша хабарлайтынымыз: 1920-1922 жылдары бірінде қазақтың 1000 әнін жариялаған әйгілі музыка зерттеушісі Александр Затаевич Ерғалимен кездесіп, ол әкесі Аязбайдың бірер ән-күйін орындап берген. Затаевич оның нотасын қағазға түсіріп алған, сүйтіп зерттеуші өз кітабында оны хабарлаған Ерғали Аязбаев деп көрсетеді. Бұған қоса сол кітапта Ерғалидің өзінің де екі әнінің, Аманғалидың да қос әнінің ноталары бар.

Жазушы Хамза Есенжанов “Ақ Жайық” романын жазған кезде Е. Аязбайұлының архивте ісі барын білмеген тәрізді. Әйтпесе, сол кітабының бірін осы Ерғалиға арнаған болар ма еді, қайтер еді... Десек те, Х. Есенжановтың осы романы кітап боп шыққанда ақын інісі Қуандық Шаңғытбаев достық әзіл жазып:

*О, Хамзеке !Бірінші кітабыңыз “Ақ Жайық”,  
Екінші кітабыңыз да “Ақ Жайық”.*

*Тіпті үшіншіңіз де “Ақ Жайық”,  
Жайыққа Жайық қосылып,*

*Суға кетіп қалмайық! — дегенде, мінезі ыссы  
Хамзекең жәй ғана жымыпты да қойыпты...*

Осыған қосарымыз Е. Аязбайұлының елінде айтатын “Руым Алаша” деп басталатын ұзақ өлең-жыры бар көрінеді, баспасөзге шыққан деседі. Өкінішке орай сол жыры әзірше қолымызда жоқ. Суреті де таптырмады.

Ләтифолла  
ҚАПАШЕВ



**Ләтифолла ҚАПАШЕВ**

**АҢСАУ**

*Повестер, эссе, мақалалар*

Редакторы Қалиолла ОРЫНҒАЛИ,  
Нұрымжан МАУЫТОВ  
Көркемдеуші редактор Саят АҚЫЛОВ

Кітап "Арыс" баспасының  
компьютер орталығында беттеліп,  
диапозитивке шығарылды

---

Теруге 25.09.2004 жіберілді. Басуға 20.11.2004 қол қойылды.  
Пішімі 84 x 108  $\frac{1}{32}$ . Қаріп түрі "Таймс Каз". Көлемі 9,0 баспа табақ.  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 1129

---

"А-Полиграфия" ЖШС  
Ақтобе қаласы

ЖШС «Жедел басу баспаханасы»,  
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.